

**SAMSUNG**

EK-GN120

# Пайдаланушы нұсқаулығы



# Осы нұсқаулық туралы

Бұл құрылғы Samsung компаниясының жоғары стандарттары мен технологиялық біліктілігін пайдаланып жоғары сапалы мобильді байланыс пен ойын-сауықты қамтамасыз етеді. Бұл пайдаланушы нұсқаулығы құрылғының функциялары мен мүмкіндіктері туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді береді.

- Қауіпсіз әрі дұрыс пайдалану үшін құрылғыны пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.
- Сипаттамалар құрылғының әдепкі параметрлеріне негізделген.
- Суреттер мен скриншоттардың сыртқы түрі нақты өнімнен ерекшеленуі мүмкін.
- Мазмұн соңғы өнімнен я болмаса қызмет көрсетушілер немесе байланыс операторлары қамтамасыз еткен бағдарламадан басқаша болуы мүмкін, әрі алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Нұсқаулықтың соңғы нұсқасын Samsung веб-сайтында қараңыз: [www.samsung.com](http://www.samsung.com).
- Орталық процессорды және ЖЖҚ көп пайдалануды қажет ететін мазмұн (жоғары сапалы мазмұн) құрылғының жалпы өнімділігіне әсер етеді. Құрылғының техникалық сипаттамаларына және пайдаланылатын ортаға байланысты мазмұнға қатысты қолданбалар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қол жетімді мүмкіндіктер мен қосымша қызметтер құрылғы, бағдарламалық жасақтама немесе қызмет көрсетуші бойынша ерекшеленуі мүмкін.
- Бағдарламалар мен олардың функциялары ел, аймақ немесе аппараттық жасақтама сипаттамалары бойынша ерекшеленуі мүмкін. Samsung компаниясынан басқа кез келген провайдерден алынған қолданбалар тудырған өнімділік мәселелеріне Samsung жауапты емес.
- Samsung өңделген тізбе параметрлері немесе өзгертілген операциялық жүйе бағдарламасы тудырған өнімділік мәселелеріне немесе үйлесімсіздіктерге жауапты емес. Операциялық жүйені реттеуге тырысу құрылғының немесе қолданбалардың қате жұмыс істеуін тудыруы мүмкін.
- Бұл құрылғымен бірге берілген бағдарламалық құрал, дыбыс көздері, тұсқағаздар, суреттер және басқа мультимедиа шектеулі пайдалану үшін лицензияланған. Бұл материалдарды шығарып алып, коммерциялық немесе басқа мақсаттарға пайдалану авторлық құқық туралы заңдарды бұзғандық болып саналады. Мультимедианы заңсыз пайдалануға толығымен пайдаланушылар жауапты.
- Хабар алмасу, кері жүктеу және жүктеу, авто синхрондау немесе орынды анықтау қызметтерін пайдалану сияқты деректер қызметтері үшін қосымша ақылар алынуы мүмкін. Қосымша ақыларды болдырмау үшін тиісті деректер тарифтік жоспарын таңдаңыз. Мәліметтерді алу үшін қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.

- Құрылғымен бірге келетін әдепкі қолданбалар жаңартылуы керек және алдын ала ескертусіз енді қолдау көрсетілмеуі мүмкін. Егер құрылғымен бірге берілген қолданба туралы сұрағыңыз болса, Samsung сервис орталығына хабарласыңыз. Пайдаланушы орнатқан қолданбалар үшін қызмет көрсетушілерге хабарласыңыз.
- Құрылғының амалдық жүйесін өзгерту немесе ресми емес көздерден бағдарламаларды орнату құрылғының ақаулықтарына және деректердің бүлінуіне немесе жоғалуына әкелуі мүмкін. Бұл әрекеттер Samsung лицензиялық келісімін бұзу болып табылады және кепілдікті жоюы мүмкін.

## Нұсқаулық белгішелер



**Ескерту:** өзіңіздің немесе басқалардың жарақат алуына әкелуі мүмкін жағдайлар



**Абайлаңыз:** құрылғыны немесе басқа жабдықты зақымдауы мүмкін жағдайлар



**Ескерту:** ескертулер, пайдалану туралы кеңестер немесе қосымша ақпарат

## Авторлық құқық

Copyright © 2013 Samsung Electronics

Бұл нұсқаулық халықаралық авторлық құқықтар туралы заңдармен қорғалған.

Samsung Electronics компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз, бұл нұсқаулықтың ешбір бөлігін кез келген түрде немесе кез келген әдіс, электрондық немесе механикалық, соның ішінде, фотокөшіру, жазу немесе кез келген ақпараттық қоймада және шығарып алу жүйесінде сақтау арқылы көшіруге, таратуға, аударуға немесе тасымалдауға болмайды.

## Сауда белгілері

- SAMSUNG және SAMSUNG логотипі — Samsung Electronics компаниясының тіркелген сауда белгілері.
- Android логотипі, Google™, Google Maps™, Google Mail™, YouTube™, Google Play™ Store және Google Talk™ — Google корпорациясының сауда белгілері.
- Adobe, Adobe логотипі, Photoshop және Lightroom — Adobe Systems корпорациясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері.
- Bluetooth® — Bluetooth SIG корпорациясының дүние жүзіндегі тіркелген сауда белгісі.
- HDMI, HDMI логотипі және «High Definition Multimedia Interface» термині — HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.
- Wi-Fi®, Wi-Fi Protected Setup™, Wi-Fi Direct™, Wi-Fi CERTIFIED™ және Wi-Fi логотипі — Wi-Fi Alliance ассоциациясының тіркелген сауда белгілері.
- Барлық басқа сауда белгілері және авторлық құқықтар сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.



# Мазмұны

## Жұмысты бастау

- 8 Құрылғының орналасуы
- 10 Түймелер
- 10 Диоптрийді реттеу дискісі
- 11 Басқару дискі
- 12 Объективтің орналасуы
- 13 Орама құрамы
- 15 SIM немесе USIM картасын және батареяны орнату
- 18 Батареяны зарядтау
- 20 Жад картасын салу
- 22 Бауды бекіту
- 23 Объективті бекіту және алу
- 25 Құрылғыны қосу және өшіру
- 26 Дыбыс деңгейін реттеу
- 26 Үнсіз режимге ауысу

## Негіздер

- 27 Индикаторлық белгішелер
- 28 Сенсорлық экранды пайдалану
- 30 Басқару қозғалыстары
- 32 Алақан қозғалыстары
- 33 Хабарландырулар
- 33 Жылдам параметрлер тақтасы

- 34 Бастапқы экран
- 36 Қолданбаларды пайдалану
- 37 Қолданбалар экраны
- 38 Анықтама
- 39 Мәтінді енгізу
- 41 Wi-Fi желісіне қосылу
- 42 Есептік жазбаларды орнату
- 43 Файлдарды тасымалдау
- 44 Құрылғыны қорғау
- 45 Құрылғыны жаңарту

## Камера: негізгі функциялар

- 47 Камераны іске қосу
- 49 Әрекет түрін таңдау
- 49 Суреттер түсіру
- 50 Бейнелерді түсіру
- 51 Фотосуреттерді және бейнелерді көру
- 51 Дауыстық пәрмендер көмегімен суреттер немесе бейнелер түсіру
- 51 Сүзгі әсерлерімен сурет немесе бейне түсіру
- 52 Түсіру опцияларын жылдам өзгерту
- 53 Камераның дірілдеуін азайту
- 53 Анығырақ фотосурет түсіруге арналған кеңестер

## Камера: түсіру режимдері

- 57 Авто
- 58 Тәжірибелі
- 63 Смарт
- 77 Менің режим
- 77 3D режимі

## Камера: түсіру опциялары және параметрлері

- 79 Түсіру опцияларын теңшеу
- 79 EV (жарықтық)
- 80 ISO (сезгіштік)
- 81 WB (жарық көзі)
- 83 Өлшеуіш
- 84 Драйв
- 85 Дисплей
- 86 Пайдал. режим. сақтау
- 86 Жарық
- 88 AF режимі
- 89 AF аумағы
- 90 AF өлшемі
- 90 Фотосурет көлемі
- 91 Сапа
- 91 Кескінді реттеу
- 92 Таймер
- 92 MF көмектесу
- 92 Фокус шыңы
- 93 AE опциясын AF нүктесімен байлам жасау
- 93 Жақтау режимі

- 93 OIS (тұрақты көрініс)
- 94 Жақша жиыны
- 94 ISO реттеуі
- 95 DMF
- 95 Шуылды азайту
- 95 Бұрмаланған түзету
- 95 Түрлі-түсті орын
- 96 Динамикалық ауқым
- 96 Қайта экспоз. нұсқауы
- 97 Бейне жазу опциялары
- 97 Бөлісу опциялары
- 98 Камера параметрлері

## Мультимедиа

- 100 Галерея
- 105 Бейне
- 106 Музыка
- 107 YouTube
- 109 Фотосурет ұсыну

## Байланыс

- 110 Контактілер
- 113 Хабарлама
- 115 Эл. пошта
- 117 Google Mail
- 118 Talk
- 118 Google+
- 119 Messenger
- 119 ChatON

## Веб және желі

- 120 Шолушы
- 121 Chrome
- 122 Bluetooth
- 123 Screen Mirroring
- 123 Group Play

## Қолданба және мультимедиа дүкендері

- 125 Play Store
- 126 Samsung Apps
- 126 Play Books
- 127 Play Movies
- 127 Play Music
- 127 Play Magazines

## Утилиталар

- 128 S Memo
- 130 S Planner
- 133 Dropbox
- 133 Cloud
- 134 Сағат
- 136 Калькулятор
- 136 S Translator
- 137 S Voice
- 138 Google
- 139 Voice Search
- 139 Менің файлдарым
- 140 Жазылған
- 140 TripAdvisor

## Саяхат және жергілікті

- 141 Maps
- 142 Local
- 143 Navigation

## Параметрлер

- 144 Параметрлер туралы
- 144 Қосылымдар
- 147 Құрылғым
- 155 Тіркелгі
- 155 Қосымша
- 159 Google Settings

## Қосымша қолданбалар



## Ақаулықтарды жою


## Құрылғыны тазалау

## Фотосурет түсіру ұғымдары

# Жұмысты бастау

## Құрылғының орналасуы





Жылдам ұяшыққа сыртқы жарқыл сияқты Samsung компаниясы рұқсат еткен, қосымша қосалқы құралдарды тіркеуге болады.







Сынған немесе бұзылған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Сынған әйнек немесе акрил талшық қолдарыңыз бен бетіңізді жарақаттауы мүмкін. Құрылғыны жөндету үшін Samsung қызмет көрсету орталығына алып барыңыз.



- Антеннаны қолдармен немесе басқа заттармен жаппаңыз, тек суреттерді немесе бейнелерді түсіріп жатқан кезді қоспағанда. Бұл байланыс мүмкіндігі мәселелерін тудыруы немесе батарея тауысуы мүмкін.
- Экран қорғағышын пайдаланбаңыз. Бұл сенсор ақаулықтарын тудырады.
- Сенсорлық экранға судың тиюіне жол бермеңіз. Сенсорлық экран ылғалды жерлерде немесе су тигенде дұрыс істемей қалуы мүмкін.



## Түймелер

Түйме	Функция
 <b>Қуат</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғыны қосу немесе өшіру үшін басып тұрыңыз.</li> <li>• Жөнделмес қателер немесе тұрып қалулар болса я болмаса қатып қалса, құрылғыны қалпына келтіру үшін 6-8 секунд бойы басып тұрыңыз.</li> <li>• Құрылғыны құлыптау немесе құлпын ашу үшін басыңыз. Сенсорлық экран өшкенде құрылғы құлыптау режиміне өтеді.</li> </ul>
 <b>Ысырма</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бастапқы экранда камераны қосу үшін басыңыз.</li> <li>• Фотокамера қолданбасында нысанды фокустау үшін ысырманы жартылай басыңыз. Нысан фокуста болғанда, фокус жақтауы жасыл түске боялады.</li> <li>• Камера қолданбасында фотосурет түсіру үшін басыңыз.</li> </ul>
 <b>Бейне жазу</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бастапқы экранда камераны қосу үшін басыңыз.</li> <li>• Камера қолданбасында бейне түсіруді бастау немесе тоқтату үшін басыңыз.</li> </ul>
 <b>Жарқыл шығару</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жарқылды шығару үшін басыңыз.</li> </ul>


## Диоптрийді реттеу дискісі

Егер сурет көріністапқыш арқылы анық көрсетілмесе, көріністі жақсарту үшін Диоптрийді реттеу дискісін бұраңыз.

## Басқару дискі


### Камера қолданбасын пайдаланғанда

- Камера қолданбасын жабу және бастапқы экранға оралу үшін басқару дискін басып тұрыңыз.
- Алдын ала қарау экранында түсіру режимдерін өзгерту үшін басқару дискісін бұрыңыз. Таңдауды растау үшін басқару дискісін басыңыз.




### Камера қолданбасын пайдаланбаған кезде

Құрылғының дыбыс деңгейін реттеу үшін я болмаса музыканы немесе бейнені ойнатқанда дыбыс деңгейін реттеу үшін басқару дискісін бұрыңыз.




## Объективтің орналасуы



- Қосымша объективті сатып алғанда үйлесімділікті Samsung сервис орталығында тексеріңіз.
- Қосымша мәліметтер алу үшін сәйкес объектив туралы нұсқауларды қараңыз.
- Бұл нұсқаулықта мысал ретінде SAMSUNG 18-55 mm F3.5-5.6 OIS III объективі пайдаланылады.


## Орама құрамы

Өнім қорабында мына заттар бар екенін тексеріңіз:




Құрылғы


(құрамында корпус қақпағы және жылдам ұяшық қақпағы бар)




Батарея




USB кабелі




USB адаптері



Иық бауы



Adobe Photoshop Lightroom  
DVD-ROM



Жылдам бастау нұсқаулығы /  
Нұсқау



- Суреттер нақты элементтерден өзгеше болуы мүмкін.
- Құрылғымен бірге берілген элементтер және кез келген қол жетімді қосалқы құралдар аймаққа немесе қызмет көрсетушіге байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.
- Берілген элементтер тек осы құрылғыға арналған және басқа құрылғылармен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Сыртқы түр мен техникалық сипаттамалар алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Қосымша қосалқы құралдарды жергілікті Samsung сатушысынан сатып алуға болады. Сатып алу алдында олардың құрылғымен үйлесімді екенін тексеріңіз.
- Басқа қосалқы құралдар құрылғыңызбен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Тек Samsung бекіткен қосалқы құралдарды пайдаланыңыз. Бекітілмеген қосалқы құралдарды пайдалану тудырған ақаулықтар кепілдік қызметімен қамтылмайды.
- Барлық қосалқы құралдардың қол жетімділігі толығымен өндіруші компанияларға байланысты өзгеруі мүмкін. Қол жетімді қосалқы құралдар туралы қосымша ақпаратты Samsung веб-сайтынан қараңыз.
- Кейбір теледидарлар әр түрлі HDMI техникалық сипаттарына байланысты құрылғымен үйлесімді болмауы мүмкін.


## SIM немесе USIM картасын және батареяны орнату

Мобильді телефон қызмет көрсетушісі қамтамасыз еткен SIM немесе USIM картасын және қамтылған батареяны салыңыз.




- Бұл құрылғыда тек microSIM карталары жұмыс істейді.
- Қызмет көрсеткішуге байланысты кейбір LTE қызметтері қол жетімді болмауы мүмкін. Қызметтің қол жетімділігі туралы мәліметтерді алу үшін қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.

1 Ысырманы сырғытыңыз және жарманы ашыңыз.



2 SIM немесе USIM картасын сары контактілерін жоғары қаратып салыңыз.




### 3 SIM немесе USIM картасын ұяға орнында шырт етіп орнатылғанша итеріңіз.




- Жад картасын SIM картасына арналған ұяға салмаңыз. Егер жад картасы SIM картасының ұясында тұрып қалса, жад картасын шығару үшін құрылғыны Samsung сервис орталығына апарыңыз.
- SIM немесе USIM картасын жоғалтып алмаңыз немесе басқалардың пайдалануына жол бермеңіз. Samsung жоғалған немесе ұрланған карталар тудырған қандай да зақымдарға немесе ыңғайсыздықтарға жауапты емес.

### 4 Батареяны салыңыз.




Батареяны салған кезде батареяның сары түсті контактілерін дұрыстап туралаңыз.

### 5 Жарманы қайта қойыңыз және ысырманы сырғытыңыз.




## SIM немесе USIM картасын алу

SIM немесе USIM картасын құрылғыдан ажырағанша итеріңіз, содан кейін шығарыңыз.



## Батареяны алып тастау

Батареяны босату үшін батарея құлпын сырғытып, содан кейін шығарыңыз.





## Батареяны зарядтау

Бірінші рет пайдалану алдында зарядтағышты пайдаланып батареяны зарядтаңыз. Сондай-ақ, құрылғыны зарядтау үшін USB кабелі арқылы жалғап, компьютерді пайдалануға болады.




Тек Samsung бекіткен зарядтағыштарды, батареяларды және кабельдерді пайдаланыңыз. Бекітілмеген зарядтағыштар немесе кабельдер батареяның жарылуына немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.



- Батарея заряды төмендеген кезде құрылғы ескерту дыбысын шығарады және батарея заряды төмен екені туралы хабарды көрсетеді.
- Егер батарея заряды толығымен таусылса, зарядтағышты жалғағаннан кейін құрылғыны бірден қосуға болмайды. Құрылғыны қосудан бұрын таусылған батареяның бірнеше минут зарядталуына мүмкіндік беріңіз.

## Зарядтағышпен зарядтау

USB кабелін USB қуат адаптеріне жалғаңыз, содан кейін USB кабелінің соңын көп мақсатты ұяшыққа жалғаңыз.



Зарядтағышты дұрыс жалғамау құрылғыны қатты зақымдауы мүмкін. Дұрыс пайдаланбау тудырған ешбір зақымды кепілдік қамтымайды.



- Құрылғыны зарядталып жатқанда пайдалануға болады, бірақ батареяны толық зарядтауға ұзағырақ уақыт кетуі мүмкін.
- Зарядтау барысында құрылғы тұрақты емес ток қабылдаса, сенсорлық экран жұмыс істемеуі мүмкін. Солай болса, зарядтағышты құрылғыдан ажыратыңыз.
- Зарядтау кезінде, құрылғы қызып кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және құрылғыңыздың қызмет мерзіміне немесе өнімділігіне әсер етпеуі тиіс. Егер батарея әдеттегіден көбірек қызса, зарядтағыш зарядтауды тоқтатуы мүмкін.
- Құрылғыңыз дұрыс зарядталмай жатса, құрылғы мен зарядтағышты Samsung сервис орталығына апарыңыз.

Толығымен зарядтағаннан кейін құрылғыны зарядтағыштан ажыратыңыз. Алдымен зарядтағышты құрылғыдан ажыратыңыз, содан кейін электр розетка ұясынан ажыратыңыз.



Зарядтағышты алмай тұрып батареяны алмаңыз. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.



Қуатты үнемдеу үшін пайдаланылмаған кезде зарядтағышты желіден ажыратыңыз. Зарядтағыштың қуат қосқышы жоқ, сондықтан қуатты ысыраптауды болдырмау үшін пайдаланбаған кезде зарядтағышты электр розетка ұясынан ажырату керек. Зарядтау кезінде құрылғы электр розетка ұясына жақын болуы керек.

## Батареяның зарядталу күйін тексеру

Батареяны құрылғы өшірулі кезде зарядтағанда, келесі белгішелер батареяның ағымдағы зарядталу күйін көрсетеді:



Зарядталуда



Толығымен зарядталған

## Батареяны тұтынуды азайту

Құрылғы батарея қуатын үнемдеуге көмектесетін опцияларды қамтамасыз етеді. Бұл опцияларды реттеу және фондағы мүмкіндіктерді өшіру арқылы құрылғыны зарядтаулар арасында ұзағырақ пайдалануға болады:

- Құрылғыны пайдаланып жатпағанда, Қуат түймесін басу арқылы ұйқы режиміне ауысыңыз.
- Тапсырмалар басқарушысы көмегімен қажет емес қолданбаларды жабыңыз.
- Bluetooth мүмкіндігін өшіріңіз.
- Wi-Fi мүмкіндігін өшіріңіз.
- Қолданбаларды авто синхрондауды өшіріңіз.
- Артқы жарық уақытын азайтыңыз.
- Дисплей ашықтығын азайтыңыз.
- Жылдам қосу мүмкіндігін ажыратыңыз.
- Автоматты өшіру мүмкіндігін іске қосыңыз.
- Интеллектуалды желі мүмкіндігін іске қосыңыз.

## Жад картасын салу

Құрылғы ең көп сыйымдылығы 64 ГБ дейінгі жад карталарын қолдайды. Жад картасының өндірушісіне және түріне байланысты кейбір жад карталары құрылғымен үйлесімді болмауы мүмкін.




- Кейбір жад карталары құрылғымен толығымен үйлесімді болмауы мүмкін. Үйлесімді емес картаны пайдалану құрылғыны немесе жад картасын зақымдауы мүмкін немесе онда сақталған деректерді бүлдіруі мүмкін.
- Жад картасын абайлап оң жағын жоғары қаратып салыңыз.



- Құрылғы жад карталары үшін тек FAT және exFAT файлдық жүйелеріне қолдау көрсетеді. Басқа файлдық жүйемен пішімделген картаны салсаңыз, құрылғы жад картасын қайта пішімдеуді сұрайды.
- Деректерді жиі жазу және өшіру жад карталарының қызмет көрсету мерзімін қысқартады.
- Жад картасын құрылғыға салғанда жад картасының файлдар каталогы ішкі жадтағы **SD memory card** қалтасында көрсетіледі.

- 1 Ысырманы сырғытыңыз және жарманы ашыңыз.
- 2 Жад картасының сары түсті байланыстарын төмен қаратып салыңыз.
- 3 Жад картасын ұяға орнында құлыпталғанша басыңыз.



- 4 Жарманы қайта қойыңыз және ысырманы сырғытыңыз.

## Жад картасын алу

Жад картасын алмай тұрып қауіпсіз алу үшін алдымен босатып алыңыз. Бастапқы экранда **Бағдарлар** → **Қондырғы** → **Қосымша** → **Сақтау орны** → **SD картасын босату** тармағын түртіңіз.

- 1 Ысырманы сырғытыңыз және жарманы ашыңыз.
- 2 Жад картасын құрылғыдан ажырағанша итеріңіз, содан кейін шығарыңыз.
- 3 Жарманы қайта қойыңыз және ысырманы сырғытыңыз.



Құрылғы ақпаратты тасымалдап немесе оған қол жеткізіп жатқанда жад картасын алмаңыз. Бұлай істеу деректердің жоғалуына немесе бүлінуіне әкелуі я болмаса жад картасын немесе құрылғыны зақымдауы мүмкін. Samsung зақымдалған жад карталарын дұрыс пайдаланбаудан туындаған жоғалтуларға, соның ішінде, деректердің жоғалуына жауапты болмайды.

## Жад картасын пішімдеу

Компьютерде пішімделген жад картасы, жад картасын оқу құралы немесе басқа құрылғы осы құрылғымен үйлесімді болмауы мүмкін. Жад картасын осы құрылғыда пішімдеңіз.


Бастапқы экранда **Бағдарлар** → **Қондырғы-р** → **Қосымша** → **Сақтау орны** → **SD картасын пішімдеу** → **SD картасын пішімдеу** → **Бәрін жою** тармағын түртіңіз.



Жад картасын пішімдеу алдында құрылғыда сақталған барлық маңызды деректердің сақтық көшірмелерін жасауды ұмытпаңыз. Өндіруші кепілдігінде пайдаланушы әрекеттері нәтижесінен деректердің жоғалуы қамтылмайды.

## Бауды бекіту

Бауды құрылғының екі жағындағы тесіктерге бекітіңіз.




Құрылғыны бауынан ұстап шайқамаңыз. Бұл өзіңізге немесе басқаларға жарақат тигізуі немесе құрылғыны зақымдауы мүмкін.

## Объективті бекіту және алу




- Тек Samsung бекіткен объективтерді пайдаланыңыз. Samsung басқа өндірушінің объективтерін пайдалану тудырған зақымға жауапты емес.
- Объективті шаңды, лас аумақтарда бекітпеңіз немесе алмаңыз. Шаң және бөгде бөлшектер объективті немесе құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Құрылғы бекіткішінің ішіне тимеңіз. Шаң мен бөгде заттар құрылғыға немесе объективке кірсе, түсіру нәтижелеріне әсер етуі немесе дұрыс емес жұмыс істеуге әкелуі мүмкін.
- Объективті пайдаланбаған кезде корпус қақпағын жабыңыз.

Объективті бекіту алдында объектив қақпағын, объектив бекіткішінің қақпағын және корпус қақпағын алыңыз.




## Объективті бекіту

Объективті бекіту үшін объективтегі қызыл белгіні құрылғыдағы қызыл белгімен туралаңыз. Содан кейін объективті суретте көрсетілгендей орнында құлыпталғанша бұрыңыз.




- Егер масштабтауды құлыптау қосқышы бар объективті бекітсеңіз, объектив сақинасын сағат тіліне қарсы бұру арқылы оның құлпын ашыңыз. Объектив құлыпталған болса, суреттер немесе бейнелер түсіру мүмкін емес.
- Объективті құлыптау үшін масштабтауды құлыптау қосқышын тартып, құрылғыдан ары ұстап тұрыңыз және масштабтау сақинасын суретте көрсетілгендей бұрыңыз.



## Объективті алып тастау

Объективті алу үшін құрылғыны өшіріңіз, объективті босату түймешігін басып тұрыңыз, содан кейін объективті суретте көрсетілгендей бұрыңыз.




Объективті құрылғыдан алғаннан кейін объектив бетін және электр түйіспелерді сызаттардан қорғау үшін объектив қақпағын және объектив бекіткішінің қақпағын бекітіңіз.

## Құрылғыны қосу және өшіру

Құрылғыны бірінші рет қосқанда, құрылғы параметрлерін орнату үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз.

Құрылғыны қосу үшін Қуат түймесін бірнеше секунд бойы басып тұрыңыз.







- Ұшақтар мен ауруханалар сияқты сымсыз құрылғыларды пайдалану шектелген жерлерде өкілетті қызметкерлердің барлық ескертулері мен нұсқауларын орындаңыз.
- Сымсыз мүмкіндіктерді өшіру үшін, Қуат түймесін басып тұрып, **Ұшу режимі** опциясын түртіңіз.

Құрылғыны өшіру үшін, Қуат түймесін басып тұрып, **Өшіру** опциясын түртіңіз.

## Дыбыс деңгейін реттеу

Құрылғының дыбыс деңгейін реттеу үшін я болмаса музыканы немесе бейнені ойнатқанда дыбыс деңгейін реттеу үшін басқару дискісін бұрыңыз.

## Үнсіз режимге ауысу





















Келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз:

- Қуат түймесін басып тұрып, **Дыбыссыз** немесе **Дірілдеу** опциясын түртіңіз.
- Экранның жоғарғы жағындағы хабарландыру тақтасын ашып, **Дыбыс** немесе **Дірілдеу** опциясын түртіңіз.

# Негіздер

## Индикаторлық белгішелер

Экранның жоғарғы жағында көрсетілген белгішелер құрылғының күйі туралы ақпаратты береді. Төмендегі кестеде тізілген белгішелер ең жиі кездеседі.

Белгіше	Мағынасы
	Сигнал жоқ
	Сигнал күші
	Роуминг (қалыпты қызмет көрсету аясынан тыс)
	UMTS желісі қосылған
	HSDPA желісі қосылған
	HSPA+ желісі қосылған
	LTE желісі қосылған
	Wi-Fi функциясы қосылған
	Bluetooth мүмкіндігі белсендірілген
	GPS іске қосылған
	Интернетпен синхрондалған
	Компьютерге қосылған
	SIM немесе USIM картасы жоқ
	Жаңа мәтіндік немесе мультимедиалық хабар
	Дабыл қосылған
	Үнсіз режим іске қосылған
	Діріл режимі іске қосылған
	Ұшақ режимі қосылды
	Қате пайда болды немесе сақ болу талап етіледі
	Батарея зарядының деңгейі

## Сенсорлық экранды пайдалану

Сенсорлық экранды пайдалану үшін тек саусақтарды пайдаланыңыз.



- Сенсорлық экранның басқа электр құрылғыларға тиюіне жол бермеңіз. Электрстатикалық разрядтар сенсорлық экранның дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.
- Сенсорлық экранды зақымдап алмау үшін, оны ешбір үшкір нәрсемен түртпеңіз немесе саусақ ұштарымен оған шамадан тыс қысым түсірмеңіз.




- Құрылғы түртумен енгізу аумағынан тыс экранның жиектеріне жақын түрту енгізулерін танымауы мүмкін.
- Сенсорлық экранды күту режимінде ұзақ уақытқа қалдыру суреттің тұрып қалуына (экранның күйіп кетуіне) немесе жанама суреттердің болуына әкелуі мүмкін. Құрылғыны қолданбағанда сенсорлық экранды өшіріп қойыңыз.

## Саусақ қимылдары


### Түрту

Қолданбаны ашу, мәзір элементін таңдау, экрандық түймені басу немесе экрандық пернетақта арқылы таңбаны енгізу үшін, оны саусақпен түртіңіз.




## Сүйреу

Белгішені, кіші суретті немесе алдын ала көруді жаңа орынға жылжыту үшін, түртіп, ұстап тұрып, оны қажетті орынға сүйреп апарыңыз.




## Екі рет түрту

Бөлікті үлкейту үшін, веб-бетте, картада немесе суретте екі рет түртіңіз. Оралу үшін қайтадан екі рет түртіңіз.




## Шерту

Басқа тақтаны көру үшін бастапқы экранда немесе қолданбалар экранында солға немесе оңға шертіңіз. Веб-бетте немесе контактілер сияқты тізімде жылжу үшін жоғары немесе төмен шертіңіз.



## Шымшу

Бөлікті үлкейту үшін веб-бетте, картада немесе суретте екі саусақты бір бірінен алшақтатыңыз. Кішірейту үшін шымшыңыз.



## Басқару қозғалыстары

Қарапайым қозғалыстар құрылғыны оңай басқаруға мүмкіндік береді.

Қозғалыстарды пайдаланбай тұрып қозғалыс мүмкіндігі іске қосылғанын тексеріңіз. Бастапқы экранда **Бағдарлар** → **Қондырғы-р** → **Құрылым** → **Қозғалыстар мен қимылдар** → **Қозғалыс** тармағын түртіп, **Қозғалыс** қосқышын оңға қарай сүйреңіз.




Құрылғыны шамадан тыс сілкіу немесе оған әсер қалаусыз енгізулерге әкелуі мүмкін. Қозғалыстарды дұрыс басқарыңыз.

## Экранды бұру

Көп қолданбалар кітаптық немесе альбомдық бағдарда көрсетуге мүмкіндік береді.

Құрылғыны бұрғанда, дисплей жаңа экран бағдарына қиыстыру үшін автоматты түрде реттеледі.




Дисплейдің автоматты түрде бұрылуын болдырмау үшін хабарландыру тақтасын ашып, **Экран бұру** опциясынан таңдауды алыңыз.



- Кейбір қолданбалар экранды бұру мүмкіндігін бермейді.
- Кейбір қолданбалар бағдарға байланысты басқа экранды көрсетеді. Альбомдық бағдарға бұрғанда калькулятор ғылыми калькуляторға айналады.


## Жылжыту үшін панорамалау

Элементті бастапқы экрандағы немесе қолданбалар экранындағы басқа тақтаға жылжыту үшін, экрандағы элементті түртіп, ұстап тұрып, құрылғыны солға немесе оңға жылжытыңыз.




## Шолу үшін панорамалау

Суретті шолу үшін, сурет үлкейтілгенде, экранда нүктені түртіп, ұстап тұрыңыз да, құрылғыны кез келген бағытта жылжытыңыз.



## Еңкейту

Үлкейту немесе кішірейту үшін, экранда екі нүктені түртіп, ұстап тұрыңыз да, құрылғыны артқа-алға еңкейтіңіз.



## Алақан қозғалыстары


Экранды түрту арқылы құрылғыны басқару үшін алақан қозғалыстарын пайдаланыңыз.

Қозғалыстарды пайдаланбай тұрып алақан қозғалысы мүмкіндігі іске қосылғанын тексеріңіз.

Бастапқы экранда **Бағдарлар** → **Қондырғы-р** → **Құрылғым** → **Қозғалыстар мен қимылдар** → **Алақан қимылы** тармағын түртіп, **Алақан қимылы** қосқышын оңға қарай сүйреңіз.


## Жанап өту

Скриншотты түсіру үшін бүкіл экранды алақанмен жанап өтіңіз. Сурет **Галерея** → **Screenshots** тармағында сақталады. Кейбір қолданбаларды пайдаланып жатқанда скриншотты түсіру мүмкін емес.



## Жабу


Экранды алақанмен жабу мультимедианы ойнатуды кідіртеді.



## Хабарландырулар

Жаңа хабарлар, күнтізбе оқиғалары, құрылғы күйі және т.б. туралы есеп беру үшін экранның жоғарғы жағындағы күй тақтасында хабарландыру белгішелері көрсетіледі. Хабарландыру тақтасын ашу үшін күй тақтасынан төмен сүйреңіз. Қосымша ескертулерді көру үшін тізімді айналдырыңыз. Хабарландыру тақтасын жабу үшін экранның төменгі жағындағы жолақты жоғары сүйреңіз.

## Жылдам параметрлер тақтасы

Жылдам параметрлер тақтасынан құрылғының ағымдағы параметрлерін көруге болады. Күй жолағында ашылмалы тізімді ашыңыз,  опциясын түртіп, жылдам параметрлер тақтасын ашыңыз, содан кейін келесі опцияларды пайдаланыңыз:


- **Wi-Fi:** Wi-Fi мүмкіндігін іске қосу немесе өшіру.
- **GPS:** GPS мүмкіндігін іске қосу немесе өшіру.
- **Дыбыс:** үнсіз режимді іске қосу немесе өшіру. Үнсіз режимде құрылғыны дірілдейтін етуге немесе үнін өшіруге болады.
- **Экран бұру:** құрылғыны бұрғанда интерфейстің бұрылуына рұқсат ету немесе тыйым салу.
- **Bluetooth:** Bluetooth мүмкіндігін іске қосу немесе өшіру.



- **Ұялы деректер:** деректер байланысын іске қосу немесе өшіру.
- **Бұғаттау режимі:** бұғаттау режимін іске қосу немесе өшіру. Бұғаттау режимінде құрылғы барлық хабарландыруларды бұғаттайды. Қай хабарландырулар бұғатталатынын таңдау үшін, **Қондырғы-р** → **Құрылғым** → **Бұғаттау режимі** тармағын түртіңіз.
- **Screen Mirroring:** экран көшірмесі мүмкіндігін белсендіру немесе өшіру.
- **Wi-Fi жедел нүк:** Wi-Fi кіру нүктесі ретінде пайдалану мүмкіндігін белсендіру немесе өшіру.
- **Жүргізу режимі:** жүргізу режимін іске қосу немесе өшіру.
- **Синхрон-у:** қолданбаларды автоматты синхрондауды іске қосу немесе өшіру.
- **Ұшу режимі:** ұшу режимін белсендіру немесе өшіру.
- **Смарт желі:** интеллектуалды желі мүмкіндігін іске қосу немесе ажырату.



Аймаққа немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді опциялар өзгеріп отыруы мүмкін.

Жылдам параметрлер тақтасындағы опциялардың ретін өзгерту үшін, жылдам параметрлер тақтасын ашып,  опциясын түртіңіз, содан кейін элементті басқа орынға сүйреп апарыңыз.

## Бастапқы экран

Бастапқы экран — құрылғының барлық мүмкіндіктеріне қол жеткізудің бастапқы нүктесі. Ол көрсеткіш белгішелерді, виджеттерді, қолданбалардың таңбашаларын және басқаларды көрсетеді.

Бастапқы экранда бірнеше тақта болуы мүмкін. Басқа тақталарды көру үшін солға немесе оңға қарай жылжытыңыз.

## Элементтерді қайта реттеу

### Қолданба белгішесін қосу

Бастапқы экранда **Бағдарлр** опциясын түртіп, қолданба белгішесін түртіп, ұстап тұрыңыз, содан кейін оны тақтаны алдын ала көруге сүйреңіз.

## Элементті қосу

Виджеттерді немесе қалталарды қосу арқылы бастапқы экранды реттеңіз.

Бастапқы экранда бос аумақты түртіп, ұстап тұрыңыз да, келесі санаттардың бірін таңдаңыз:

- **Қолданбалар мен виджеттер:** бастапқы экранға виджеттерді немесе қолданбаларды қосу.
- **Қалта:** жаңа қалтаны жасаңыз.

## Элементті жылжыту


Элементті түртіп, ұстап тұрып, жаңа орынға сүйреп апарыңыз. Басқа тақтаға жылжыту үшін оны экранның бүйіріне сүйреңіз.

## Элементті жою


Элементті түртіп, ұстап тұрыңыз да, бастапқы экранның жоғарғы жағында көрсетілетін қоқыс себетіне сүйреп апарыңыз. Қоқыс себеті қызыл болып жанғанда, элементті босатыңыз.

## Тақталарды қайта реттеу


### Жаңа тақтаны қосу

 → **Бетті түзету** →  тармағын түртіңіз.

### Тақтаны жылжыту

 → **Бетті түзету** тармағын түртіп, тақтаны алдын ала көруді түртіп, ұстап тұрыңыз да, жаңа орынға сүйреңіз.

### Тақтаны жою

 → **Бетті түзету** тармағын түртіп, тақтаны алдын ала көруді түртіп, ұстап тұрыңыз да, экранның төменгі жағындағы қоқыс себетіне сүйреңіз.

## Тұсқағазды орнату

Құрылғыда сақталған суретті немесе фотосуретті бастапқы экранның тұсқағазы ретінде орнатыңыз.

Бастапқы экранда  → **Тұсқағаз орнату** → **Бейнебеттің өзіндік беті** тармағын түртіңіз де, төмендегінің біреуін таңдаңыз:

- **Галерея:** құрылғының камерасымен түсірілген фотосуреттерді немесе интернеттен жүктелген суреттерді көру.
- **Табиғи тұсқағаздар:** анимациялық суреттерді көру.
- **Тұсқағаз:** тұсқағаз суреттерін көру.

Содан кейін суретті таңдап, **Тұсқағаз орнату** опциясын түртіңіз. Я болмаса суретті таңдап, жақтауды сүйреу арқылы өлшемін өзгертіңіз де, **Дайын** опциясын түртіңіз.

## Виджеттерді пайдалану

Виджеттер — бастапқы экранда қолайлы функциялар мен ақпаратпен қамтамасыз ететін шағын қолданбалар. Пайдалану үшін виджеттерді виджеттер тақтасынан бастапқы экранға қосыңыз.



- Кейбір виджеттер веб-қызметтерге қосылады. Веб-виджетті пайдалануға қосымша ақы алынуы мүмкін.
- Аймаққа немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді виджеттер өзгеріп отыруы мүмкін.

Бастапқы экранда **Бағдарлар** → **Графикалық клиптер** тармағын түртіңіз. Виджеттер тақтасында солға немесе оңға айналдырыңыз, содан кейін оны бастапқы экранға қосу үшін, виджетті түртіп, ұстап тұрыңыз.

## Қолданбаларды пайдалану

Бұл құрылғыда көптеген қолданба түрлері жұмыс істей алады, мультимедиалықтан интернет қолданбаларына дейін.

## Қолданбаны ашу

Бастапқы экранда немесе қолданбалар экранында ашу үшін қолданба белгішесін таңдаңыз.



## Жақында пайдаланылған қолданбалар ішінен ашу

Соңғы пайдаланылған қолданбалар тізімін ашу үшін  түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Ашу үшін бағдарламаны таңдаңыз.

## Қолданбаны жабу

Батарея қуатын үнемдеу және құрылғыны өнімділігін сақтау үшін пайдаланылып жатпаған қолданбаларды жабыңыз.

 түймесін басып ұстап тұрыңыз, **Тапс. рет.** опциясын түртіңіз және жабу үшін қолданба жанындағы **Аяқ-у** опциясын түртіңіз. Барлық іске қосылған қолданбаларды жабу үшін, **Бәр аяқ** опциясын түртіңіз. Немесе  түймесін басып ұстап тұрып, **Бәрін жабу** опциясын түртіңіз.


## Қолданбалар экраны

Қолданбалар экраны барлық қолданбалардың, соның ішінде, кез келген жаңадан орнатылған қолданбалардың белгішелерін көрсетеді.

Бастапқы экранда қолданбалар экранын ашу үшін, **Бағдарлр** опциясын түртіңіз.


Басқа тақталарды көру үшін солға немесе оңға қарай жылжытыңыз.

## Қолданбаларды қайта реттеу

 → **Түзету** тармағын түртіңіз, қолданбаны түртіп, ұстап тұрыңыз да, жаңа орынға сүйреңіз. Басқа тақтаға жылжыту үшін оны экранның бүйіріне сүйреңіз.

## Қалталар көмегімен реттеу

Ыңғайлылық үшін байланысты қолданбалады қалтада орналастырыңыз.

 → **Түзету** тармағын түртіңіз, қолданбаны түртіп, ұстап тұрыңыз да, **Қалтаны құру** опциясына сүйреңіз. Қалта атауын енгізіңіз де, **ОК** опциясын түртіңіз. Сүйреу арқылы қолданбаларды жаңа қалтаға орналастырыңыз да, ретті сақтау үшін, **Сақт** опциясын түртіңіз.


## Тақталарды қайта реттеу

Экранда шымшып, тақтаны алдын ала көруді түртіп, ұстап тұрыңыз да, жаңа орынға сүйреңіз.

## Қолданбаларды орнату

Қолданбаларды жүктеу және орнату үшін **Samsung Apps** сияқты қолданбалар сайттарын пайдаланыңыз.

## Қолданбаларды жою


 → **Жою** тармағын түртіңіз де, жою үшін қолданбаны таңдаңыз.



Құрылғымен бірге келген әдепкі қолданбаларды жою мүмкін емес.


## Қолданбаларды бөлісу

Жүктелген қолданбаларды басқа пайдаланушылармен электрондық пошта, Bluetooth немесе басқа әдістер арқылы бөлісіңіз.

 → **Бағдарламаларды бөлісу** тармағын түртіп, қолданбаларды таңдап, **Дайын** опциясын түртіңіз, содан кейін бөлісу әдісін таңдаңыз. Келесі қадамдар таңдалған әдіске байланысты өзгеріп отырады.

## Анықтама

Құрылғыны және қолданбаларды пайдалану немесе маңызды параметрлерді реттеу туралы мәліметтер алу үшін анықтама ақпаратына қол жеткізіңіз.

Қолданбалар экранында **Анықтама** опциясын түртіңіз. Анықтама туралы ақпаратты қарау үшін санатты таңдау үшін  түртіңіз.

## Мәтінді енгізу

Мәтінді енгізу үшін Samsung пернетақтасын немесе дауыспен енгізу мүмкіндігін пайдаланыңыз.



Кейбір тілдерде мәтінді енгізуге қолдау көрсетілмейді. Мәтін енгізу үшін енгізу тілін қолдау көрсетілетін тілдердің біреуіне өзгерту керек.

## Пернетақта түрін өзгерту

Кез келген мәтін өрісін түртіп, хабарландыру тақтасын ашып, **Енгізу әдісін таңдау** опциясын түртіңіз де, пайдаланатын пернетақта түрін таңдаңыз.


## Samsung пернетақтасын пайдалану

### Пернетақта орналасуын өзгерту


⚙️ → **Әліпбилер** немесе **Сандар мен таңбалар** опциясын түртіңіз, содан кейін **Qwerty пернетақтасы** немесе **3x4 пернетақта** опциясын түртіңіз.



3x4 пернетақтада пернеде үш немесе төрт таңба болады. Таңбаны енгізу үшін таңбаға сәйкес пернені қайта-қайта түртіңіз.



### Үлкен әріптерді енгізу


Таңбаны енгізу алдында  опциясын түртіңіз. Барлығын бас әріппен енгізу үшін оны екі рет түртіңіз.

### Тіл пернетақталарын өзгерту

Пернетақтаға тілдерді қосыңыз, содан кейін тіл пернетақталарын өзгерту үшін бос орын пернесін солға немесе оңға сырғытыңыз.

## Қолмен жазу

⚙️ опциясын түртіп, ұстап тұрып, ✍️ опциясын түртіңіз де, саусақпен сөзді жазыңыз. Таңбаларды енгізгенде ұсынылатын сөздер көрсетіледі. Ұсынылатын сөзді таңдаңыз.



Таңбаларды өңдеу немесе жою және бос орындарды кірістіру сияқты әрекеттерді орындау үшін қолжазба қимылдарды пайдаланыңыз. Қимылдар туралы нұсқаулықты көру үшін, 🗂️ опциясын түртіп, ұстап тұрыңыз, содан кейін ⚙️ → **Қолмен жазу** → **Қимыл нұсқаулығы** тармағын түртіңіз.

## Дауыспен мәтін енгізу

Дауыспен енгізуге мүмкіндігін іске қосыңыз да, микрофонға сөйлеңіз. Құрылғы сөйлегеніңізді көрсетеді.

Дауысты тану үшін тілді өзгерту немесе тілдерді қосу үшін ағымдағы тілді түртіңіз.

## Көшіру және қою

Мәтін үстінде түртіп, ұстап тұрыңыз, көбірек немесе азырақ мәтінді бөлектеу үшін 📏 немесе 📏 белгішесін сүйреңіз де, көшіру үшін **Көшіру** опциясын, қию үшін **Кесу** опциясын түртіңіз. Бөлектелген мәтін буферге сақталады.

Оны мәтінді енгізу өрісіне қою үшін, кірістіру керек орында түртіп, ұстап тұрыңыз да, **Қою** опциясын түртіңіз.

## Wi-Fi желісіне қосылу

Интернетті пайдалану немесе басқа құрылғылармен мультимедиалық файлдарды бөлісу үшін құрылғыны Wi-Fi желісіне қосыңыз. (144-б.)

### Wi-Fi функциясын қосу және өшіру

Хабарландыру тақтасын ашып, қосу немесе өшіру үшін **Wi-Fi** опциясын түртіңіз.



- Құрылғы гармониялық емес жиілікті пайдаланады және барлық еуропалық елдерде пайдалануға арналған. WLAN желісін Еуропалық Одақта іште шектеусіз пайдалануға болады, бірақ сыртта пайдалануға болмайды.
- Пайдаланылмаған кезде батареяны үнемдеу үшін Wi-Fi функциясын өшіріңіз.

### Wi-Fi желілеріне қосылу

Қолданбалар экранында **Қондырғы** → **Қосылымдар** → **Wi-Fi** тармағын түртіп, **Wi-Fi** қосқышын оңға қарай сүйреңіз.

Анықталған Wi-Fi желілері тізімінен желіні таңдап, қажет болса құпия сөзді енгізіңіз де, **Қосу** опциясын түртіңіз. Құпия сөзді қажет ететін желілер құлып белгішесімен көрсетіледі. Wi-Fi желісіне қосылғаннан кейін құрылғы қол жетімді болған кез келген уақытта желіге автоматты түрде қосылады.

### Wi-Fi желілерін қосу

Егер қажет желі желілер тізімінде көрсетілмесе, желілер тізімінің төменгі жағында **Wi-Fi желісін қосу** опциясын түртіңіз. **Желілік SSID** өрісінде желі атауын енгізіңіз, қауіпсіздік түрін таңдаңыз және бұл ашық желі болмаса құпия сөзді енгізіңіз, содан кейін **Қосу** опциясын түртіңіз.

### Wi-Fi желілерін ұмыту

Қашан да болсын пайдаланылған кез келген желіні, соның ішінде, ағымдағы желіні құрылғы оған автоматты түрде қосылмауы үшін ұмытуға болады. Желілер тізімінде желіні таңдап, **Ұмыту** опциясын түртіңіз.



## Есептік жазбаларды орнату

**Play Store** сияқты Google қолданбалары Google есептік жазбасын және **Samsung Apps** сайты Samsung есептік жазбасын қажет етеді. Құрылғыдан ең жақсы тәжірибені алу үшін Google және Samsung есептік жазбаларын жасаңыз.

### Есептік жазбаларды қосу

Google есептік жазбасын орнату үшін кірусіз Google қолданбасын ашқанда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

Google есептік жазбасымен кіру немесе оны тіркеу үшін, қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Тіркелгі** → **Тіркелгі қосу** → **Google** тармағын түртіңіз. Содан кейін тіркелу үшін, **New** опциясын түртіңіз немесе есептік жазбаны орнатуды аяқтау үшін **Existing**, опциясын түртіңіз де, экрандық нұсқауларды орындаңыз. Құрылғыда бірнеше Google есептік жазбасын пайдалануға болады.

Samsung есептік жазбасын да орнатыңыз.

### Есептік жазбаларды жою

Қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Тіркелгі** тармағын түртіп, **Менің жазбаларым** астында тіркелгі атауын таңдаңыз, жою керек тіркелгіні таңдап, содан кейін **Ес. жазба жою** опциясын түртіңіз.

## Файлдарды тасымалдау

Дыбыс, бейне, сурет немесе басқа файл түрлерін құрылғыдар компьютерге немесе керісінше жылжытыңыз.



Кейбір қолданбалар келесі файл пішімдеріне қолдау көрсетеді. Құрылғының бағдарламалық жасақтамасының немесе компьютердің операциялық жүйесінің нұсқасына байланысты кейбір файл пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.

- Музыка: mp3, m4a, 3ga, aac, ogg, oga, wav, wma және flac
- Сурет: bmp, gif, jpg және png
- Бейне: mp4, m4v, 3gp, 3g2, wmv, asf, avi, flv, webm және mkv

## Samsung Kies арқылы қосылу

Samsung Kies — мультимедиалық кітапханаларды, контактілерді және күнтізбелерді басқаратын және оларды Samsung құрылғыларымен синхрондайтын компьютерлік қолданба. Samsung веб-сайтынан соңғы Samsung Kies қолданбасын жүктеңіз.

- 1 Құрылғыны компьютерге USB кабелін пайдаланып қосыңыз.  
Samsung Kies компьютерде автоматты түрде қосылады. Егер Samsung Kies іске қосылмаса, компьютердегі Samsung Kies белгішесін екі рет басыңыз.
- 2 Құрылғы мен компьютер арасында файлдарды тасымалдаңыз.  
Қосымша ақпарат алу үшін Samsung Kies анықтамасын қараңыз.

## Windows Media Player көмегімен қосылу

Windows Media Player бағдарламасы компьютерде орнатылғанына көз жеткізіңіз.

- 1 Құрылғыны компьютерге USB кабелін пайдаланып қосыңыз.
- 2 Windows Media Player бағдарламасын ашып, музыкалық файлдарды синхрондаңыз.



## PIN кодын орнату

Қолданбалар экранында **Қондырғ-р** → **Құрылғым** → **Экранды құлыптау** → **Экранды құлыптау** → **PIN** тармағын түртіңіз.

Кемінде төрт санды енгізіңіз де, тексеру үшін құпия сөзді қайтадан енгізіңіз.

## Құпия сөзді орнату

Қолданбалар экранында **Қондырғ-р** → **Құрылғым** → **Экранды құлыптау** → **Экранды құлыптау** → **Кілтсөз** тармағын түртіңіз.

Сандар мен таңбаларды қамтитын кемінде төрт таңбаны енгізіңіз де, тексеру үшін құпия сөзді қайтадан енгізіңіз.

## Құрылғы құлпын ашу

Қуат түймесін басу арқылы экранды қосып, құлыпты ашу кодын енгізіңіз.



Егер құлыпты ашу кодын ұмытып қалсаңыз, құрылғыны қалпына келтіру үшін оны Samsung сервис орталығына апарыңыз.

## Құрылғыны жаңарту

Құрылғыны ең соңғы бағдарламалық жасақтамаға жаңартуға болады.



Бұл мүмкіндік аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Samsung Kies арқылы жаңарту

Samsung Kies қолданбасын іске қосып, құрылғыны компьютерге қосыңыз. Samsung Kies құрылғыны автоматты түрде таниды және бар болса, қол жетімді жаңартуларды диалогтық терезеде көрсетеді. Жаңартуды бастау үшін диалогтық терезеде «Жаңарту» түймесін басыңыз. Жаңарту жолы туралы мәліметтерді Samsung Kies анықтамасында қараңыз.



- Құрылғы жаңартылып жатқанда, компьютерді өшірмеңіз немесе USB кабелін ажыратпаңыз.
- Құрылғыны жаңарту кезінде компьютерге басқа мультимедиалық құрылғыларды жалғамаңыз. Бұлай істеу жаңарту процесіне кедергі келтіруі мүмкін.

## Сымсыз жаңарту

Микробағдарламаны сымсыз алу (FOTA) қызметі арқылы құрылғыны соңғы бағдарламалық жасақтамаға тікелей жаңартуға болады.

Қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Қосымша** → **Құрылғы туралы** → **Бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту** → **Жаңарту** тармағын түртіңіз.

# Камера: негізгі функциялар

## Камераны іске қосу

Бұл қолданбаны суреттер мен бейнелерді түсіру үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Камера** опциясын түртіңіз. Я болмаса, Ысыра түймесін немесе Бейне жазу түймесін басыңыз.

Құрылғымен түсірілген фотосуреттерді және бейнелерді көру үшін **Галерея** бөлімін пайдаланыңыз. (100-б.)




- Пайдаланылмаған кезде камера автоматты түрде өшеді.
- Объектив таза екенін тексеріңіз. Әйтпесе, құрылғы жоғары ажыратымдылықтарды қажет ететін кейбір режимдерде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

### Камера этикеті

- Басқа адамдардың суреттерін немесе бейнелерін рұқсатын алмай түсірмеңіз.
- Заңмен тыйым салынған жерде суреттерді немесе бейнелерді түсірмеңіз.
- Басқа адамдардың жеке өміріне қол сұғуыңыз мүмкін орындарда суреттерді немесе бейнелерді түсірмеңіз.

## Алдын ала қарау экраны туралы мәліметтер





## Белгішелерді тану

Алдын ала қарау экранында ағымдағы түсіру опциялары және параметрлер туралы ақпарат көрсетіледі. Төмендегі тізімде ең көп кездесетін белгішелер көрсетілген.

Белгіше	Мағынасы
	Ысырма жылдамдығы
	Апертура мәні
	Экспозиция мәні
	ISO сезімталдығы
	Таймер
	Жарық
	Фотосурет көлемі
	Ақ түс балансы
	АФ режимі
	Өлшеуіш
	Үздіксіз түсіру
	Брекетинг режимі
	RAW пішімді файл
	Дауысты тану
	Геотегинг
	Суретті бөлісу
	Жолдас фотосуретін бөлісу
	ChatON фотосуретті ортақ пайдалану жүйесі
	Қашықтағы көріністі іздеу

## Камераны жабу

Камера қолданбасын жабу және Бастапқы экранға оралу үшін алдын-ала қарау экранында  түртіңіз.



## Әрекет түрін таңдау

Негізгі немесе эксперт пайдалануы үшін әрекет түрін таңдаңыз.

 (немесе  →  →  → **Пайдаланушы түрі** тармағын түртіңіз.


- **Стандартты:** негізгі камера әрекеттері үшін пайдаланыңыз.
- **Кәсіби:** кеңейтілген камера әрекеттері үшін пайдаланыңыз. Ақылды тақта арқылы түсіру опцияларын ыңғайлы өзгертуге және эксперт режимдеріне жылдам қатынасуға болады.



- Бұл нұсқаулық кәдімгі пайдалануға негізделген.
- Дискіні басқарудың және қосу режимінің әдепкі баптаулары төмендегідей әрекет түріне қарай әр түрлі болады:
  - Стандартты: **1-опция** (дискіні басқару), **Автоматты режим** (қосу режимі)
  - Кәсіби: **2-опция** (дискіні басқару), **Соңғы режим** (қосу режимі)

## Суреттер түсіру

Нысанды фокустау үшін Ысырма түймешігін жартылай басыңыз. Нысан фокуста болғанда, фокус жақтауы жасыл түске боялады. Фотосуретті түсіру үшін Ысырма түймешігін басыңыз.

Немесе алдын ала қарау экранында фотокамераның фокустауы қажет сурет орнын түртіңіз. Нысан фокуста болғанда, фокус жақтауы жасыл түске боялады. Сурет түсіру үшін,  опциясын түртіңіз.






Аралық режимінен басқа камера нысанды фокустай алмаса, фотосурет түсірмейді.



## Бейнелерді түсіру

Бейне түсіру үшін Бейне жазу түймешігін басыңыз. Жазуды тоқтату үшін Бейне жазу түймешігін қайтадан басыңыз.

Я болмаса бейне түсіру үшін  опциясын түртіңіз және жазуды тоқтату үшін  опциясын түртіңіз.

Жазу кезінде фокусты өзгерту үшін, фокустау керек жерді түртіңіз. Камераны автоматты түрде фокустауға реттеу үшін,  опциясын түртіңіз.





- Әр түсіргенде 20 минутқа дейін бейне түсіруге болады.
- Жазу жылдамдығы төмен жад картасын пайдаланғанда құрылғы бейнені дұрыс сақтамауы мүмкін. Жазу тоқтатылуы немесе жазылған бейненің зақымдалуы мүмкін.
- Жазу жылдамдығы төмен жад карталары ажыратымдылығы жоғары бейнелерге қолдау көрсетпейді. Ажыратымдылығы жоғары бейне түсіру үшін жазу жылдамдығы жоғарырақ жад карталарын пайдаланыңыз (micro SDHC Class10 немесе одан жоғары).
- Бейненің ажыратымдылығына және кадрлардың түсіру жылдамдығына байланысты бейне кадрының өлшемі кішірек болып көрінуі мүмкін.
- Кескін тұрақтандырғыш опциясын орнату үшін кескін тұрақтандырғышын жазуға болады.
- Егер бейне түсіру кезінде объективті реттесеңіз, масштаб дыбысы немесе басқа объектив дыбыстары жазылуы мүмкін.
- Бейне түсіру кезінде объективті алып тастамаңыз немесе ауыстырмаңыз. Бұл әрекет жазуды үзеді.
- Қосымша бейне объективін пайдалану кезінде автофокус бұрмалануы жазылмайды.
- Егер бейнені түсіру кезінде камераның түсіру бұрышын кенет өзгертсеңіз, камера кескіндерді дәл жаза алмауы мүмкін.
- Камера бейне түсіру кезінде үздіксіз АФ, түрту АФ, қолмен реттелетін фокус және бетті анықтау АФ функцияларына қолдау көрсетеді.
- Эксперт режимінде бейне түсіру алдында негізгі түсіру опцияларын өзгертуге болады:
  - Бағдарлама режимі: экспозиция мәні
  - Апертура басымдығы режимі: апертура мәні және экспозиция мәні
  - Ысырма басымдығы режимі: ысырма жылдамдығы және экспозиция мәні
  - Қол режимі: ысырма жылдамдығы, апертура мәні және ISO сезімталдық (максималды ISO сезімталдық — 3200)



## Фотосуреттерді және бейнелерді көру

Түсірілген фотосуреттерді немесе бейнелерді көру үшін, галерея белгішесін түртіңіз. Келесі немесе алдыңғы суретті көру үшін солға немесе оңға жылжыңыз. (100-б.)

## Дауыстық пәрмендер көмегімен суреттер немесе бейнелер түсіру


Дауыстық пәрмендер көмегімен суреттер немесе бейнелер түсіру үшін дауысты тануды пайдаланыңыз.

 →  тармағын түртіңіз. «Күліңдер», «Чиз» немесе «Бейне жазу» сияқты түсіру пәрменін айтыңыз.

Камераны басқаруға арналған қосымша дауыстық пәрмендерді тексеру үшін,  →  тармағын түртіңіз.

## Сүзгі әсерлерімен сурет немесе бейне түсіру


Бірегей фотосуреттер немесе бейнелер түсіру үшін сүзгі әсерлерін қолданыңыз.









 опциясын түртіп, сүзгі әсерін таңдаңыз. Қол жетімді опциялар режимге қарай әр түрлі болады.

- **Әсер жоқ:** әсерді қолданбау.
- **Виньетка:** бұл әсер ретро сияқты түстерді, жоғары контрастты және ломо камераларының күшті виньетка әсерін қолданады.
- **Сұр түс реңктері:** бұл әсер кескінді ақ-қара етеді.
- **Сепия:** бұл әсер фондағы көріністі қызыл түс реңктеріне ауыстырады.
- **Ескі:** бұл әсер суретке винтаждық кескін және көңіл-күй береді.
- **Әлсіз түстер:** бұл әсер сурет түсін солғындатып көрсетеді.
- **Көгілдір:** бұл әсер жұмсақ көгілдір түс әсерін қолданады.
- **Кемпірқосақ:** бұл әсер түс реңкі әсерін қолданады.
- **Комикс:** бұл әсер мультипликациялық сурет әсерін қолданады.
- **Готикалық нуар:** бұл әсер моно мультипликациялық сурет әсерін қолданады.

- **Тегіс емес:** бұл әсер бұдыр әсерді қолданады.
- **Пастель нобайы:** бұл әсер пастель сурет әсерін қолданады.
- **Фишай:** бұл әсер балық көзі тәрізді объективтің көрінетін әсерін имитациялау үшін жақтаудың жиектерін күңгірттейді және нысандарды бұрмалайды.

## Түсіру опцияларын жылдам өзгерту

Түсіру опцияларын жылдам өзгерту үшін,  опциясын түртіңіз. Қол жетімді опциялар режимге қарай әр түрлі болады.

-  : камера параметрлерін теңшеу.
-  : жарқылды іске қосу немесе өшіру.
-  : уақытын кешіктіріп түсіру үшін осыны қолданыңыз.
-  : сурет ұсыну мүмкіндігін іске қосу немесе өшіру. (109-б.)
-  : фотосуреттерді немесе бейнелерді сақтауға арналған қалтаны таңдау. Жаңа қалта жасау үшін  опциясын түртіңіз.
-  : фотосуреттер немесе бейнелер түсіру үшін дауысты тануды қосу немесе ажырату.
-  : бөлісу опцияларын белсендіру немесе өшіру.

## Камераның дірілдеуін азайту

Камераның дірілдеуінен пайда болған бұлдырауды азайту немесе жою үшін Оптикалық кескінді тұрақтандыру (OIS) опциясын пайдаланыңыз.

Егер объективтің OIS қосқышы болса, OIS функциясын пайдалану үшін қосқышты ON күйіне орнатыңыз.

 (немесе  →  →  → **OIS (тұрақты көрініс)** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.




Түзетуден бұрын



Түзеткеннен кейін

## Анығырақ фотосурет түсіруге арналған кеңестер

### Камераны дұрыс ұстау




Экранды, объективті, жарқылды немесе микрофонды жауып қалмағаныңызды тексеріңіз.



Объективтің тікелей күн сәулесінен сақтаңыз. Бұл сурет сенсорының түсін немесе сенсордың жұмысын зақымдауы мүмкін.


## Ысырма түймешігін жартылай басу

Фокусты реттеу үшін Ысырманы жартылай басыңыз. Камера фокусты, экспозицияны және ақ түс балансын автоматты түрде реттейді және фокус жақтауы жасыл болады. Егер фокусталмаған болса фокус жақтауы қызыл түсті болады.



## Камераның дірілдеуін азайту


Оптикалық суретті тұрақтандыру (OIS) опциясын камераның дірілдеуін оптикалық жолмен азайтуына орнатыңыз. (53-б.)



## Нысанды фокуста ұстау



Келесі шарттарда нысанды фокустау қиын болуы мүмкін:

- Нысан мен фонның арасындағы контраст төмен болғанда. Мысалы, нысанның киімінің түсі фонның түсіне ұқсас болса.
- Нысанның артындағы жарық тым ашық болса.
- Нысан жарқырап немесе жарықты шағылыстырып тұрса.
- Нысанда көлденең сызықтар бар, мысалы жалюзи.
- Нысан кадрдың ортасына орналастырылмаған.



## Фокус құлпын пайдалану

Фокустау үшін Ысырма түймешігін жартылай басыңыз. Нысан фокусталған кезде композицияны өзгертуге болады. Дайын болған кезде Ысырманы толық басып, фотосуретті түсіріңіз.




## Жарығы төмен ортада фотосурет түсіру

- Жарығы төмен ортада фотосурет түсіру үшін жарқылды қосыңыз. (86-б.)
- ISO сезімталдығын реттеңіз. (80-б.)



## Нысандар жылдам қозғалып жатқанда

Қозғалыстағы нысандардың суретін түсіру үшін үздіксіз түсіру опциясын қосыңыз. (64-б., 84-б.)



Үздіксіз түрде бірнеше фотосурет түсіру үшін жазу жылдамдығы жоғарырақ жад карталарын пайдаланыңыз (micro SDHC Class10 немесе одан жоғары).




# Камера: түсіру режимдері

## Авто

Камера тарапынан автоматты түрде таңдалған көрініс режимдерімен фотосурет түсіру үшін осы режимді пайдаланыңыз. Бұл режимде камера қоршаған ортадағы жағдайларды таниды және экспозицияға әсер ететін факторларды, соның ішінде, ысырма жылдамдығын, апертура мәнін, өлшеуді және ақ түс балансын автоматты түрде реттейді. Камера функциялардың көпшілігін басқаратындықтан, кейбір түсіру опциялары шектеулі болады. Бұл режим реттеудің ең аз мөлшерімен жылдам суреттерді түсіру үшін қолайлы.

**MODE** → **Авто** тармағын түртіңіз.



Ысырма түймесін жартылай басқанда алдын ала қарау экранының жоғарғы оң жағында көрініс режимінің белгішесін көрсету үшін,  →  →  → **Анықтау дисплейі** → **Қосылған** тармағын түртіңіз.




- Камераның дірілі, жарықтандыру және нысанға дейінгі қашықтық сияқты әр түрлі факторларға байланысты камера әр түрлі көріністерді, тіпті бірдей нысандарды анықтай алады.
- Егер тиісті көрініс режимін танымаса, камера осы режим үшін әдепкі параметрлерді пайдаланады.
- Тіпті бетті анықтаса да, камера орналасуына немесе жарығына байланысты портреттік режимді таңдамауы мүмкін.
- Лайықты режимдерді таңдау барысында параметрлер үздіксіз өзгеріп отыратындықтан бұл режимде камера батарея қуатын көбірек пайдаланады.




## Тәжірибелі

Мұны әр түрлі түсіру опцияларын, соның ішінде, ысырма жылдамдығын, апертура мәнін, экспозиция мәнін және ISO сезімталдықты қолмен реттеп, суреттер және бейнелер түсіру үшін пайдаланыңыз.

Стандартты әрекет түрін пайдаланған кезде **MODE** → **Тәжірибелі** тармағын түртіп, режимді таңдаңыз.



Кәсіби әрекет түрін пайдаланған кезде **MODE** опциясын түртіп, режимді таңдаңыз. Түрлі түсіру опцияларын реттеу үшін ақылды тақтаны пайдаланыңыз. (62-б.)



## Бағдарлама режимі



Бұл режимде ысырма жылдамдығын және апертура мәнін оңтайлу экспозиция мәнін алу үшін автоматты түрде реттейді. Бұл режим басқа параметрлерді реттеу мүмкіндігін сақтай отырып, тұрақты экспозициямен суреттерді түсіру керек кезде қолайлы.

**MODE** → **Тәжірибелі** → **P** тармағын түртіп, қажет түсіру опцияларын орнатыңыз.



## Бағдарламаны өзгерту


Бағдарламаны өзгерту мүмкіндігі камера бірдей экспозицияны қамтамасыз еткен кезде ысырма жылдамдығы мен апертура мәнінің тіркесімін реттеуге мүмкіндік береді.

Экранның үстіндегі ысырма жылдамдығын немесе апертура мәнін түртіңіз және мәнді реттеу үшін  немесе  опциясын түртіңіз. Әрі басқару дискін немесе i-Function түймесін пайдалануға болады. (61-б.)


## Апертура басымдығы режимі

Бұл режимде камера таңдалған апертура мәніне сай ысырма жылдамдығын автоматты түрде есептейді. Апертура мәнін өзгерту арқылы анық түсіру тереңдігін (DOF) реттеуге болады. Бұл режим портреттердің және пейзаждың суреттерін түсіру үшін қолайлы.

**MODE** → **Тәжірибелі** → **A** тармағын түртіп, қажет түсіру опцияларын орнатыңыз.



Үлкен анық түсірілетін кеңістік тереңдігі



Кішкентай анық түсірілетін кеңістік тереңдігі



Жарық аз жағдайларда суреттер бұлдырамауы үшін ISO сезімталдықты арттыру қажет болуы мүмкін.

## Ысырма басымдығы режимі

Бұл режимде камера таңдалған ысырма жылдамдығына қарай апертура мәнін автоматты түрде реттейді. Бұл режим жылдам қозғалыстағы нысандар фотосуреттерін түсіру немесе фотосуретте із әсерлерін жасау үшін пайдалы.

**MODE** → **Тәжірибелі** → **S** тармағын түртіп, қажет түсіру опцияларын орнатыңыз.



Ысырманың баяу жылдамдығы



Ысырманың жылдам жылдамдығы



Ысырманың жылдам жылдамдығы арқылы өткен аз жарық мөлшерін түзету үшін апертураны реттеңіз және көбірек жарық енгізіңіз. Егер фотосуреттер бәрібір тым күңгірт болса, ISO сезімталдықты көбейтіңіз.

## Қол режимі

Бұл режим ысырма жылдамдығын және апертураны қолмен реттеуге мүмкіндік береді. Бұл режимді суреттердің экспозициясын толығымен басқаруға болады. Бұл режим студия сияқты басқарылатын түсіру орталарында немесе камера параметрлерін егжей-тегжейлі реттеу қажет болғанда қолайлы. Сондай-ақ, бұл режим түнгі көріністерді немесе отшашуларды түсіру үшін ұсынылады.

**MODE** → **Тәжірибелі** → **M** тармағын түртіп, қажет түсіру опцияларын орнатыңыз.



- Егер жоғары ISO сезімталдығын орнатсаңыз немесе ысырманы ұзақ уақытқа ашсаңыз, кескіннің бұрмалануы артуы мүмкін.
- Камераның дірілдеуін болдырмау үшін штативті және ысырманы босатуды пайдаланыңыз.
- Ысырманы неғұрлым ұзақ ашсаңыз, сурет соғұрлым ұзағырақ түсіріледі. Камера суретті сақтап жатқанда камераны өшірмеңіз.

## Қолмен басылу мүмкіндігін пайдалану



Бұл мүмкіндікті түнгі көріністерді немесе түнгі аспанды түсіру үшін пайдаланыңыз. Ысырма түймесін басқан кезде ысырма ашық қалады, сондықтан қозғалатын жарық әсерлерін жасауға болады.

Қол режимінде ысырма жылдамдығын **Bulb** мәніне орнатыңыз.

## Пайдаланушы режимі

Бұны баптауларды реттеп жеке түсіру режимін жасау және сақтау үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Тәжірибелі** → **P / A / S / M** тармағын түртіп, қажет түсіру опцияларын орнатыңыз.

Содан кейін ағымдағы баптауларды сақтау үшін  →  → **Пайдал. режим. сақтау** тармағын түртіңіз.

Пайдаланушы режиміне қатынасу үшін **MODE** → **Тәжірибелі** → **USER** тармағын түртіңіз.



Ақылды тақтамен енгізілген өзгерістер басқа маман режимдеріне әсер етпейді.

## Негізгі түсіру опцияларын реттеу

Маман режимінде экранды түртіп, Басқару дискі немесе i-Function түймешігі арқылы ысырма жылдамдығын, апертура мәнін, экспозиция мәнін немесе ISO сезімталдықты реттеуге болады.





Әдістер таңдалған әрекет түріне және Басқару дискін басқару баптауларына қарай әр түрлі болуы мүмкін.

## Экранды түрту

Экранның үстінде көрсетілген негізгі түсіру опцияларының біреуін түртіп, керекті мән көрсетілгенше солға немесе оңға сүйреп апарыңыз. Реттеуді растау үшін экрандағы бос аумақты түртіңіз немесе Ысырма түймесін жартылай басыңыз.

## Басқару дискін пайдалану

 →  → **Теруді басқару** → **3-опция** тармағын түртіп, алдын-ала қарау экранына оралыңыз. Опцияны таңдау үшін Басқару дискін қайта-қайта басыңыз және мәнді реттеу үшін оны бұраңыз. Реттеуді растау үшін экрандағы бос аумақты түртіңіз немесе Ысырма түймесін жартылай басыңыз.

## i-Function түймешігін пайдалану

Объективте i-Function түймешігін қайта-қайта басып опцияны таңдаңыз, содан кейін мәнді реттеу үшін объективтегі фокустау сақинасын бұрыңыз. Реттеуді растау үшін экрандағы бос аумақты түртіңіз немесе Ысырма түймесін жартылай басыңыз.

## Ақылды тақтаны пайдалану

Түсіру опцияларын жылдам өзгерту үшін ақылды тақтаны пайдаланыңыз. Ақылды тақтаны кәсіби әрекет түрі таңдалғанда ғана пайдалануға болады.

Ақылды тақтаны қосу үшін  →  → **Пайдаланушы түрі** → **Кәсіби** тармағын түртіңіз.


Ақылды тақтаны ашу үшін  →  тармағын түртіңіз.

Опцияны түртіңіз және мәнді реттеу үшін солға немесе оңға сүйреп апарыңыз немесе оны ашылмалы тізімнен таңдаңыз. Немесе опцияны белгілеу үшін Басқару дискін бұраңыз, опцияны таңдау үшін оны басыңыз және мәнді реттеу үшін оны бұраңыз.

Ағымдағы баптауларды пайдаланушы режимі ретінде сақтау үшін  түртіңіз.


## Автоэкспозиция құлпын пайдалану

Күшті түс контрастына байланысты тиісті экспозицияға қол жеткізу мүмкін болмаған кезде экспозицияны құлыптап, фотосурет түсіріңіз.



Экспозиция мәнін құлыптау үшін фотосурет экспозициясын реттеңіз және экспозицияны құлыптау үшін  түртіңіз. Объективті қажетті жерге бағыттап, Ысырма түймесін басыңыз.

## Тіркесімдер

Камераның әр түрлі опцияларына оңай қол жеткізу үшін тіркесімдерді қосыңыз немесе алып тастаңыз.

 немесе басқа тіркесім белгішесін түртіп ұстап тұрыңыз.

Опцияны түртіп ұстап тұрып, керекті орынға сүйреп апарыңыз.  жылжыту мүмкін емес.



- **AF/MF бір рет түрту:** фокус режимін өзгерту.
- **AF құлпы:** нысанды фокустау үшін Ысырма түймесін жартылай басып және тіркесім белгішесін түртіп, фокусты құлыптау.
- **WB бір рет түрту:** объективті ақ бетке бағыттап және Ысырма түймесін басып, ақ түс балансын қолмен орнату.
- **RAW+ бір рет түрту:** камераны фотосуреттерді jpg және raw файл пішімдерінде сақтауға теңшеу.
- **Оптикалық қарау:** фотосурет түсіру алдында оптикалық алдын-ала қарауды қарау. Камера апертураны алдын ала анықталған баптауларға реттейді және нәтижесін экранда көрсетеді.
- **Дисплей:** ақпаратты экранда көрсету әдісін өзгерту. (85-б.)

## Смарт

Бұл режимді әр түрлі көріністерге алдын ала орнатылған параметрлермен фотосурет түсіру үшін пайдаланыңыз.

### Смарт режим ұсыну

Мұны камера автоматты түрде ұсынатын зерделі режимдердің біреуінің көмегімен суреттер түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Смарт режим ұсыну** тармағын түртіңіз.

Ысырма түймесін жартылай басыңыз, ұсынылған тізімнен режимді таңдаңыз, содан кейін сурет түсіру үшін Ысырма түймесін басыңыз. Егер ұсынылған тізімнен режимді таңдамасаңыз, камера суретті Автоматты режимде түсіреді.




Таңдалған режимді өзгерту үшін,  опциясын түртіңіз.

### Әдемі түр

Бұл режимді әдемірек сурет түсіру мақсатында жүздерді жарықтандыру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Әдемі түр** тармағын түртіңіз.

Суретке түсіру үшін ысырма түймешігін басыңыз. Бетті түртіп, әсерлерді реттеңіз. Бастапқы және реттелген сурет арасында ауысу үшін, **Бұрын & кейін** опциясын түртіңіз. Суретті сақтау үшін, **Сақтау** опциясын түртіңіз.

Камераны әсерлерді автоматты түрде реттеуге теңшеу үшін  →  →  → **Бетті ұлғайту** → **Өшірілген** тармағын түртіңіз.

## Ең жақсы фотосурет

Бұл режимді қысқа уақытта бірнеше сурет түсіріп, ішіндегі ең жақсысын таңдап алу үшін қолданыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Ең жақсы фотосурет** тармағын түртіңіз.

Бірнеше фотосурет түсіру үшін Ысырма түймешігін басыңыз. Сақтауға қажетті суреттердің нобайларын түртіп, ұстап тұрыңыз, содан кейін **Сақтау** опциясын түртіңіз.

## Жалғастырып түсіру

Бұл режимді қозғалыстағы нысандардың бірнеше фотосуретін түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Жалғастырып түсіру** тармағын түртіңіз.

Камераны тұрақты ұстап тұрып, Ысырма түймесін басып, ұстап тұрыңыз, содан кейін бірнеше фотосуретті үздіксіз түсіріңіз.



Үздіксіз түрде бірнеше фотосурет түсіру үшін жазу жылдамдығы жоғарырақ жад карталарын пайдаланыңыз (micro SDHC Class10 немесе одан жоғары).

## Гольф

Мұны техниканы талдау үшін гольф соққысының ретті суреттерін түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Гольф** тармағын түртіңіз.

Ысырма түймесін басыңыз. Камера гольф соққысын анықтағанда 120 кадр/сек жылдамдығымен бірнеше сурет түсіреді.



- Бұл мүмкіндік портреттік бағдарда қол жетімді емес.
- Штативті пайдалану ұсынылады.
- Жарық төмен жағдайларда бекітілген кадр жылдамдығына және ысырма жылдамдығына байланысты алдын ала қарау экраны және суреттер күңгірттеу болып көрінуі мүмкін. Ең жақсы нәтижелер алу үшін суреттерді жеткілікті жарық бар орындарда түсіріңіз.
- Сырт сияқты жарығы төмен шарттарда (500 люкстен төмен) камера шайқалуды анықтай алмауы мүмкін.




## Ең әдемі түр

Мұны бір уақытта бірнеше топ кадрын түсіру және ең жақсы мүмкін суретті жасау үшін оларды біріктіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Ең әдемі түр** тармағын түртіңіз.

Бірнеше фотосурет түсіру үшін Ысырма түймешігін басыңыз. Ең жақсы кадрды алу үшін камераны тұрақты ұстаңыз және суреттерді түсіргенде қозғалмаңыз. Әр беттегі сары жақтауды түртіп, нысан үшін ең жақсы жеке бетті таңдаңыз. Әр тұлға үшін бетті таңдағаннан кейін суреттерді бір суретке біріктіріп, сақтау үшін **Сақтау** опциясын түртіңіз.



## Түсті жақша

Бұны түс әсерлері әр түрлі үш фотосуретті үздіксіз түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Түсті жақша** тармағын түртіңіз.

## Бала-р кадры

Мұны түсіру кезінде нәрестенің назарын аудару үшін қызық дыбысты ойнату үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Бала-р кадры** тармағын түртіңіз.

Ысырма түймесін жартылай басыңыз. Камера назар дыбысын шығарады. Қатарынан бес фотосурет түсіру үшін Ысырма түймесін басыңыз.

Назар дыбысын өзгерту үшін  түртіңіз.



## Виньетка+

Бұны шеттерін қараңғылап фотосурет ортасын белгілеу үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Виньетка+** тармағын түртіңіз.



## Табиғат көрінісі

Көк аспан мен алуын түрлі түске бай ландшафт фотосуреттерін түсіру үшін осы режимді қолданыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Табиғат көрінісі** тармағын түртіңіз.



## Анық көріну

Мұны таңның атуын білінер-білінбес түстерде суретке түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Анық көріну** тармағын түртіңіз.

## Қар

Мұны қар пейзаждарының жарқыраған суреттерін түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Қар** тармағын түртіңіз.

## Макро

Бұл режимді өте жақын нысандарды түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Макро** тармағын түртіңіз.



Фотосуреттердің бұлдырауына жол бермеу үшін камераны қозғалтпай ұстаңыз.

## Тамақ

Мұны тағамдардың түсін қанық етіп суретке түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Тамақ** тармағын түртіңіз.

## Кеш/Іште

Мұны анық іштегі суреттерді түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Кеш/Іште** тармағын түртіңіз.

## Әрекетті қатыру

Мұны жоғары жылдамдықта қозғалып жатқан нысандардың суреттерін түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Әрекетті қатыру** тармағын түртіңіз.



Күндізгі жарықта түсіру ұсынылады.

## Бай дыбыс

Жарық және қараңғы орталарда детальдерді жоғалтпай фотосурет түсіру үшін осы режимді пайдаланыңыз. Камера экспозиция мәндері әр түрлі үш фотосурет түсіріп, оларды бір фотосуретке біріктіреді. Сонымен бірге бастапқы экспозиция мәнімен түсірілген сурет сақталады.

**MODE** → **Смарт** → **Бай дыбыс** тармағын түртіңіз.

Камераны тұрақты ұстаған күйі Ысырма түймесін басып, үш сурет түсіріңіз.



Әсерсіз



Әсермен



- Камераның дірілдеуі, нысанның қозғалуы және түсіру ортасы бұл мүмкіндікке кері әсерін тигізуі мүмкін.
- Бұл мүмкіндікте жарқыл өшірулі болады.
- Қозғалып жатқан нысандарды түсірген кезде қалдық кескін пайда болуы мүмкін.
- Штативті пайдалану ұсынылады.

## Панорама

Бұл режимді кең панорамалық фотосурет түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Панорама** тармағын түртіңіз.

Фотосурет түсіру үшін Ысырма түймесін басыңыз, содан кейін камераны бір бағытта жылжытыңыз. Көк жақтау алдын ала қарау экранымен тураланған кезде құрылғы панорамалық кезектегі келесі фотосуретті автоматты түрде түсіреді. Түсіруді тоқтату үшін Ысырма түймесігін қайтадан басыңыз. Фотосуреттер автоматты түрде бір панорамалық суретке біріктіріледі.





- Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін келесі әрекеттерді жасамаңыз:
  - Камераны тым тез немесе тым жай қозғалту.
  - Келесі фотосуретті түсіру үшін камераны тым аз қозғалту.
  - Камераны әр түрлі жылдамдықпен қозғалту.
  - Камераны дірілдету.
  - Фотосурет түсіріп жатқан кезде камера бағытын өзгерту.
  - Жарығы төмен ортада фотосурет түсіру.
  - Қозғалып жатқан нысандарды түсіру.
  - Жарықтық немесе жарықтың түсі өзгеретін фотосурет түсіру.
  - Ашық аспан немесе кәдімгі қабырға сияқты танылмайтын фондарда нысан суреттерін түсіру.
- Түсіру келесі жағдайларда тоқтайды:
  - Түсіру кезінде нысаннан қашықтықты өзгерту.
  - Камераны тым тез қозғалту.
  - Камераны қозғалтпау.
- Композицияға немесе көрініс аясында қозғалысқа байланысты камера фотосурет түсіруді тоқтатуы мүмкін.
- Камераны көрініс тоқтауы қажет орынның өзінде тоқтатсаңыз, камера толық көріністі түсіре алмайды. Толық көріністі түсіру үшін камераны көрініс аяқталуы қажет орыннан кішкене ары жылжытыңыз.

## Сарқырама

Бұл режимді сарқырама фотосуреттерін түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Сарқырама** тармағын түртіңіз.



Фотокамера фотосурет түсірген кезде ысырма жылдамдығы төмен болатындықтан сурет бұлыңғыр болып шығуы мүмкін. Штативті пайдалануды ұмытпаңыз.

## Анимацияланған фотосурет

Мұны камера автоматты түрде анықтаған таңдалған нысандарды қатыру немесе анимациялау арқылы сурет жасау үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Анимацияланған фотосурет** тармағын түртіңіз.




Суретке түсіру үшін ысырма түймешігін басыңыз. **Анимацияланған** немесе **Қатыру** опциясын түртіңіз де, анықталған қозғалатын нысандарды анимациялау немесе қатыру үшін экранды үйкеңіз. Кесетін ауқымды реттеу үшін **Жақтау** опциясын немесе анимация бағытын өзгерту үшін **Бағыт** опциясын түртіңіз. Содан кейін суретті сақтау үшін, **Сақтау** опциясын түртіңіз.

## Бірнеше кадр

Бұны бірнеше түсірілім жасау және қабаттастыру арқылы бір фотосурет жасау үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Бірн. экспоз.** тармағын түртіңіз.

Түсірілімдер санын орнату үшін  түртіңіз.

Камераны барлық фотосуреттерді немесе тек соңғы нәтижесін сақтауға теңшеу үшін  →   
→  → **Түпнұсқаны сақтау** тармағын түртіңіз.



## Драма

Бұл мүмкіндікті суреттер сериясын түсіру және қозғалыстың жолақтарын көрсететін суретті жасау үшін біріктіріңіз.

**MODE** → **Смарт** → **Драма** тармағын түртіңіз.

Бірнеше суретті үздіксіз түсіру үшін камераны тұрақты ұстап тұрып, Ысырма түймесін басыңыз. Түсірілімдерді таңдаңыз және фотосуретті сақтау үшін **Сақтау** опциясын түртіңіз.



Ең жақсы суретті алу үшін төмендегі кеңестерді орындаңыз. Басқа түсіру жағдайларында камера суреттерді дұрыс түсірмеуі мүмкін.

- Камераны тұрақты ұстаңыз және суреттерді түсіргенде қозғалмаңыз.
- Бір бағытта қозғалып жатқан нысанның суреттерін түсіріңіз.
- Фондарында қозғалатын нысандар жоқ суреттерді түсіріңіз.
- Түстері ұқсас нысанның және фонның суреттерін түсірмеңіз.
- Экран аумағы үшін тым жақын немесе тым алыс я болмаса автобус немесе пойыз сияқты тым ұзын нысан суреттерін түсірмеңіз.

## Өшіргіш

Мұны фондағы қозғалатын нысандарды өшіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Өшіргіш** тармағын түртіңіз.

Суреттер қатарын түсіру үшін Ысырма түймесін басыңыз. Камера қозғалыстағы нысандарды өшіреді. Бастапқы суретті қалпына келтіру үшін **Жылжыту нысан. көрс.** опциясын түртіңіз, содан кейін бөлектелген аумақты түртіңіз. Суретті сақтау үшін, **Сақтау** опциясын түртіңіз.




- Камераны тұрақты ұстаңыз және суреттерді түсіргенде қозғалмаңыз.
- Түстерді ұқсас нысанның және фонның суреттерін түсіргенде камера қозғалысты толық танымауы мүмкін.
- Өте аз немесе көп қозғалып жатқан нысанның суреттерін түсіргенде камера кейбір қозғалыстарды танымауы мүмкін.
- Егер фонда бірнеше нысан қозғалып жатса, камера кейбір қозғалыстарды танымауы мүмкін.

## Дыбыс, кадр

Мұны дыбыс бар суретті түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Дыбыс, кадр** тармағын түртіңіз.

Камера суретті түсіргеннен кейін бірнеше секунд дыбысты жазады.

Камераны суретті түсіру алдында немесе одан кейін дыбысты жазуға реттеу үшін  түртіңіз.



Осы режимде суреттерді түсіру кезінде ішкі микрофон дыбысты жазады.

## Миниатюра

Бұны сурет ортасын анық етіп және үстін және төменгі жағын бұлдыратып шағын әсерді қолдану үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Миниатюра** тармағын түртіңіз.





## Шығарма кадр

Бұны камера автоматты түрде анықтайтын көрініске тиісті сүзгіні қолдану үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Шығарма кадр** тармағын түртіңіз.

## Аралық

Бұны белгілі бір уақыт бойы түсірілетін суреттер аралығын және санын орнату үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Аралық** тармағын түртіңіз.

## Силуэт

Жарық фондағы қараңғы мүсіндерді түсіру үшін осы режимді пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Силуэт** тармағын түртіңіз.



Силуэт әсерін максималды деңгейде қолдану үшін фотосуреттерді жарық орындарда түсіріңіз.

## Күннің батуы

Бұл режимді күннің батып жатқан фотосуреттерін түсіру үшін пайдаланыңыз.


**MODE** → **Смарт** → **Күннің батуы** тармағын түртіңіз.

## Түн

Бұл режимді жарығы төмен ортада, жарқылды пайдаланбай қолданыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Түн** тармағын түртіңіз.

Камераны тұрақты ұстаған күйі Ысырма түймесін басып, үш сурет түсіріңіз. Фотосуреттер автоматты түрде бір фотосуретке біріктіріледі.



Фотокамера фотосурет түсірген кезде ысырма жылдамдығы төмен болатындықтан сурет бұлыңғыр болып шығуы мүмкін. Штативті пайдалануды ұмытпаңыз.

## Fireworks

Бұл режимді отшашу фотосуреттерін түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Fireworks** тармағын түртіңіз.



Фотокамера фотосурет түсірген кезде ысырма жылдамдығы төмен болатындықтан сурет бұлыңғыр болып шығуы мүмкін. Штативті пайдалануды ұмытпаңыз.

## Жарық жол

Бұл режимді жарығы төмен ортада жарық ізінің фотосуреттерін түсіру үшін пайдаланыңыз.

**MODE** → **Смарт** → **Жарық жол** тармағын түртіңіз.



Фотокамера фотосурет түсірген кезде ысырма жылдамдығы төмен болатындықтан сурет бұлыңғыр болып шығуы мүмкін. Штативті пайдалануды ұмытпаңыз.

## Менің режим


Мұны таңдаулы түсіру режимдерін тіркеу және оларды ыңғайлы таңдау үшін пайдаланыңыз. 10 режимге дейін тіркеуге болады.

**MODE** → **Менің режим.** → **Өзгерту** тармағын түртіп, таңдаулы түсіру режимдерін таңдаңыз. Таңдауды аяқтағаннан кейін сақтау үшін, **Дайын** опциясын түртіңіз.

## 3D режимі

Бұны қосымша 3D объективі бар 3D фотосуреттерін немесе бейнелерін түсіру үшін пайдаланыңыз.

Бұл мүмкіндікті пайдалану алдында SAMSUNG 45 mm F1.8 [T6] 2D/3D объективін камераға орнатыңыз.



Объективтегі 2D/3D қосқышын 3D пішіміне орнатыңыз және нысаннан 1,5-5 м қашықтықта фотосурет немесе бейне түсіріңіз.






- 3D пішімінде жазылған бейнелер қараңғы болуы мүмкін немесе ойнатылған кезде дірілдеуі мүмкін.
- Төмен температураларда түсіру суреттерде түс бұрмалануына әкелуі мүмкін және көбірек батарея қуатын тұтынуы мүмкін.
- 8,5 LV/900 люкстен төмен шарттарда дұрыс түсіре алмауыңыз мүмкін. Ең жақсы нәтижелер алу үшін суреттерді жеткілікті жарық бар орындарда түсіріңіз.
- Құрамында дисплей, күн көзілдірігі немесе поляризациялағыш сүзгі сияқты поляризациялағыш материал бар немесе объективпен поляризациялағыш материалды пайдаланатын нысандарды түсірген кезде суреттер күңгірт көрінуі мүмкін немесе 3D әсері дұрыс қолданылмауы мүмкін.
- Камераның дірілдеуіне жол бермеу үшін штативті пайдаланыңыз.
- Егер түсіру кезінде камераны бұрсаңыз немесе еңкейтсеңіз, 3D әсері дұрыс қолданылмауы мүмкін. Камерамен қалыпты күйде фотосуреттер немесе бейнелер түсіріңіз.
- Егер флюоресценттік жарықта түсірсеңіз немесе проекторлар немесе теледидарлар көрсететін суреттерді түсірсеңіз, суреттер жыпылықтау әсеріне байланысты күңгірт көрінуі мүмкін.
- Камера дисплейі 3D фотосуреттерін және бейнелерін тек 2D пішімінде көрсетеді.
- 3D мүмкіндігімен түсірілген фотосуреттер тpo файл пішімінде сақталады.
- 3D файлдарын қарау үшін камераны қосымша HDMI кабелімен 3D теледидарына немесе 3D мониторуна жалғаңыз. Қараған кезде тиісті 3D көзілдірігін киіңіз.
- Жарқылды осы режимде пайдалану мүмкін емес.
- Егер HDMI кабелі камераға жалғанған болса, осы режимде фотосуреттер немесе бейнелер түсіру мүмкін емес.

# Камера: түсіру опциялары және параметрлері

## Түсіру опцияларын теңшеу

Камерада әр түрлі түсіру опциялары қамтамасыз етілген. Олардың көмегімен теңшелген суреттерді және бейнелерді түсіруге болады.

Түсіру опцияларына қол жеткізу үшін,  опциясын түртіңіз. Таңдалған режимге байланысты  →  тармағын түртуге болады.

Опцияны таңдаңыз да, сақтаңыз.



- Қол жетімді опциялар және әдепкі баптаулар түсіру режиміне, пайдаланып жатқан объективке және түсіру жағдайларына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Таңдалған опцияға байланысты кейбір параметрлер қол жетімді болмауы мүмкін.

## EV (жарықтық)

Камера сурет жиектемесінен және нысанның орнынан жарық деңгейлерін өлшеу арқылы экспозицияны автоматты түрде орнатады. Егер камера орнатқан экспозиция күткеннен жоғарырақ немесе төменірек болса, экспозиция мәнін қолмен реттеуге болады.

 →  → **EV (жарықтық)** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.



Күңгірттеу (-)



Орташа (0)



Жарығырақ (+)





- Тиісті экспозиция мәнін таңдау мүмкін болмаған жағдайда суретке түсіру кезінде әр түрлі экспозиция мәндері бар қатарынан үш сурет түсіру үшін **AE BKT** опциясын пайдаланыңыз.
- Жоғары экспозициялық мәндеріне ие фотосуреттерді түсіру ысырма жылдамдығы баяуырақ болғандықтан бұлыңғыр фотосуреттерге себеп болуы мүмкін.

## ISO (сезгіштік)

ISO сезімталдық мәні камераның жарыққа сезімталдығын білдіреді.

ISO сезімталдық неғұрлым жоғары болса, камера жарыққа соғұрлым сезімтал болады. Кейін, жоғарырақ ISO сезімталдықты таңдау арқылы суреттерді күңгірт орындарда тезірек ысырма жылдамдықтарында түсіруге болады. Бірақ, бұл электрондық бұрмалануды арттыруы және түйіршікті суретті беруі мүмкін.

 →  → **ISO (сезгіштік)** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

### Мысалдар



ISO 100



ISO 400



ISO 800



ISO 3200





- Жарқылды пайдалануға тыйым салынған орындарда ISO сезімталдықты арттырыңыз. Көбірек жарықты қамтамасыз етпестен жоғары ISO сезімталдықты орнату арқылы анық суретті түсіруге болады.
- ISO сезімталдық жоғары фотосуреттерде көрінуі мүмкін көрнекі бұрмалануды азайту үшін бұрмалануды азайту мүмкіндігін пайдаланыңыз. (95-б.)

## WB (жарық көзі)

Ақ түс балансы суреттің түсіне әсер ететін жарық көзін білдіреді.


Суреттің түсі жарық көзінің түріне және сапасына байланысты. Егер суреттің түсі шынайы болуын қаласаңыз, ақ түс балансын калибрлеу үшін тиісті жарықтандыру жағдайын таңдаңыз немесе түс температурасын қолмен реттеңіз. Сондай-ақ, алдын ала орнатылған жарық көздері үшін түсті суреттің түстері аралас жарықтандыру жағдайларындағы іс жүзіндегі көрініске сәйкес болатындай реттеуге болады.

 →  → **WB (жарық көзі)** тармағын түртіңіз де, опцияны таңдаңыз.

- **Авто:** жарықтандыру жағдайларына байланысты автоматты параметрлерді пайдалану.
- **Күндізгі жарық:** мұны шуақты күндерде пайдаланыңыз. Бұл опция көріністің табиғи түстеріне ең жақын суреттерді береді.
- **Бұлтты:** мұны бұлтты күндерде немесе көлеңкеде пайдаланыңыз. Бұлтты күндерде түсірілген суреттер шуақты күндерде түсірілген суреттермен салыстырғанда көгірек болып көрінеді. Бұл опция сол әсерді кетіреді.
- **Флуоресцентті W:** бұны күндізгі флуоресценттік шамы, әсіресе ақ флуоресценттік жарық астында пайдалану.
- **Флуоресцентті NW:** бұны күндізгі флуоресценттік шамы, әсіресе өте ақ реңктері бар ақ флуоресценттік жарық астында пайдалану.
- **Флуоресцентті D:** бұны күндізгі флуоресценттік шамы, әсіресе сәл көкшіл реңктері бар ақ флуоресценттік жарық астында пайдалану.
- **Вольфрам:** мұны қызу шамдары немесе галогендік шамдар астында пайдаланыңыз. Қызу вольфрамдық шамдарында қызыл реңк болады. Бұл опция сол әсерді кетіреді.
- **Жарқыл WB:** бұны жарқылды пайдаланған кезде пайдалану.
- **Реттемелі:** мұны теңшелетін ақ түс балансын реттеу үшін пайдаланыңыз.  түртіп, ақ түсті беткі қабаттың бөлігіне объективті бағыттап, Ысырма түймесін басыңыз.



- **Түс температурасы:** мұны жарық көзінің түс температурасын қолмен реттеу үшін пайдаланыңыз. Түс температурасы — жарық көзінің белгілі бір түрін көрсететін кельвин градустары. Түс температурасы артқанда түс үлестірімі салқынырақ болады. Керісінше, түс температурасы азайғанда түс үлестірімі жылырақ болады. ➤ түртіңіз және түс температурасын реттеу үшін жүгірткіні сүйреп апарыңыз немесе + түртіңіз немесе - түртіңіз.



## Мысалдар



Автоматты ақ түс балансы



Күндізгі жарық



Флюоресценттік күндізгі жарық




Вольфрам



Тиісті ақ түс балансы опциясын таңдау мүмкін болмаған жағдайда суретке түсіру кезінде әр түрлі ақ түс балансы баптауларымен қатарынан үш сурет түсіру үшін **WB** **BKT** опциясын пайдаланыңыз.

## Алдын ала орнатылған ақ түс балансының опцияларын теңшеу

Алдын ала орнатылған жарық көздері үшін түсті реттеңіз.

Ақ түс балансы опциясының жанындағы  түртіңіз. Координаттардағы мәнді реттеу үшін көрсеткілерді түртіңіз немесе экрандағы аумақты түртіңіз.

- **G**: жасыл
- **A**: сары
- **M**: көкшіл қызыл
- **B**: көк

## Өлшеуіш

Өлшеу режимі камераның жарық мөлшерін өлшеу әдісіне қатысты. Камера көріністегі және оның көп режимдеріндегі жарық мөлшерін өлшейді, өлшемді әр түрлі параметрлерді реттеу үшін пайдаланады. Мысалы, нысан іс жүзіндегі түсінен күңгірттеу болып көрінсе, камера оның күн көзінде артық ұсталған суретін түсіреді. Нысан іс жүзіндегі түсінен ашықтау болып көрінсе, камера оның күн көзінде кем ұсталған суретін түсіреді.

 →  → **Өлшеуіш** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Мульти**: камера бірнеше аумақтағы жарық мөлшерін есептейді. Жарық жеткілікті немесе жеткіліксіз болса, камера көріністің жалпы жарықтығының орташа мәнін анықтау арқылы экспозицияны реттейді. Бұл режим жалпы суреттер үшін қолайлы.
- **Нүкте**: камера ортадағы жарық мөлшерін есептейді. Нысан артында күшті артқы жарық бар жағдайларда сурет түсірсеңіз, камера нысанды дұрыс түсіру үшін экспозицияны реттейді.
- **Орталықтанған**: камера нүкте режимімен салыстырғанда кеңірек аумақты есептейді. Ол суреттің орталық бөлігіндегі жарық мөлшерін (60–80 %) және суреттің қалған бөлігіндегі жарық мөлшерін (20–40 %) қосады.

## Драйв

Бұл опцияны түсіру әдісін орнату үшін пайдаланыңыз. Үздіксіз немесе қатарынан түсірілімдер жарыс көліктері сияқты жылдам қозғалатын нысандардың тез қозғалысын түсіру үшін ұсынылады.

 →  → **Драйв** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Бір түсірілім:** мұны жалғыз сурет түсіру үшін пайдаланыңыз.
- **Үзіліссіз қалыпты:** бұны Ысырма түймесін басқан кезде секундына үздіксіз бес фотосурет түсіру үшін пайдалану.
- **Үзіліссіз жоғары:** бұны Ысырма түймесін басқан кезде секундына үздіксіз шамамен сегіз фотосурет түсіру үшін пайдалану.
- **Пакет. түсіру (10 fps) / Пакет. түсіру (15 fps) / Пакет. түсіру (30 fps):** бұны Ысырма түймесін бір рет басқан кезде үздіксіз 30 фотосурет түсіру үшін пайдалану.
- **АЕ ВКТ:** автоматты экспозиция брекетингі опциясын әр түрлі экспозиция мәндерімен (бір қадам ашықтау, бастапқы және бір қадам күңгірттеу) үш ретті суретті түсіру үшін пайдаланыңыз. Бұлдыр фотосуреттерді болдырмау үшін штативті пайдаланыңыз. Аралық ауқымын **Жақша жиыны** ішінде реттеуге болады. (94-б.)
- **WB ВКТ:** ақ түс балансының брекетингі опциясын әр түрлі ақ түс балансы баптауларымен (әр түрлі ақ түс балансы баптауларымен түпнұсқа және тағы екі) қатарынан үш суретті түсіру үшін пайдаланыңыз. Бастапқы фотосурет Ысырма түймесін басқан кезде түсіріледі. Қалған екеуі орнатылған ақ түс балансына автоматты түрде реттеледі. Аралық ауқымын **Жақша жиыны** ішінде реттеуге болады. (94-б.)




- Суреттерді үздіксіз түсіру кезінде жад картасының сыйымдылығына және өнімділігіне байланысты суреттерді сақтау ұзағырақ уақыт алуы мүмкін.
- Суреттерді үздіксіз түсіру кезінде штативті пайдалану ұсынылады.

## Дисплей


Бұл опцияны экрандағы түсіру мәліметін қосу немесе алып тастау үшін пайдаланыңыз.

⚙️ → 📷 → **Дисплей** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.


- **Әдеттегі:** камера экранда негізгі түсіру мәліметін көрсетеді.
- **Гистограмма:** камера экранда гистограмманы көрсетеді. Гистограмма фотосуреттің жарықтық үлестірімін көрсететін сызба болып табылады. Солға еңкейген гистограмма күңгірт фотосуретті білдіреді. Оңға еңкейген гистограмма ашық фотосуретті білдіреді. Сызба биіктігі түс мәліметіне байланысты. Егер белгілі бір жиі пайдаланылатын болса, сызба жоғары көтеріледі.



Жеткіліксіз экспозиция



Балансталған экспозиция



Артық экспозиция

- **Көлденең деңгей:** камера экранда деңгей өлшегішті көрсетеді. Деңгей өлшегіш камераны экрандағы көлбеу сызықтармен туралауға көмектеседі.



▲ Теріс



▲ Теріс емес

- **Қашықтық шкаласы:** камера экранда қашықтық шкаласын көрсетеді. Қашықтық шкаласы нысан және камера арасындағы қашықтықты білдіреді. Бұл функция қашықтық шкаласы функциясына қолдау көрсететін объектив орнатылған кезде ғана қол жетімді болады.
- **Жасыру:** камера негізгі түсіру опцияларын қоспағанда ағымдағы камера баптауларын көрсететін белгішелерді жасырады.

## Пайдал. режим. сақтау

Бұны ағымдағы баптауларды жеке түсіру режимі ретінде сақтау үшін пайдаланыңыз.

⚙️ → 📷 → **Пайдал. режим. сақтау** тармағын түртіңіз.


## Жарық

Нысанның шынайы суретін түсіру үшін жарықтың мөлшері тұрақты болуы керек. Жарық көзі өзгеріп отырса, жарқылды пайдалануға және жарықтың тұрақты мөлшерін қамтамасыз етуге болады.


Автоматты немесе ақылды режимде Ысырма түймесін жартылай басқан кезде немесе жарығы төмен шарттарда экранды түрткен кезде жарқыл опциясына қарай жарқыл автоматты түрде шығады.

⚙️ → 📷 → **Жарық** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз. Опцияны орнатпас бұрын флэш картаны қолмен ашу үшін эксперт режиміндегі босату түймесін басыңыз.

- **Өшірілген:** мұны жарқылды өшіру үшін пайдаланыңыз.
- **Смарт-жарқыл:** бұны қоршаған ортадағы жарық мөлшеріне қарай жарқыл жарықтығын автоматты түрде реттеу үшін пайдалану.
- **Авто жарқыл:** мұны жарқылды автоматты түрде пайдалану үшін пайдаланыңыз. Нысан немесе фон қараңғы болғанда жарқыл жанады.
- **Авто + қызыл көз:** бұны жарқылды автоматты түрде пайдалану және қызыл көздерді азайту үшін пайдалану.
- **Толтыру:** мұны жарқылды әрқашан пайдалану үшін пайдаланыңыз.
- **Қызыл көзді + белг.:** бұны жарқылды үнемі пайдалану және қызыл көздерді азайту үшін пайдалану.
- **1-перде:** бұны ысырма ашылғаннан кейін дереу жарқылды жағу үшін пайдалану. Камера алдыңғы әрекет тізбегіндегі нысан фотосуретін анық түсіреді.



- **2-перде:** бұны ысырма жабылмас бұрын жарқылды жағу үшін пайдалану. Камера кейінгі әрекет тізбегіндегі нысан фотосуретін анық түсіреді.






- Зақымды болдырмау үшін жарқылды пайдаланбаған кезде оны ішке қарай жинап қойыңыз.
- Жарқылды күштеп ашу камераның зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Тек Samsung компаниясы рұқсат еткен жарқылдарды пайдаланыңыз. Үйлесімді емес жарқылдарды пайдалану камераны зақымдауы мүмкін.



- Жарқылдың екі жануы арасында аралық бар. Жарқыл екінші рет жанғанша қозғалмаңыз.
- Егер **Өшірілген** таңдасаңыз, жарқыл тіпті сыртқы жарқыл жалғанғанда жанбайды.
- Жарқылдан шыққан жарық шағылысса немесе ауада белгілі бір көлемдегі шаң болса, фотосуретте кіші нүктелер пайда болуы мүмкін.
- Егер қарқындылығы реттелетін сыртқы жарқылды камераға орнатсаңыз, жарқылдың қарқындылық баптаулары қолданылады.
- Егер жарқылды пайдаланған кезде нысан тым жақын болса, жарық бұғатталып, нәтижесінде күңгірт фотосурет шығуы мүмкін. Нысанның объектив түріне қарай кеңес етілген ауқымда болуын қадағалаңыз.
- Бленда орнатылған кезде жарқылдан жарықты бленда бұғаттауы мүмкін. Жарқылды пайдалану үшін бленданы алып тастаңыз.

## Жарқыл қарқындылығын реттеу

Жарқыл қосылған кезде жарқыл қарқындылығын реттеңіз.

Опция жанындағы  түртіңіз және қарқындылықты реттеу үшін жүгірткіні сүйреп апарыңыз немесе  немесе  түртіңіз.

## AF режимі


Бұл опцияны нысанға сай фокустау режимін таңдау үшін пайдаланыңыз.

Егер объективтің АФ/ҚФ қосқышы болса, қажетті фокустау режимін таңдау үшін қосқышты орнатыңыз. **Single AF** немесе **Үзіліссіз AF** таңдау үшін қосқышты АФ күйіне орнатыңыз.

**Қолмен фокустау** таңдау үшін қосқышты ҚФ күйіне орнатыңыз.

⚙️ → 📷 → **AF режимі** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Single AF:** мұны қозғалыссыз нысанды түсіру үшін пайдаланыңыз. Ысырма түймесін жартылай басқанда фокус фокустау аумағында бекітіледі. Фокусталғанда аумақ жасыл түске боялады.
- **Үзіліссіз AF:** мұны жылдам қозғалатын нысандарды түсіру үшін пайдаланыңыз. Ысырма түймесін жартылай басқанда камера фокустай береді. Фокустау аумағы нысанда бекітілгеннен кейін нысан тіпті қозғалғанда үнемі фокуста болады.



- **Қолмен фокустау:** мұны объективтегі фокустау сақинасын бұру арқылы нысанды қолмен фокустау үшін пайдаланыңыз.

**MF көмектесу** фокусқа оңай қол жеткізуге көмектеседі. Фокустау сақинасын бұрған кезде фокустау аумағы ұлғаяды. (92-б.) **Фокус шыңы** пайдаланған кезде таңдалған түс фокусталған нысанда пайда болады. (92-б.)



## AF аумағы

Бұл опцияны фокустау аумағының орындарын өзгерту үшін пайдаланыңыз.

Әдетте камералар ең жақын нысанды фокустайды. Бірақ, нысандар көп болса, қажет емес нысандар фокусталуы мүмкін. Қажет емес нысандардың фокусталуын болдырмау үшін фокустау аумағын фокуста қажет нысан болатындай өзгертіңіз. Тиісті фокустау аумағын таңдау арқылы анығырақ және айқынырақ суретті алуға болады.

 →  → **AF аумағы** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Орталық АФ:** мұны кадрдың ортасында фокустау үшін пайдаланыңыз.
- **Бірнеше АФ:** мұны бірнеше аумақты фокустау үшін пайдаланыңыз. Сурет екі немесе одан көп аумаққа бөлінеді және камера әр аумақтың фокустау нүктелерін алады және фокус дұрыс орнатылған орындарда жасыл тіктөртбұрышты көрсетеді. Бұл опция көрініс суреттері үшін ұсынылады.
- **Бетті анықтау:** мұны алдымен адам беттеріне фокустау үшін пайдаланыңыз. Бұл опция бір топ адамды түсіру үшін ұсынылады.



Бұл мүмкіндік төмендегі жағдайларда тиімсіз:

- Нысан камерадан тым алыс.
- Жарық тым ашық немесе тым қараңғы.
- Нысан құрылғыға қарама қарсы болмағанда.
- Нысан күнге қарсы көзілдірік немесе маска кигенде.
- Нысанның бет әлпеті шамадан тыс өзгергенде.
- Нысанның қара көлеңкесі болғанда немесе жарықтық жағдайлары тұрақсыз болғанда.



- **AF бақылау:** бұны тіпті нысан қозғалғанда немесе түсіру жиектемесін өзгерткенде нысанды бақылау және автоматты түрде фокустау үшін пайдаланыңыз.



- Нысанды бақылау мына шарттарда сәтсіз болуы мүмкін:
    - Нысан тым кішкентай.
    - Нысан артық қозғалады.
    - Нысанның артқы жағы жанып тұрады немесе қараңғы жерде түсіріп жатырсыз.
    - Нысандағы және артқы фондағы түстер немесе үлгілер бірдей.
    - Нысанда көлденең сызықтар бар, мысалы жалюзи.
    - Нысан артық дірілдейді.
  - Егер камера нысанды бақылай алмаса, фокустау аумағы ысырылады.
  - Егер камера фокустай алмаса, фокустау жақтауы қызылға өзгереді және фокус ысырылады.
- **Бір рет түртіп түсіру:** бұны саусағыңыздың ұшымен түртіп фотосурет түсіру үшін пайдаланыңыз. Нысанды түрткен кезде камера нысанға фокустайды және автоматты түрде фотосурет түсіреді.

## AF өлшемі

Бұл опцияны автофокус жақтауының өлшемін өзгерту үшін пайдаланыңыз.

 →  → **AF өлшемі** тармағын түртіп, жақтау өлшемін реттеу үшін  немесе  түртіңіз.



## Фотосурет көлемі

Ажыратымдылықты арттырғанда суретте көбірек пиксельдер болады, осылайша оны үлкенірек қағазда басуға немесе үлкенірек экранда көрсетуге болады. Жоғары ажыратымдылықты пайдалансаңыз, файл өлшемі де артады. Сандық сурет жақтауында көрсетілетін немесе вебке кері жүктелетін суреттер үшін төмен ажыратымдылықты таңдаңыз.

 →  → **Фотосурет көлемі** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

## Сапа

Бұл опцияны жақсырақ суреттер алу үшін жоғарырақ сурет сапасын таңдау үшін пайдаланыңыз. Фотосурет сапасы артса, файл өлшемі де артады.

 →  → **Сапа** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

Камера фотосуреттерді jpg немесе raw файл пішімінде сақтайды. jpg пішіміндегі фотосуреттер түсіру уақытындағы камера баптауларына қарай жадқа сақталады. Бірақ, өңделмеген пішімдегі файлдар jpg пішіміне түрлендірілмейді және жадта ешбір өзгерістерсіз сақталады.

Өңделмеген пішімдегі файлдардың srw файл кеңейтімі бар. Өңделмеген пішімдегі файлдарды басқа файл пішімдеріне түрлендіру немесе экспозицияларды, ақ түс балансын, реңктерді, контрасттарды және түстерді түрлендіру үшін қамтамасыз етілген DVD дискісінде бар Adobe Photoshop Lightroom бағдарламасын пайдаланыңыз. Фотосуреттерді raw файл пішімінде сақтау үшін жадта жеткілікті бос орын бар екенін тексеріңіз.

## Adobe Photoshop Lightroom орнату

Adobe Photoshop Lightroom DVD дискісін компьютерге салыңыз, тілді таңдаңыз және орнатуды орындау үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз.





Adobe Photoshop Lightroom арқылы jpg, tiff және raw файл пішімдерін қоса сурет файлдарын түрлендіруге немесе түзетуге болады. Қосымша ақпарат бағдарлама нұсқаулығынан қараңыз.



- Adobe Photoshop Lightroom бағдарламасында суреттің жарықтық, түс және басқа әсерлері басқаша көрсетілуі мүмкін. Өйткені Adobe Photoshop Lightroom бағдарламасында өңдеуге дайындау үшін суретке түсіру кезінде қолданылған бастапқы камера параметрлері мен опциялары жойылады.
- Егер құрылғыны Mac OS компьютеріне USB кабелі арқылы жалғау үшін PTP режимін пайдалансаңыз, Adobe Photoshop Lightroom бағдарламасында импорттау тақтасындағы сурет нобайларын алдын-ала қарай алмауыңыз мүмкін. Бұл жағдайда импорттау түймесін басып, оларды Кітапхана модулінде алдын-ала қараңыз.

## Кескінді реттеу

Бұл опцияны суреттердің түсін, қанықтығын, айқындығын немесе контрастын реттеу үшін пайдаланыңыз.

 →  → **Кескінді реттеу** тармағын түртіңіз және жүгірткіні сүйреп апарыңыз немесе әрбір мән үшін  немесе  түртіңіз.

## Таймер

Бұл опцияны уақытын кешіктіріп түсіру үшін пайдаланыңыз.

 →  → **Таймер** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

Таймерді іске қосу үшін Ысырма түймесін басыңыз. Камера көрсетілген уақыт аралығынан кейін суреттерді түсіреді. Таймерден бас тарту үшін ысырма түймешігін басыңыз.

## MF көмектесу

Бұл опцияны фокустау сақинасын бұраған кезде көріністі ұлғайту және фокусты оңай реттеу үшін пайдаланыңыз.

 →  → **MF көмектесу** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Өшірілген:** осы опцияны өшіру үшін пайдаланыңыз.
- **x5 үлкейту:** бұны фокустау сақинасын бұраған кезде фокустау аумағын бес есе ұлғайту үшін пайдаланыңыз.

## Фокус шыңы

Бұл опцияны фокустау сақинасын бұраған кезде фокустау үшін таңдалған түсті фокусталған нысанда пайда болуға теңшеу үшін пайдаланыңыз.

 →  → **Фокус шыңы** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Деңгей:** бұны фокусталған нысанды анықтау сезімталдық деңгейін орнату немесе опцияны өшіру үшін пайдаланыңыз.
- **Түс:** бұны фокусталған нысанда пайда болатын түсті орнату үшін пайдаланыңыз.

## AE опциясын AF нүктесімен байлам жасау

Бұл опцияны фокустау аумағының экспозиция мәнін өлшеу үшін пайдаланыңыз. Бұл опция қосылған кезде камера фокустау аумағының жарықтығын есептеп, оңтайлы экспозицияны автоматты түрде орнатады.

 →  → **AE AF нүкт. байлан.** тармағын түртіп, осы опцияны қосыңыз немесе өшіріңіз.

## Жақтау режимі



Апертура мәнін немесе ысырма жылдамдығын реттеген кезде экспозиция мәні баптауларға қарай өзгереді, сондықтан дисплей күңгірттенуі мүмкін. Бұл опция қосылған кезде дисплей жарықтығы баптауларға қарамастан тұрақты болады, сондықтан түсірілімді жақтауға алуға болады.

 →  → **Жақтау режимі** тармағын түртіп, осы опцияны қосыңыз немесе өшіріңіз.

## OIS (тұрақты көрініс)

Камераның дірілдеуінен пайда болған бұлдырауды азайту немесе жою үшін Оптикалық кескінді тұрақтандыру (OIS) опциясын пайдаланыңыз.

Егер объективтің OIS қосқышы болса, OIS мүмкіндігін пайдалану үшін қосқышты ON күйіне орнатыңыз.

 →  → **OIS (тұрақты көрініс)** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Өшірілген:** осы опцияны өшіру үшін пайдаланыңыз.
- **OST (жартылай түсіру):** бұны Ысырма түймесін жартылай басқан кезде ғана OIS мүмкіндігін қолдану үшін пайдалану.
- **OST (әрдайым):** мұны үнемі OIS мүмкіндігін қолдану үшін пайдаланыңыз.



- Бұл мүмкіндік төмендегі жағдайларда дұрыс қызмет етпеуі мүмкін:
  - Қозғалыстағы нысанға еріп камераны қозғалтқан кезде.
  - Егер камера тым көп дірілдесе.
  - Ысырма жылдамдығы төмен болса (мысалы, жарығы аз ортада фотосурет түсірген кезде).
  - Батарея қуаты төмен болса.
  - Фотосуреттерді жақыннан түсірген кезде.
- Бұл мүмкіндікті штативпен пайдалану OIS сенсорының дірілінен фотосуреттердің бұлыңғырлануын тудыруы мүмкін. Штативті пайдаланған кезде бұл функцияны өшіріңіз.
- Камераны соғып немесе құлатып алған кезде дисплей бұлыңғыр болуы мүмкін. Ондай жағдай орын алса, құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.

## Жақша жиыны

Бұл опцияны автоэкспозиция брекетингі және ақ түс балансының брекетингі үшін баптауларды өзгерту үшін пайдаланыңыз.

 →  → **Жақша жиыны** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **AE жақша жиыны:** бұны үш брекеттелген фотосуреттің экспозиция аралығының ауқымын реттеу үшін пайдаланыңыз.
- **WB жақша жиыны:** бұны үш брекеттелген фотосуреттің ақ түс балансы аралығының ауқымын реттеу үшін пайдаланыңыз.

## ISO реттеуі

Бұл опцияны ISO сезімталдық баптауларын өзгерту үшін пайдаланыңыз.

 →  → **ISO реттеуі** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **ISO сенсорлық қадамы:** бұны ISO сезімталдық өлшемін 1/3 немесе бір қадамға орнату үшін пайдаланыңыз.
- **Авто ISO ауқымы:** бұны ISO сезімталдықты **Auto** мәніне орнатқан кезде таңдалатын әрбір ЭМ қадамының астында максималды ISO мәнін орнату үшін пайдаланыңыз.

## DMF

Ысырма түймесін жартылай басып, фокусқа қол жеткізгеннен кейін фокустау сақинасын бұрап, фокусты қолмен реттеу үшін Direct Manual Focus (DMF) опциясын пайдаланыңыз.

 →  → **DMF** тармағын түртіп, осы опцияны қосыңыз немесе өшіріңіз.

## Шуылды азайту

Бұл опцияны фотосуреттердегі көрнекі бұрмалануды азайту үшін пайдаланыңыз.

 →  → **Шуылды азайту** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Жоғарғы ISO NR:** бұны жоғары ISO сезімталдықты орнатқан кезде орын алуы мүмкін бұрмалануды азайту үшін пайдаланыңыз. Бұрмалануды азайту қарқындылығын **Жоғары**, **Әдеттегі** және **Төмен** ішінен таңдап реттеуге болады.
- **Ұзақ мерзімді NR:** бұны камераны ұзақ экспозицияға орнатқан кезде бұрмалануды азайту үшін пайдаланыңыз.

## Бұрмаланған түзету

Бұл опцияны объективтерден орын алуы мүмкін бұрмалануды түзету үшін пайдаланыңыз.

 →  → **Бұрмаланған түзету** тармағын түртіп, осы опцияны қосыңыз немесе өшіріңіз.

## Түрлі-түсті орын

Бұл опцияны түстерді білдіру әдістерін таңдау үшін пайдаланыңыз. Сандық камералар, мониторлар және принтерлер сияқты сандық кескіндеу құрылғыларының түс кеңістіктері деп аталатын түстерді білдірудің жеке әдістері болады.

 →  → **Түрлі-түсті орын** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **sRGB:** sRGB (Standard RGB) IEC (Халықаралық Электр Техникалық Комиссия) жасаған түс кеңістігін белгілеудің халықаралық сипаттамасы болып табылады. Ол компьютер мониторларында түстер жасау үшін кеңінен пайдаланылуда және әрі Exif үшін стандартты түс кеңістігі болып табылады. sRGB Интернетте жариялағыңыз келетін кәдімгі суреттер және кескіндер үшін ұсынылады.

- **Adobe RGB:** Adobe RGB коммерциялық баспа үшін пайдаланылады және түс ауқымы sRGB қарағанда үлкендеу. Оның кең түстер ауқымы компьютерде фотосуреттерді оңай өңдеуге көмектеседі. Жекелеген бағдарламалардың жалпы түс кеңістіктерінің шектеулі санымен үйлесімді екенін ескеріңіз.



Файл атауларын жасау ережесі таңдалған түс кеңістігі опциясына қарай әр түрлі болады.

- sRGB файлдары: ЖЖЖЖААКК\_ссммсс.jpg. Мысалы, 2013 жылдың 02 қаңтарында, сағат 15:30:45 түсірілген фотосурет үшін файл атауы 20130102\_153045.jpg болады. Үздіксіз, қатарынан немесе бреккеттелген фотосуреттер үшін файл атаулары ЖЖЖЖААКК\_ссммсс\_x.jpg болады, алдыңғы мысалда файл атауы 20130102\_153045\_1.jpg болатын.
- Adobe RGB файлдары: ЖЖЖЖААКК\_ссммсс\_A.jpg. Үздіксіз, қатарынан немесе бреккеттелген фотосуреттер үшін файл атаулары ЖЖЖЖААКК\_ссммсс\_Ax.jpg болады.

## Динамикалық ауқым



Бұл опцияны фотосуреттегі көлеңкелеу айырмашылықтарына байланысты орын алуы мүмкін ашық кішігірім элементтер жоғалуын түзету үшін пайдаланыңыз.

 →  → **Динамикалық ауқым** тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Өшірілген:** осы опцияны өшіру үшін пайдаланыңыз.
- **Смарт ауқым+:** бұны ашық кішігірім элементі жоғалуын түзету үшін пайдаланыңыз.
- **HDR (жоғары динамикалық ауқам):** бұны экспозиция мәндері әр түрлі үш фотосурет түсіру және бір сурет жасау үшін оларды біріктіру үшін пайдаланыңыз. Сонымен бірге бастапқы экспозиция мәнімен түсірілген сурет сақталады.

## Қайта экспоз. нұсқауы

Бұл опцияны алдын-ала қарау экранында камераны жарық көзінде артық ұсталған аумақты көрсетуге теңшеу үшін пайдаланыңыз.

 →  → **Қайта экспоз. нұсқауы** тармағын түртіп, осы опцияны қосыңыз немесе өшіріңіз.

## Бейне жазу опциялары

 →  тармағын түртіп, бейне жазу баптауларын теңшеңіз.



- **Фильм өлшемі:** бейнелер үшін ажыратымдылықты таңдаңыз. Жоғарырақ сапаны алу үшін жоғарырақ ажыратымдылықты пайдаланыңыз. Ажыратылымдығы жоғары бейнелер көбірек жад алады.
- **Сапа:** бейнелер үшін сапа деңгейін орнату. Жоғарырақ сапалы суреттер көбірек жад орнын қажет етеді.
- **Бірнеше қимыл:** бейнелерді ойнату жылдамдығын орнату.



**x1** опциясынан басқа опцияны таңдасаңыз, дыбыс жазылмайды.

- **Дауыс:** камераны дыбысты бейнелермен жазуға теңшеу.
- **Желдің шуылын сүзгілеу:** желдің дыбысына қоса, қоршаған ортадағы кейбір шуды кетіру.
- **Бейне шығарудың пішімі:** еліңізге сәйкес бейнесигналды шығаруды орнатыңыз. Бейнелерді 60, 30 немесе 24 кадр/сек жылдамдықта **NTSC** мүмкіндігімен және 50, 25 немесе 24 кадр/сек жылдамдықта **PAL** мүмкіндігімен түсіруге болады.

## Бөлісу опциялары

Бөлісу опцияларын орнату арқылы түсірілген кезде суреттерді бөлісіңіз.  →  тармағын түртіп, опцияны таңдаңыз.

- **Түсіруді бөлісу:** Wi-Fi Direct арқылы суретті тікелей басқа құрылғыға жіберу.



- Егер қолтаңба опциясы іске қосылған болса, бұл мүмкіндікті пайдалануға болмайды.
- Егер бұл мүмкіндік іске қосылған болса, сапа опциясын **RAW** немесе **RAW + JPEG** пішіміне орнату мүмкін емес.

- **Жолдас фотосуретін бөлісу:** камераны суретте тег қойған адамның бетін тануға және оны сол адамға жіберуге орнатыңыз.
- **ChatON фотосур. бөлісу:** ChatON арқылы суретті тікелей басқа құрылғыға жіберіңіз.



Егер қолтаңба опциясы іске қосылған болса, бұл мүмкіндікті пайдалануға болмайды.

- **Қашықтағы бейнеіздегіш:** құрылғыны камераны қашықтан басқаруға реттеңіз.



## Камера параметрлері

 →  тармағын түртіп, камера баптауларын теңшеңіз.

- **Пайдаланушы түрі:** негізгі немесе маман пайдалануы үшін әрекет түрін таңдаңыз.
- **Автофокус дыбысы:** авто фокус дыбысын реттеу.
- **Дыбыстық белгі:** дыбыстық сигналдарды қосу немесе өшіру.
- **Сипаттама:** режим сипаттамаларын көрсету.
- **Тор:** көріністі жасауға көмектесетін бағыттағышты көрсету.
- **Экран авто өш.:** құрылғы дисплейдің артқы жарығы өшпей тұрып күтетін уақыт ұзақтығын орнату.
- **Қарап шығу:** түсірілген суреттерді немесе бейнелерді қысқа уақыт бойы көрсету.
- **Қолтаңба:** мұны суретке қолтаңбаны қосу үшін пайдаланыңыз.



Бұл мүмкіндікті **Күн/уақыт деректері** баптауы іске қосылғанда пайдалануға болмайды.

- **Күн/уақыт деректері:** бұны фотосуреттерде уақыт пен күнді басу үшін пайдаланыңыз.



- **Қолтаңба** баптауы іске қосылған кезде бұл мүмкіндікті пайдалануға болмайды.
- Уақыт пен күнді raw пішіміндегі файлдарға басу мүмкін емес.

- **GPS тегі:** GPS мәліметін (орын және уақыт) және ауа-райы мәліметін файлға тіркеңіз. **Story Album** ішінде альбомдарды жасау үшін суреттерді түсіргенде осы мүмкіндікті белсендіріңіз немесе фотосуретті ұсыну мүмкіндігін пайдаланыңыз.



- GPS сигналдары анық болуы үшін сигнал құрсаулануы мүмкін орындарда (ғимараттар арасында, төмен орналасқан аумақтарда немесе нашар ауа райы болған кезде) суретке түсірмеңіз.
- Интернетке кері қотарғанда орныңыз суреттерде көрсетілуі мүмкін. Осының алдын алу үшін, GPS тег параметрлерін ажыратыңыз.

- **Дауыспен басқару:** фотосуреттер немесе бейнелер түсіру үшін дауысты тануды қосыңыз немесе өшіріңіз.
- **Контекстік файл аты:** камераны файл атауларына орын туралы ақпарат сияқты мәтінмәндік тегтерді қосуға реттеу.



- Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін GPS тег параметрін белсендіру керек.
- Мәтінмәндік мәлімет файлдар жасалған уақытта құрылғы пайдаланатын дитсплей тілінде пайда болады.

- **Автофокус шамы:** жарығы төмен ортада АФ көмекшісін іске қосу үшін осыны қолданыңыз.
- **Қуат қосу реж.:** құрылғыны қосқан кезде іске қосылатын әдепкі фотокамера режимін таңдаңыз.
- **Теруді басқару:** маман режимінің алдын-ала қарау экранында Басқару дискін бірінші рет басу немесе бұрау кезінде оның функцияларын орнатыңыз.
  - **1-опция:** басқару дискін бұрап немесе басып, режимді таңдау экранына кіріңіз.
  - **2-опция:** басқару дискін бұрап, режимді таңдау экранына кіріңіз. Басқару дискін қайта-қайта басып, негізгі түсіру опцияларын шолыңыз.
  - **3-опция:** басқару дискін қайта-қайта басып, негізгі түсіру опцияларын шолыңыз. Басқару дискін бұрап, опцияны реттеңіз.



Автоматты немесе ақылды режимде режимдерді тек Басқару дискімен өзгертуге болады.

- **Сақтау орны:** сақтау орны үшін жад орнын таңдау.
- **Таңдауды көрсету:** бұны жақындық/жарық сенсорын экран және көріністапқыш арасында автоматты түрде реттеуге теңшеу немесе үнемі экранды пайдалану үшін пайдаланыңыз.
- **Көлденеңнен тексеру:** деңгей өлшегішті түзетіңіз. Егер деңгей өлшегіш бірқалыпты болмаса, камераны тегіс бетке орналастырып, экрандық нұсқауларды орындаңыз.



- Деңгей өлшегішті портрет бағытында түзету мүмкін емес.
- Түзетуді орындау үшін камера бірқалыпты (жоғары немесе төмен еңкеймей) болуы керек.

- **Сенсорлық тазалау:** бұны кескін сенсорынан шаңды сүрту үшін пайдаланыңыз.
- **Аппар. құрал линзасы:** объективтің шағын бағдарламасын жаңарту.



Объективтің шағын бағдарламасын жаңарту алдында шағын бағдарлама файлын ішкі жадтың немесе жад картасының түбірлік каталогына жүктеңіз, Бастапқы экранға кіріңіз және камера қолданбасын іске қосыңыз.

- **Алып тастау:** камера параметрлерін алып тастау.

# Мультимедиа

## Галерея

Бұл қолданбаны суреттер мен бейнелерді көру үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Галерея** опциясын түртіңіз.



- Құрылғыда орнатылған бағдарламалық жасақтамаға байланысты кейбір файл пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.
- Пайдаланылатын кодталуға байланысты кейбір файлдар дұрыс ойнатылмауы мүмкін.

## Суреттерді көру

**Галерея** қолданбасын іске қосу қол жетімді қалталарды көрсетеді. **Эл. пошта** сияқты басқа қолданба суретті сақтағанда, суретті қамтитын **Download** қалтасы автоматты түрде жасалады. Осы сияқты, скриншотты түсіру **Screenshots** қалтасын автоматты түрде жасайды. Ашу үшін қалтаны таңдаңыз.

Қалтада суреттер жасау күні бойынша көрсетіледі. Толық экранда көру үшін суретті таңдаңыз.

Келесі немесе алдыңғы суретті көру үшін солға немесе оңға жылжыңыз.



Үздіксіз және қатарынан түсірілген фотосуреттер сурет нобайлары көрінісінде бума ретінде пайда болады. Жеке фотосуреттерді қарау үшін сурет нобайын түртіңіз.

## Үлкейту және кішірейту

Суретті үлкейту үшін келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз:

- Үлкейту үшін кез келген жерде екі рет түртіңіз.
- Үлкейту үшін кез келген орында екі саусақты бір бірінен алшақтатыңыз. Кішірейту үшін шымшыңыз немесе оралу үшін екі рет түртіңіз.



## Қозғалыс мүмкіндігін пайдаланып суреттерді көру

Суретті шолу үшін, сурет үлкейтілгенде, экранда нүктені түртіп, ұстап тұрыңыз да, құрылғыны кез келген бағытта жылжытыңыз.


Қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Құрылғым** → **Қозғалыстар мен қимылдар** → **Қозғалыс** тармағын түртіп, **Қозғалыс** қосқышын оңға қарай сүйреңіз, содан кейін **Суретті шолу** қосқышын қосыңыз.


Қозғалыс мүмкіндігін пайдалануды тоқтату үшін мүмкіндік үшін қосқышты өшіріңіз.

## Бейнелерді ойнату

Бейне файлдар алдын ала қарауды  белгішесін көрсетеді. Көру үшін, бейнені таңдап,  опциясын түртіңіз.


## Суреттерді өңдеу


Суретті көргенде,  опциясын түртіп, келесі функцияларды пайдаланыңыз:

- **Өзгер.:** суретті түзету үшін фотосурет өңдегіш қолданбасын іске қосыңыз.
- **Өзгешеліктері:** сурет өзгешеліктерін көру.
- **Слайдшоу:** ағымдағы қалтадағы суреттермен слайдшоуды бастау.
- **Сүйікті:** суретті таңдаулыларға қосу.
- **Фотосурет жақтауы:** мұны суретке жақтау және жазба қосу үшін пайдаланыңыз. Өңделген сурет **Photo frame** қалтасында сақталады.
- **Фото ноут:** мұны сурет артында жазбаны жазу үшін пайдаланыңыз. Жазбаны өңдеу үшін,  опциясын түртіңіз.
- **Қолтаңба:** суретке қолтаңбаны қосу. Қолтаңбалар **My Signature** қалтасында сақталады.
- **Буферге көшіру:** буферге көшіру.
- **Солға бұру:** сағат тіліне қарсы бұру.
- **Оңға бұру:** сағат тілімен бұру.
- **Қию:** қию және ішінде суретті сақтау үшін көк жақтау өлшемін өзгерту.
- **Жолдас фотосуретін бөлісу:** суретті суретте бетіне тег қойылған адамға жіберу.
- **Басып шығару:** кескінді USB немесе Wi-Fi қосылымы арқылы басып шығару. Құрылғы кейбір Samsung принтерлерімен ғана үйлесімді.

- **Атын өзгерту:** файлдың атын өзгерту.
- **Орнату:** суретті тұсқағаз немесе контакт суреті ретінде орнату.
- **Параметрлер:** галерея параметрлерін өзгерту.

## Суреттерді өзгерту

Суретті қараған кезде  → **Өзгер.** тармағын түртіңіз.




Түзетілетін аумақты таңдау үшін экранды түртіп және ұстап тұрып, **Таңдау режимі** опциясын түртіңіз.


## Суреттерді бұрау

**Айналдыру** опциясын түртіңіз, экранның төменгі жағындағы опцияны таңдап,  түртіңіз.


## Суреттерді кесу

**Қию** опциясын түртіңіз, экранның төменгі жағындағы опцияны таңдаңыз, жақтаудағы нүктелерді сүйреп жақтауды бұраңыз немесе өлшемін өзгертіңіз және  түртіңіз.


## Түстерді өзгерту

**Түс** опциясын түртіңіз, экранның төменгі жағындағы түс әсерін таңдаңыз, егер қажет болса, жүгірткіні солға немесе оңға сүйреп апарыңыз және  түртіңіз.


## Сүзгі әсерлерін қолдану

**Әсер** опциясын түртіңіз, экранның төменгі жағындағы сүзгі әсерін таңдаңыз, егер қажет болса, жүгірткіні солға немесе оңға сүйреп апарыңыз және  түртіңіз.

## Портрет фотосуретін реттеу

**Портрет** опциясын түртіңіз, экранның төменгі жағындағы портрет әсерін таңдаңыз, егер қажет болса, жүгірткіні солға немесе оңға сүйреп апарыңыз және  түртіңіз.

## Суреттерге жапсырмалар орналастыру

**Жапсырма** опциясын түртіңіз, экранның төменгі жағындағы жапсырма түрін таңдаңыз, жапсырманы таңдап,  түртіңіз.


## Суреттерде сызу

**Сызу** опциясын түртіңіз, суретте сызыңыз және  түртіңіз.


Қалам баптауларын өзгерту үшін **Қалам** опциясын түртіңіз.

Сызбаларды өшіру үшін **Өшіргіш** опциясын түртіңіз. Өшіргіш өлшемін өзгерту үшін **Өшіргіш** опциясын қайта түртіңіз.



## Суреттерді жақтауға алу

**Рамка** опциясын түртіңіз, экранның төменгі жағындағы жақтауды таңдап,  түртіңіз.

## Таңдаулы суреттер


Суретті көріп жатқанда суретті таңдаулылар тізіміне қосу үшін,  → **Сүйікті** тармағын түртіңіз.

## Сурет коллаждарын жасау

Қалтада  → **Элементті таңдау** тармағын түртіп, құсбелгілер қою арқылы суреттерді таңдаңыз, содан кейін  → **Коллаж жасау** тармағын түртіңіз. Экранның төменгі жағында мәнерді таңдаңыз да, **Сақтау** опциясын түртіңіз.




Суреттерді қосу үшін,  → **Суретті қосылу** тармағын түртіңіз.

Суреттерді жою үшін,  опциясын түртіңіз.

Бөлу түрін өзгерту үшін,  опциясын түртіңіз.




## Суреттерді жою

Келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз:


- Қалтада  → **Элементті таңдау** тармағын түртіп, құсбелгілер қою арқылы суреттерді таңдаңыз, содан кейін  опциясын түртіңіз.
- Суретті көргенде,  опциясын түртіңіз.

## Суреттерді бөлісу


Келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз:

- Қалтада  → **Элементті таңдау** тармағын түртіп, құсбелгілер қою арқылы суреттерді таңдаңыз, содан кейін оларды басқаларға жіберу үшін  опциясын түртіңіз.
- Суретті қараған кезде оны басқаларға жіберу үшін  түртіңіз.

## Тұсқағаз ретінде орнату

Суретті көргенде суретті тұсқағаз ретінде орнату немесе контактіге тағайындау үшін,  → **Орнату** тармағын түртіңіз.

## Беттерге тегтер қою

Суретті қараған кезде  → **Параметрлер** тармағын түртіп, **Бет тегі** белгілеңіз. Суретте танылған беттің айналасында сары жақтау көрсетіледі. Бетті түртіңіз, **Атын қосу** опциясын түртіңіз де, контактіні таңдаңыз немесе қосыңыз.



Суретте бет тегі көрсетілгенде, бет тегін түртіңіз және хабарлар жіберу сияқты қол жетімді опцияларды пайдаланыңыз.



Бетті көрсету беттің бұрышына, беттің өлшеміне, тері түсіне, бет әлпетіне, жарық жағдайына немесе нысан киген киімдерге байланысты сәтсіз аяқталуы мүмкін.

## Қалталар көмегімен реттеу

Құрылғыда сақталған суреттерді немесе бейнелерді реттеу үшін қалта жасаңыз. Файлдарды бір қалтадан екіншісіне көшіруге немесе жылжытуға болады.

Жаңа қалта жасау үшін  опциясын түртіңіз. Қалта үшін атауды енгізіңіз, **OK** опциясын түртіңіз және суреттерді немесе бейнелерді белгілеңіз. Таңдалған суретті немесе бейнені түртіп ұстап тұрып, оны жаңа қалтаға сүйреп апарыңыз және  опциясын түртіңіз. Көшіру үшін **Көші.** немесе жылжыту үшін **Аус.** тармағын түртіңіз.

## Бейне

Бұл қолданбаны бейне файлдарды ойнату үшін пайдаланыңыз.


Қолданбалар экранында **Бейне** опциясын түртіңіз.



- Құрылғының бағдарламалық жасақтамасына байланысты кейбір файл пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.
- Пайдаланылатын кодталуға байланысты кейбір файлдар дұрыс ойнатылмауы мүмкін.

## Бейнелерді ойнату

Ойнатылатын бейнежазбаны таңдаңыз.



## Бейнелерді жою


☰ → **Жою** тармағын түртіп, құсбелгілер қою арқылы бейнелерді таңдаңыз, содан кейін **Жою** опциясын түртіңіз.

## Бейнелерді бөлісу

☰ → **Бөлісу** тармағын түртіп, бейнелерді таңдап, **Аяқ.** опциясын түртіңіз, содан кейін бөлісу әдісін таңдаңыз.



## Қалқымалы бейне ойнатқышын пайдалану

Бұл мүмкіндікті бейне ойнатқышын жабусыз басқа қолданбаларды пайдалану үшін пайдаланыңыз. Бейнелерді көргенде қалқымалы ойнатқышты пайдалану үшін,  опциясын түртіңіз.

Ойнатқышты үлкейту үшін экранда екі саусақты бір бірінен алшақтатыңыз және кішірейту үшін шымшыңыз. Жылжыту үшін ойнатқышты басқа орынға сүйреп апарыңыз.

## Музыка

Бұл қолданбаны музыканы тыңдау үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Музыка** опциясын түртіңіз.





- Құрылғының бағдарламалық жасақтама нұсқасына байланысты кейбір файл пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.
- Пайдаланылатын кодталуға байланысты кейбір файлдар дұрыс ойнатылмауы мүмкін.

## Музыканы ойнату

Музыка санатын таңдаңыз да, ойнатылатын әнді таңдаңыз.

Музыка ойнатқышының экранын ашу үшін, экранның төменгі жағындағы альбом суретін түртіңіз.




Әндерді бірдей дыбыс деңгейінде тыңдау үшін,  → **Параметрлер** → **Смарт дауыс** тармағын түртіңіз.




**Смарт дауыс** белсендірілгенде, дыбыс деңгейі құрылғының дыбыс деңгейінен жоғарырақ болуы мүмкін. Естудің нашарлауын болдырмау үшін қатты дыбыстарды ұзақ уақыт бойы тыңдамаңыз.


## Әндер тізімдерін жасау

Жеке әндер тізімін жасаңыз.

**Әндер тізімі** опциясын, содан кейін  → **Әндер тізімін құру** опциясын түртіңіз. Тақырыпты енгізіп, **OK** опциясын түртіңіз. **Музыканы қосу** опциясын түртіңіз, қосатын әндерді таңдаңыз, содан кейін **OK** опциясын түртіңіз.

Қазіргі уақытта ойнатылып жатқан әнді әндер тізіміне қосу үшін,  → **Ойнату тізіміне қосу** тармағын түртіңіз.

## Көңіл-күй бойынша музыканы ойнату

Көңіл-күй бойынша топталған музыканы ойнатыңыз. Құрылғы әндер тізімін автоматты түрде жасайды. Жаңа ән қосылғанда **Музыка. квадрат** →  → **Кітапхана жаңарту** тармағын түртіңіз.

**Музыка. квадрат** опциясын түртіп, көңіл-күй ұяшығын таңдаңыз. Я болмаса саусақты сүйреп апару арқылы бірнеше ұяшықты бөлектеңіз.

## YouTube

Бұл қолданбаны YouTube веб-сайтындағы бейнелерді көру үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **YouTube** опциясын түртіңіз.




Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Бейнелерді көру

🔍 опциясын түртіңіз де, кілт сөзді енгізіңіз. Бейнені көру үшін қайтарылған іздеу нәтижелерінің біреуін таңдаңыз.

Толық экранды көрсету үшін құрылғыны альбомдық бағдарға бұрыңыз.



## Бейнелерді бөлісу

Көретін бейнені таңдап, 📄 опциясын түртіңіз, содан кейін бөлісу әдісін таңдаңыз.

## Бейнелерді кері жүктеу

Есептік жазбаны таңдап, 📤 опциясын түртіңіз, бейнені таңдап, бейне туралы ақпаратты енгізіңіз де, содан кейін **UPLOAD** опциясын түртіңіз.


## Фотосурет ұсыну

Бұл қолданбаны ағымдағы орынға жақын басқа пайдаланушылар суреттерін түсірген қызық орындарды көру үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Фотосурет ұсыну** опциясын түртіңіз.


### Суреттерді көру

Ағымдағы орынның негізінде құрылғы картада маңайдағы орындардың суреттерін ұсынады. Орынды іздеңіз және толық экранда көру үшін, нобайдың суретін түртіңіз.

Суретті көріп жатқанда,  → **Таңдаулылар/орындарға қосу** тармағын түртіңіз, суретті немесе орынды таңдаулылар тізіміне қосып, хабарландыру параметрін қосыңыз. Суреттегі орынға барғанда сізге хабарландыру жіберіледі.

### Суреттерді түсіру нұсқаулығы ретінде пайдалану

Ұсынылған суреттерді бірдей немесе ұқсас орындарды түсіру үшін нұсқаулықтар ретінде пайдалануға болады.

Суретті көріп жатқанда,  опциясын түртіңіз. Камера қолданбасы іске қосылады және суретті көрсетеді. Суреттегі түсіру бұрышын және жиектемесін жеке суретті түсіру үшін нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз.

# Байланыс

## Контактілер




Бұл қолданбаны контактілерді, соның ішінде, телефон нөмірлерін, электрондық пошта мекенжайларын және басқаларды басқару үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Контактілер** опциясын түртіңіз.

## Контактілерді басқару

### Контактіні жасау

 опциясын түртіп, контакт мәліметтерін енгізіңіз.

-  : суретті қосыңыз.
-  /  : контакт өрісін қосыңыз немесе жойыңыз.

### Контактіні өңдеу

Өңдейтін контактіні таңдаңыз да,  опциясын түртіңіз.

### Контактіні жою




 → **Жою** тармағын түртіңіз.

## Контактілерді іздеу

Келесі іздеу әдістерінің біреуін пайдаланыңыз:


- Контактілер тізімімен жоғары немесе төмен жылжыңыз.
- Бойымен саусақты сүйреп апару арқылы жылдам жылжу үшін контактілер тізімінің оң жағындағы индексті пайдаланыңыз.
- Контактілер тізімінің жоғарғы жағындағы іздеу өрісін түртіп, іздеу шарттарын енгізіңіз.

Контакт таңдалғаннан кейін келесі әрекеттердің біреуін орындаңыз:

-  : таңдаулы контактілерге қосу.
-  : хабар жасау.
-  : электрондық хабарды жасау.

## Контактілерді көрсету


Әдепкі бойынша, құрылғы құрылғыдағы SIM немесе USIM картасында я болмаса басқа тіркелгіде сақталған контактілердің барлығын көрсетеді.

 → **Көрсетілетін контактілер** тармағын түртіңіз де, контактілер сақталатын орынды таңдаңыз.

## Контактілерді жылжыту


### Контактілерді Google тіркелгісіне жылжыту

 → **Есептік жазбаны біріктіріңіз** → **Google жүйесімен біріктіру** тармағын түртіңіз.

Google контактілеріне жылжытылған контактілер контактілер тізімінде  белгісімен көрсетіледі.

### Контактілерді Samsung тіркелгісіне жылжыту

 → **Есептік жазбаны біріктіріңіз** → **Samsung ас. жаз-мен біріктіру** тармағын түртіңіз.


Samsung контактілеріне жылжытылған контактілер контактілер тізімінде  белгісімен көрсетіледі.

## Контактілерді импорттау және экспорттау


### Контактілерді импорттау

 → **Импорттау/Экспорттау** → **SIM картасынан импорттау, SD картасынан импорттау** тармағын немесе **Ішкі телефон жадынан импорттау** тармағын түртіңіз.


### Контактілерді экспорттау

 → **Импорттау/Экспорттау** → **SIM картасына экспорттау, SD картасына экспорттау** тармағын түртіңіз немесе **Ішкі телефон жадына экспорттау** опциясын түртіңіз.

### Контактілерді бөлісу

 → **Визит картасын бөлісу** тармағын түртіңіз, **Дайын** опциясын түртіңіз, содан кейін бөлісу әдісін таңдаңыз.


## Таңдаулы контактілер

 опциясын түртіңіз де, келесі әрекеттердің біреуін орындаңыз:


- **Тізім:** контактілерді іздеу.
- **Сүйіктілер қатарына қосу:** контактілерді таңдаулыларға қосу.
- **Ұнамдылардың шығарып тастау:** контактілерді таңдаулылардан жою.
- **Тор көрініс / Тізімдік көрініс:** контактілерді тор немесе тізім түрінде көру.


## Контактілер топтары

### Контактілерді топқа қосу


Топты таңдаңыз да,  опциясын түртіңіз. Қосатын контактілерді таңдаңыз да, **Дайын** опциясын түртіңіз.

## Топтарды басқару

 опциясын түртіңіз де, келесі әрекеттердің біреуін орындаңыз:


- **Құру:** жаңа топты жасау.
- **Тізім:** контактілерді іздеу.
- **Орнын ауыстыру:** топ атауының жанындағы  белгішесін түртіп тұрып, басқа орынға жоғары немесе төмен сүйреп апарыңыз, содан кейін **Дайын** опциясын түртіңіз.
- **Топтар жою:** пайдаланушы қосқан топтарды таңдаңыз да, **Жою** опциясын түртіңіз. Әдепкі топтарды жою мүмкін емес.

## Топ мүшелеріне хабар немесе электрондық хабар жіберу

Топты таңдап,  → **Хабарлама жіберу** немесе **Email жіберу** опциясын түртіңіз, мүшелерді таңдап, содан кейін **Дайын** опциясын түртіңіз.

## Визитка

Визитканы жасап, басқаларға жіберіңіз.

**Профильді орнату** опциясын түртіп, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы және пошталық мекенжай сияқты мәліметтерді енгізіңіз де, **Сақтау** опциясын түртіңіз. Егер құрылғыны орнатқанда пайдаланушы ақпараты сақталса, **МЕН** опциясында визитканы таңдаңыз да, өңдеу үшін  опциясын түртіңіз.

 → **Визит картасын бөлісу** тармағын түртіңіз де, бөлісу әдісін таңдаңыз.

## Хабарлама

Бұл қолданбаны мәтіндік хабарларды (SMS) немесе мультимедиалық хабарларды (MMS) жіберу үшін пайдаланыңыз.


Қолданбалар экранында **Хабарлама** опциясын түртіңіз.




Үйдің қызмет көрсету аумағынан тыс кезде хабарларды жіберу немесе алу үшін қосымша ақылар алынуы мүмкін. Мәліметтерді алу үшін қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.





## Хабарлар жіберу

**Жазу** опциясын түртіп, алушыларды қосып, хабарды енгізіңіз, содан кейін  опциясын түртіңіз.


Алушыларды қосу үшін келесі әдістерді пайдаланыңыз:

- Телефон нөмірін енгізіңіз.
-  опциясын түртіп, контактілерді таңдаңыз, содан кейін **Дайын** опциясын түртіңіз.

Мультимедиалық хабарды жасау үшін келесі әдістерді пайдаланыңыз:

-  опциясын түртіп, суреттерді, бейнелерді, контактілерді, жазбаларды, оқиғаларды және басқаларын тіркеңіз.
- Тақырыпты енгізу үшін,  → **Нысанды үстеу** тармағын түртіңіз.


## Жоспарланған хабарларды жіберу


Хабарды жасап жатқанда  → **Кесте жасау** тармағын түртіңіз. Уақыт пен күнді орнатыңыз, содан кейін **ОК** опциясын түртіңіз. Құрылғы хабарды көрсетілген уақыт пен күнде жібереді.



- Егер құрылғы жоспарланған уақытта өшірулі, желіге қосылмаған немесе желі тұрақсыз болса, хабар жіберілмейді.
- Бұл мүмкіндік құрылғыда орнатылған уақыт пен күнге негізделеді. Уақыт белдеулерінде жылжысаңыз, уақыт пен күн қате болуы мүмкін және желі ақпаратты жаңартпайды.

## Хабарларды аудару және жіберу

Аудару мүмкіндігін пайдалану үшін, хабарды жасап жатқанда  → **Аудару** тармағын түртіңіз, **Аудару** қосқышын оңға сүйреңіз, тіл жұбын орнатыңыз, содан кейін **ОК** опциясын түртіңіз.

 опциясын түртіп, хабарды аударыңыз, содан кейін **Дайын** опциясын түртіңіз. Аударылған хабар бастапқы тілдің хабарын ауыстырады.

## Кіріс хабарларды көру

Кіріс хабарлар контакт бойынша хабарлар тізбектеріне топталады.

Адамның хабарын көру үшін контактіні таңдаңыз.

## Эл. пошта


Бұл қолданбаны электрондық пошта хабарларын жіберу және көру үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Эл. пошта** опциясын түртіңіз.



## Электрондық пошта есептік жазбаларын орнату

**Эл. пошта** қолданбасын бірінші рет ашқанда электрондық пошта есептік жазбасын орнатыңыз.


Электрондық пошта мекенжайын және құпия сөзді енгізіңіз. Google Mail сияқты электрондық пошта есептік жазбасы үшін **Сосын** опциясын түртіңіз немесе компанияның электрондық пошта есептік жазбасы үшін **Қолмен орнату** опциясын түртіңіз. Содан кейін орнатуды аяқтау үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз.


Басқа электрондық пошта тіркелгісін орнату үшін,  → **Қондырғ-р** → **Тіркелгі қосу** тармағын түртіңіз.

## Хабарлар жіберу


Пайдаланылатын электрондық пошта есептік жазбасын түртіңіз де, экранның жоғарғы жағында  опциясын түртіңіз. Алушыларды, тақырыпты және хабарды енгізіңіз де,  опциясын түртіңіз.

Контактілер тізімінен алушыны қосу үшін,  опциясын түртіңіз.

Суреттерді, бейнелерді, контактілерді, жазбаларды, оқиғаларды және басқаларын тіркеу үшін,  опциясын түртіңіз.

Хабарға суреттерді, оқиғаларды, контактілерді, орын туралы ақпаратты және басқа нәрселерді кірістіру үшін,  опциясын түртіңіз.


## Жоспарланған хабарларды жіберу

Хабарды жасап жатқанда  → **Жіберуді белгілеу** тармағын түртіңіз. **Жіберуді белгілеу** құсбелгісін қойып, уақыт пен күнді орнатыңыз, содан кейін **Дайын** опциясын түртіңіз. Құрылғы хабарды көрсетілген уақыт пен күнде жібереді.




- Егер құрылғы жоспарланған уақытта өшірулі, желіге қосылмаған немесе желі тұрақсыз болса, хабар жіберілмейді.
- Бұл мүмкіндік құрылғыда орнатылған уақыт пен күнге негізделеді. Уақыт белдеулерінде жылжысаңыз, уақыт пен күн қате болуы мүмкін және желі ақпаратты жаңартпайды.

## Хабарларды оқу

Пайдаланатын электрондық пошта есептік жазбасын таңдаңыз, сонда жаңа хабарлар алынады. Жаңа хабарларды қолмен алу үшін,  опциясын түртіңіз.

Оқитын хабарды түртіңіз.



Тіркеме қойындысын түртіп, тіркемелерді ашыңыз да, сақтау үшін **Сақтау** опциясын түртіңіз.

## Google Mail


Бұл қолданбаны Google Mail қызметіне тез және тікелей қол жеткізу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Google Mail** опциясын түртіңіз.



- Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.
- Аймаққа немесе қызмет көрсетушіге бұл қолданбаның белгісі басқаша болуы мүмкін.

## Хабарлар жіберу


Кез келген пошта жәшігінде  опциясын түртіп, алушыларды, тақырыпты және хабарды енгізіңіз, содан кейін **SEND** опциясын түртіңіз.

Суреттерді тіркеу үшін,  → **Attach picture** тармағын түртіңіз.


Бейнелерді тіркеу үшін,  → **Attach video** тармағын түртіңіз.

Қосымша алушыларды қосу үшін,  → **Add Cc/Bcc** тармағын түртіңіз.

Хабарды кейінірек жеткізу мақсатында сақтау үшін,  → **Save draft** тармағын түртіңіз.

Қайтадан бастау үшін,  → **Discard** тармағын түртіңіз.

## Хабарларды оқу



Осы хабарды жою.

Осы хабарды ұзақ мерзім бойы сақтау үшін қалдыру.

Осы электрондық пошта мекенжайын контактілер тізіміне қосу.

Тіркемені алдын ала қарау.

Осы хабарға белгі қосу.

Хабарға оқылмаған белгісін қою.

Бұл хабарды басқаларға қайта жіберу.

Барлық алушыларға жауап беру.


Осы хабарға жауап беру.

Хабарға еске салғыш белгісін қою.

## Белгілер

Google Mail нақты қалталарды емес, олардың орнына белгілерді пайдаланады. Google Mail іске қосылғанда Inbox деген белгісі бар хабарларды көрсетеді.

Басқа белгілердегі хабарларды көру үшін,  опциясын түртіңіз.

Хабарға белгіні қосу үшін хабарды таңдаңыз,  опциясын түртіңіз, содан кейін тағайындайтын белгіні таңдаңыз.

## Talk

Бұл қолданбаны адамдармен сөйлесу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Talk** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Сөйлесуді бастау үшін достар тізімінен досты таңдаңыз немесе іздеу үшін деректерді енгізіңіз және нәтижелерден досты таңдаңыз.

## Google+

Бұл қолданбаны Google корпорациясының әлеуметтік желі қызметі арқылы адамдармен байланыста болуы үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Google+** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

**All Circles** опциясын түртіп, санатты өзгертіңіз де, шеңберлердегі жазбаларды көру үшін жоғары немесе төмен жылжыңыз.

Әлеуметтік желі мүмкіндіктерін пайдалану үшін,  опциясын түртіңіз.

## Messenger

Бұл қолданбаны басқалармен Google+ лездік хабар алмасу қызметі арқылы сөйлесу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Messenger** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Достар тізімінен досты таңдап, экранның төменгі жағындағы өрісте хабарды енгізіңіз, содан кейін ► опциясын түртіңіз.

## ChatON

Бұл қолданбаны кез келген құрылғыда сөйлесу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **ChatON** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Телефон нөмірлерін немесе Samsung тіркелгісіндегі электрондық пошта мекенжайларын енгізу я болмаса жолдастарды ұсыныстар тізімінен таңдау арқылы жолдастар тізімін жасаңыз. Я болмаса, контактілерді құрылғыдан қолмен синхрондау үшін, **Контактіні синхрондау** опциясын түртіңіз.

**Сөйлесулер** → **Сөйлесуді бастау** тармағын түртіп, сөйлесуді бастау үшін жолдасты таңдаңыз.



Бейне сөйлесу мүмкіндігі бір уақытта 15 минутқа дейін қосылады. 15 минуттан кейін құрылғы оңтайлы өнімділік үшін бейне сөйлесу мүмкіндігін өшіреді.

# Веб және желі


## Шолушы

Бұл қолданбаны интернетті шолу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Шолушы** опциясын түртіңіз.

## Веб-беттерді көру


Мекенжай өрісін түртіңіз, веб-мекенжайды енгізіңіз, содан кейін **Өту** опциясын түртіңіз.

Веб-бетті көріп жатқанда ағымдағы веб-бетті бөлісу, сақтау немесе басып шығару үшін,  опциясын түртіңіз.

Іздеу жүйесін өзгерту үшін, мекенжай өрісін түртіңіз, содан кейін веб-мекенжай жанындағы іздеу жүйесінің белгішесін түртіңіз.

## Жаңа бетті ашу

 → **Жаңа терезе** тармағын түртіңіз.

Басқа веб-бетке өту үшін,  опциясын түртіңіз, жоғары немесе төмен жылжыңыз, сөйтіп таңдау үшін бетті түртіңіз.

## Бетбелгілер

Ағымдағы веб-бетке бетбелгі қою үшін,  → **Қосымшаны қосу** тармағын түртіңіз.

Бетбелгі қойылған веб-бетті ашу үшін  опциясын түртіңіз де, веб-бетті таңдаңыз.

## Журнал

Жақында кірген веб-беттер тізімінен веб-бетті ашу үшін,  → **Журнал** тармағын түртіңіз.

Журналды өшіру үшін,  → **Журналды тазалау** тармағын түртіңіз.

## Сілтемелер

Жаңа бетте ашу, сақтау немесе көшіру үшін веб-беттегі сілтемені түртіп ұстап тұрыңыз.

Сақталған сілтемелерді көру үшін **Жазылған** опциясын пайдаланыңыз. (140-б.)

## Веб-беттерді бөлісу

Веб-бет мекенжайын басқалармен бөлісу үшін,  → **Бөлісу** тармағын түртіңіз.

Веб-беттің бөлігін бөлісу үшін, қажет мәтінді түртіп, ұстап тұрыңыз да, **Байланысқа жол** опциясын түртіңіз.

## Chrome

Бұл қолданбаны ақпаратты іздеу және веб-беттерді шолу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Chrome** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Веб-беттерді көру


Мекенжай өрісін түртіңіз де, веб-мекенжайды немесе іздеу шарттарын енгізіңіз.

## Жаңа бетті ашу

 → **New tab** тармағын түртіңіз.


Басқа веб-бетке өту үшін  → веб-бетті түртіңіз.


## Вебте дауыспен іздеу

Мекенжай өрісін түртіңіз,  опциясын түртіңіз, кілт сөзді айтыңыз, содан кейін көрсетілген ұсынылған кілт сөздердің біреуін таңдаңыз.

## Басқа құрылғылармен синхрондау

Бір Google есептік жазбасымен кіргенде, Chrome қолданбасын басқа құрылғыда пайдалану үшін ашық қойындылар мен бетбелгілерді синхрондаңыз.

Ашық қойындыларды басқа құрылғыларда көру үшін,  → **Other devices** тармағын түртіңіз. Ашатын веб-бетті таңдаңыз.

Бетбелгілерді көру үшін,  опциясын түртіңіз.



## Bluetooth

Bluetooth қысқа қашықтықтардағы екі құрылғы арасында тікелей сымсыз байланысты жасайды. Bluetooth функциясын басқа құрылғылармен деректер немесе мультимедиалық файлдар алмасу үшін пайдаланыңыз.




- Samsung корпорациясы Bluetooth мүмкіндігі арқылы жіберілген немесе алынған деректердің жоғалуына, ұрлануына немесе дұрыс пайдаланылмауына жауапты емес.
- Деректерді әрдайым сенімді әрі дұрыс қорғалған құрылғылармен ортақтасқаныңызға және алғаныңызға көз жеткізіңіз. Егер құрылғылар арасында кедергілер болса, олардың пайдалану қашықтығы қысқаруы мүмкін.
- Кейбір құрылғылар, әсіресе Bluetooth SIG тексермегендері немесе мақұлдамағандары құрылғыңызбен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Bluetooth мүмкіндігін заңсыз мақсаттарға (мысалы, ұрлап көшіру немесе байланыстарға коммерциялық мақсаттармен заңсыз қол сұғу) пайдаланбаңыз. Samsung компаниясы Bluetooth мүмкіндігін заңсыз пайдаланудан болған зардаптар үшін жауап бермейді.

Bluetooth функциясын іске қосу үшін, қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Қосылымдар** → **Bluetooth** тармағын түртіп, **Bluetooth** қосқышын оңға қарай сүйреңіз.

### Басқа Bluetooth құрылғыларымен жұптастыру

Қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Қосылымдар** → **Bluetooth** → **Қар. шығу** тармағын түртіңіз, сонда анықталған құрылғылар тізіледі. Жұптастыру керек құрылғыны таңдаңыз да, растау үшін екі құрылғыда да авто жасалған рұқсат сөзді қабылдаңыз.

### Деректерді жіберу және алу

Ққп қолданбалар Bluetooth арқылы деректерді тасымалдауды қолдайды. Мысалы **Галерея**. **Галерея** қолданбасын ашып, суретті таңдаңыз да,  → **Bluetooth** тармағын түртіп, содан кейін Bluetooth құрылғыларының біреуін таңдаңыз. Содан кейін суретті алу үшін екінші құрылғыда Bluetooth авторизация сұрауын қабылдау керек. Тасымалданған файл **Bluetooth** қалтасында сақталады. Егер контакт алынса, контактiлер тізіміне автоматты түрде қосылады.

## Screen Mirroring

Бұл мүмкіндікті пайдаланып құрылғыны AllShare Cast кілт құрылғысының немесе HomeSync көмегімен үлкен экранға қосыңыз да, мазмұнды бөлісіңіз. Сондай-ақ, бұл мүмкіндікті Wi-Fi Miracast мүмкіндігін қолдайтын басқа құрылғылармен бірге пайдалануға болады.



- Бұл мүмкіндік аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.
- HDCP мүмкіндігін қолдамайтын Miracast қолдауы бар құрылғылар бұл мүмкіндікпен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Ойнату кезінде желілік байланысқа байланысты кейбір файлдар буферге сақталуы мүмкін.
- Қуатты үнемдеу үшін пайдаланылмайтын кезде бұл мүмкіндікті өшіріп қойыңыз.
- Wi-Fi жиілік ауқымын көрсетсеңіз, AllShare Cast кілт құрылғылары немесе HomeSync табылмауы немесе қосылмауы мүмкін.
- Егер теледидарда бейнелерді немесе ойындарды ойнатсаңыз, ең жақсы тәжірибені алу үшін тиісті теледидар режимін таңдаңыз.

Қолданбалар экранында **Қондырғ-р** → **Қосылымдар** → **Screen Mirroring** түртіңіз. Құрылғыны ашыңыз, файлды ашыңыз немесе ойнатыңыз, содан кейін құрылғыдағы пернелер көмегімен дисплейді басқарыңыз.

## Group Play

Бұл қолданбаны бірнеше құрылғымен экрандарды бөлісу үшін пайдаланыңыз. Group Play сеансын жасаңыз немесе оған қосылыңыз, содан кейін суреттерді, құжаттарды және музыканы бөлісіңіз.

Қолданбалар экранында **Group Play** опциясын түртіңіз.




- Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.
- Қолданбаны пайдаланып жатқанда интернетті пайдалана алмайсыз.

## Group Play үшін топты жасау

**Топ құру** опциясын түртіңіз, құпия сөзді орнатыңыз, содан кейін келесі мүмкіндіктерді пайдаланыңыз:

- **Музыка бөлісу:** бөлісетін музыка файлдарын таңдау. Екі немесе одан көп құрылғыны қосып, оларды көлемді дыбыс әсеріне жету үшін пайдалана аласыз.
- **Суреттер бөлісу:** бөлісетін суреттерді таңдау.
- **Құжаттар бөлісу:** бөлісетін құжаттарды таңдаңыз.

 опциясын түртіп, жазбаны жазыңыз немесе экранда сурет салыңыз. Барлық қатысушылар жасап жатқаныңызды көре алады.

Бүкіл ортақ суреттерді мозаика орналасуында көру үшін,  опциясын түртіңіз.

Қосымша суреттерді немесе құжаттарды таңдау үшін,  немесе  опциясын түртіңіз.

Топ қатысушыларын көру үшін,  опциясын түртіңіз.

## Group Play сеансына қосылу

**Топқа қосылу** опциясын түртіңіз, қосылу керек Group Play сеансын таңдаңыз, содан кейін топтың құпия сөзін енгізіңіз. Мультимедиа санатын таңдаңыз, сонда қазіргі уақытта бөлісіліп жатқан мазмұн құрылғыда пайда болады.

# Қолданба және мультимедиа дүкендері

## Play Store


Бұл қолданбаны құрылғыда іске қосуға болатын қолданбалар мен ойындарды сатып алу және жүктеу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Play Store** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Қолданбаларды орнату

Қолданбаларды санат бойынша шолыңыз немесе кілт сөз көмегімен іздеу үшін  опциясын түртіңіз.


Ақпаратты көру үшін қолданбаны таңдаңыз. Жүктеу үшін, **INSTALL** опциясын түртіңіз. Егер қолданба үшін ақы алынатын болса, бағаны түртіп, сатып алу процесін аяқтау үшін, экрандық нұсқауларды орындаңыз.



- Кез келген орнатылған қолданба үшін жаңа нұсқа қол жетімді болғанда, жаңарту туралы ескерту үшін экранның жоғарғы жағында жаңарту белгішесі көрсетіледі. Хабарландыру тақтасын ашып, қолданбаны жаңарту белгішесін түртіңіз.
- Басқа көздерден жүктеген қолданбаларды орнату үшін, қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Қосымша** → **Қауіпсіздік** → **Белгісіз көздер** тармағын түртіңіз.

## Қолданбаларды жою

**Play Store** дүкенінен жүктелген қолданбаларды жойыңыз.

 → **My apps** тармағын түртіңіз, орнатылған қолданбалар тізімінде жоятын қолданбаны таңдаңыз да, **UNINSTALL** опциясын түртіңіз.

## Samsung Apps

Бұл қолданбаны арнайы Samsung қолданбаларын сатып алу және жүктеу үшін пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [www.samsungapps.com](http://www.samsungapps.com) сайтына кіріңіз.


Қолданбалар экранында **Samsung Apps** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Қолданбаларды орнату

Қолданбаларды санат бойынша шолыңыз.

Қолданбаны іздеу үшін экранның жоғарғы жағында  опциясын түртіңіз де, іздеу өрісінде кілт сөзді енгізіңіз.

Ақпаратты көру үшін қолданбаны таңдаңыз. Оны жүктеу үшін, **Тегін** опциясын түртіңіз. Егер қолданба үшін ақы алынатын болса, бағаны түртіп, сатып алу процесін аяқтау үшін, экрандық нұсқауларды орындаңыз.



Кез келген орнатылған қолданба үшін жаңа нұсқа қол жетімді болғанда, жаңарту туралы ескерту үшін экранның жоғарғы жағында жаңарту белгішесі көрсетіледі. Хабарландыру тақтасын ашып, қолданбаны жаңарту белгішесін түртіңіз.

## Play Books

Бұл қолданбаны кітап файлдарын оқу және жүктеу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Play Books** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Play Movies

Бұл қолданбаны фильмдерді немесе ТД шоуларын көру, жүктеу және жалдау үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Play Movies** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Play Music

Бұл қолданбаны құрылғыдағы музыканы тыңдау немесе Google бұлт қызметінен музыка ағынын жіберу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Play Music** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Play Magazines

Бұл қолданбаны журналдарды оқу және жүктеу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Play Magazines** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

# Утилиталар



## S Memo


Бұл қолданбаны суреттерді және дауыстық жазбаларды пайдаланып жазбаны жасау үшін пайдаланыңыз.


Қолданбалар экранында **S Memo** опциясын түртіңіз.


### Жазбаларды жазу


Саусақпен нобайларды салу я болмаса суреттерді немесе дауыстық жазбаларды қосу арқылы мүмкіндіктері көп мазмұн бар жазбаларды жасаңыз.

Экранда жазу үшін,  опциясын түртіңіз немесе пернетақта көмегімен мәтінді енгізу үшін  опциясын түртіңіз.



Жазбаны жазып жатқанда қалам түрін, сызық қалыңдығын немесе қалам түсін өзгерту үшін,  опциясын тағы бір рет түртіңіз.

Қолжазбаны өшіргенде өшіргіш өлшемін өзгерту немесе жазбаны тазалау үшін,  опциясын тағы бір рет түртіңіз.




Парақ фонын өзгерту үшін,  → **Фонды өзгерту** тармағын түртіңіз.


Тегтерді қосу үшін,  → **Тег қосу** тармағын түртіңіз.


## Жазбаларды шолу

Жоғары немесе төмен жылжу арқылы жазба кіші суреттерін шолыңыз.

Жазбаны іздеу үшін,  → **Іздеу** тармағын түртіңіз.

Жазбаларды жою үшін,  → **Жою** тармағын түртіңіз.


Жазбаларды күні, тақырыбы, тегі немесе басқа бойынша сұрыптау үшін,  → **Бойынша сұрыптау** тармағын түртіңіз.

Көрініс режимін өзгерту үшін,  → **Тізімдік көрініс** тармағын түртіңіз.

Файлды импорттау арқылы жазбаны жасау үшін,  → **Импорт** тармағын түртіңіз.


Жазбаларды басқа пішіммен экспорттау үшін,  → **Экспорттау** тармағын түртіңіз.


Қалтаны жасау үшін,  → **Қалтаны құру** тармағын түртіңіз.

Жазбалардың ретін өзгерту үшін,  → **Орнын ауыстыру** тармағын түртіңіз.

Жазбаларды басқа қалтаға жылжыту үшін,  → **Орналастыру** тармағын түртіңіз.

Жазбаларды көшіру үшін,  → **Көшіру** тармағын түртіңіз.


S Метод параметрлерін өзгерту үшін,  → **Қондырғ-р** тармағын түртіңіз.


Сақтау орнынан сақтық көшірмелеу немесе қалпына келтіру үшін  → **Сақтық көшірме және қалпына келтіру** тармағын түртіңіз.




## Жазбаны көру

Ашу үшін жазбаның кіші суретін түртіңіз.


Жазбаны жою үшін,  → **Жою** тармағын түртіңіз.


Жазбаны басқаларға жіберу үшін,  → **Бөлісу** тармағын түртіңіз.

Жазбаны сурет файлы немесе PDF файлы ретінде сақтау үшін,  → **Экспорттау** тармағын түртіңіз.

Жазбаны таңдаулылар тізіміне қосу үшін,  → **Ұнамдыларға қосу** тармағын түртіңіз.

Жазбаны оқиға ретінде сақтау үшін,  → **Оқиға жасау** тармағын түртіңіз.

Жазбаны тұсқағаз ретінде орнату немесе контактіге тағайындау үшін,  → **Орнату** тармағын түртіңіз.

Жазбаны USB немесе Wi-Fi арқылы басып шығару үшін,  → **Басып шығару** тармағын түртіңіз. Құрылғы кейбір Samsung принтерлерімен ғана үйлесімді.

Жазбаны өңдеу үшін  опциясын түртіңіз.

Дауыстық жазбаны ойнату үшін,  опциясын түртіңіз.

## S Planner

Бұл қолданбаны оқиғалар мен тапсырмаларды басқару үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **S Planner** опциясын түртіңіз.

## Оқиғаларды немесе тапсырмаларды жасау


**Жаңа** опциясын түртіңіз де, келесі әдістердің біреуін пайдаланыңыз:

- **Оқиға қосу:** міндетті емес қайталау параметрі бар оқиғаны енгізіңіз.
- **Тапсырма қосу:** міндетті емес басымдылық параметрі бар тапсырманы енгізіңіз.
- **Жазба қосу:** күнді қосу үшін қолжазба жазба жасау.

Оқиғаны немесе тапсырманы қысқарақ етіп қосу үшін, күнді түртіп таңдаңыз және оны қайтадан түртіңіз.



Тақырыпты енгізіңіз және пайдаланылатын немесе синхрондалатын күнтізбені көрсетіңіз. Содан кейін **Оқиға мәліметтерін өзгерту** немесе **Тапсырма мәліметтерін өзгерту** опциясын түртіп, оқиғаның қайталану жиілігі, оның алдын ала ескерту уақыты немесе оның орын алатын жері сияқты қосымша мәліметтерді қосыңыз.


Оқиғаның орнын көрсететін картаны тіркеңіз. **Орналасу орны** өрісінде орынды енгізіңіз, өріс жанында  опциясын түртіңіз, содан кейін көрсетілген картада түртіп, ұстап тұру арқылы дәл орынды көрсетіңіз.

S Метод қолданбасынан жазбаны бекітіңіз. **Ескертпелер** опциясын түртіңіз де, жаңа жазбаны жасаңыз немесе бар жазбалардың біреуін таңдаңыз.


Суретті тіркеңіз. **Суреттер** опциясын түртіңіз де, сурет түсіріңіз немесе бар суреттердің біреуін таңдаңыз.


## Күнге жазбаларды тіркеу

Күнді таңдау үшін, оны түртіп, ұстап тұрыңыз, сонда жазбалар тақтасы пайда болады.



## Google күнтізбесімен синхрондау


Қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Тіркелгі** → **Менің жазбаларым** астында **Google** → Google тіркелгісі → **Күнтізбе синхрондау** тармағын түртіңіз. Жаңарту мақсатында қолмен синхрондау үшін қолданбалар экранында **S Planner** →  → **Синхрондау** тармағын түртіңіз.

Оқиғаны немесе тапсырмаларды синхрондау үшін,  → **Күнтізбелер** → **Дисплей** тармағын түртіп, Google есептік жазбасын белгілеңіз, содан кейін **Дайын** опциясын түртіңіз.

## Күнтізбе түрін өзгерту


Экранның оң жағында жылдық, айлық, апталық және басқа күнтізбелердің түрлері арасынан біреуін таңдаңыз. Күнтізбе түрін өзгерту үшін кішірейту қимылын пайдалануға болады. Мысалы, ай сайынғы күнтізбеден жыл сайынғы күнтізбеге өзгерту үшін кішірейтіңіз, жыл сайынғы күнтізбені қайтадан ай сайынғы күнтізбеге өзгерту үшін саусақтарды алшақтатыңыз.

## Оқиғаларды іздеу


 → **Іздеу** тармағын түртіңіз де, іздейтін кілт сөзді енгізіңіз.

Бүгінгі оқиғаларды көру үшін экранның жоғарғы жағында **Бүгін** опциясын түртіңіз.

## Оқиғаларды жою

Күнді немесе оқиғаны таңдаңыз да,  → **Жою** тармағын түртіңіз.

## Оқиғаларды бөлісу

Оқиғаны таңдаңыз,  → **Бөлісу** тармағын түртіңіз, содан кейін бөлісу әдісін таңдаңыз.

## Dropbox



Бұл қолданбаны Dropbox бұлт қоймасы арқылы файлдарды сақтау және басқалармен бөлісу үшін пайдаланыңыз. Файлдарды Dropbox қоймасына сақтағанда, құрылғы веб-сервермен және Dropbox орнатылған барлық басқа компьютерлермен автоматты түрде синхрондалады.



Қолданбалар экранында **Dropbox** опциясын түртіңіз.





Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Dropbox қолданбасын бірінші рет іске қосқанда, іске қосу үшін, **Start** опциясын түртіңіз. Орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Dropbox белсендірілгеннен кейін құрылғының камерасымен түсірілген суреттер мен бейнелер Dropbox қызметіне автоматты түрде жүктеледі. Кері жүктелген суреттерді немесе бейнелерді көру үшін,  опциясын түртіңіз. Файлдарды бөлісу, жою немесе альбомдарды жасау үшін,  опциясын түртіңіз, содан кейін файлдарды таңдаңыз.

Файлдарды Dropbox қызметіне кері жүктеу үшін,  →  → **Upload here** → **Photos or videos** немесе **Other files** тармағын түртіңіз. Файлдарды Dropbox қызметінде ашу үшін файлды таңдаңыз.

Суреттерді немесе бейнелерді көріп жатқанда оларды таңдаулылар тізіміне қосу үшін,  опциясын түртіңіз. Таңдаулылар тізіміндегі файлдарды ашу үшін,  опциясын түртіңіз.

## Cloud

Бұл мүмкіндікті Samsung есептік жазбасымен немесе Dropbox қызметімен файлдарды синхрондау немесе қолданба деректерінің сақтық көшірмесін жасау үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Қондырғ-р** → **Тіркелгі** → **Cloud** тармағын түртіңіз.



Бұл мүмкіндік аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Samsung есептік жазбасымен синхрондау

Файлдарды синхрондау үшін Samsung есептік жазбасын немесе **Синхрондау баптаулары** опциясын түртіңіз.

## Деректердің сақтық көшірмесін жасау немесе қалпына келтіру

Samsung тіркелгісінің көмегімен деректердің сақтық көшірмесін жасау немесе оларды қалпына келтіру үшін, **Сақтық көшірме** немесе **Қалыпна келтіру** опциясын түртіңіз.

## Dropbox қоймасымен синхрондау


**Dropbox есептік жазбас. байл-у** опциясын түртіңіз де, Dropbox тіркелгісін енгізіңіз. Орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Кіргеннен кейін **Allow** опциясын түртіңіз, сонда құрылғы өзгертулер енгізген сайын файлдарды Dropbox қоймасымен автоматты түрде синхрондайды.

## Сағат

Бұл қолданбаны дабылдарды орнату, дүние жүзіндегі кез келген орында уақытты тексеру, оқиға ұзақтығын өлшеу немесе таймерді орнату үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Сағат** опциясын түртіңіз.



Осы дабылды қосу немесе өшіру.



## Дабыл

### Дабылдарды орнату

**Дабылды қосу** опциясын түртіңіз, дабыл өшуі керек уақытты орнатыңыз, дабыл қайталанатын күндерді таңдаңыз, содан кейін **Сақтау** опциясын түртіңіз.

- **Орын дабылы:** орынды орнату. Дабыл орында болғанда ғана өшеді.
- **Тоқтатып қою:** алдын ала орнатылған уақыттан кейін дабыл үшін аралықты және қайталау санын орнату.
- **Смарт дабыл:** дабылдың алдын ала орнатылған уақыттан қанша уақыт бұрын өшуі керектігін орнату.

### Дабылдарды тоқтату

Дабылды тоқтату үшін  белгішесін үлкен шеңбер сыртына сүйреп апарыңыз. Дабылды көрсетілген уақыттан кейін қайталау үшін  белгішесін үлкен шеңбер сыртына сүйреп апарыңыз.

### Дабылдарды жою

Дабылды түртіп, ұстап тұрыңыз да, **Жою** опциясын түртіңіз.

## Әлемдік уақыт

### Сағаттарды жасау

**Қаланы қосу** опциясын түртіңіз де, қала атауын енгізіңіз немесе қалалар тізімінен қаланы таңдаңыз.

Жазғы уақытты қолдану үшін, сағатты түртіп, ұстап тұрыңыз, содан кейін **ЖУ параметрлері** опциясын түртіңіз.

### Сағаттарды жою

Сағатты түртіп, ұстап тұрыңыз да, **Жою** опциясын түртіңіз.


## Секунд өлшегіш

Оқиға уақытын орнату үшін **Бастау** опциясын түртіңіз. Өткен уақытты жазып алу үшін, **Блс** опциясын түртіңіз.

Өткен уақыт жазбаларын тазалау үшін, **Жаңарту** опциясын түртіңіз.

## Таймер


Ұзақтықты орнатыңыз да, **Бастау** опциясын түртіңіз.

Таймер өшкенде  белгішесін үлкен шеңбер сыртына сүйреп апарыңыз.

## Калькулятор

Бұл қолданбаны қарапайым және күрделі есептеулер үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Калькулят.** опциясын түртіңіз.

Есептеулер журналын көру үшін,  опциясын түртіп, пернетақтаны жасырыңыз.

Журналды өшіру үшін,  → **Журналды тазарту** тармағын түртіңіз.


Журналдың таңбалар өлшемін өзгерту үшін,  → **Мәтін көлемі** тармағын түртіңіз.

## S Translator

Бұл қолданбаны мәтінді басқа тілдерге аудару үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **S Translator** опциясын түртіңіз.

## S Translator қолданбасын пайдалану


Бастапқы және мақсатты тілдерді орнатыңыз, енгізу өрісінде мәтінді енгізіңіз де,  опциясын түртіңіз.


Таңдаулылар тізіміне тілдер жұбын қосу үшін **Сүйіктілер қатарына қосу** опциясын түртіңіз.

Тілдер жұбын басқаларға жіберу үшін **Бөлісу** опциясын түртіңіз.

## Аудармашы көмегімен сөйлесуді бастау

Басқа адаммен дауыстық аударма арқылы сөйлесу үшін, экранның төменгі жағындағы түймелерді түртіңіз.

Тіліңіз үшін **Сөйлеу** опциясын түртіңіз де, микрофонға сөйлеңіз. Құрылғы айтқаныңызды аударды. Құрылғы аударманы дауыстап оқуы үшін, мақсатты тіл өрісінде  опциясын түртіңіз.

Содан кейін сөйлесіп жатқан адамның тілі үшін **Сөйлеу** опциясын түртіңіз және адамға өз тілінде жауап беруге мүмкіндік беріңіз. Құрылғы оның айтқанын аударды. Құрылғы оны дауыстап оқуы үшін, бастапқы тіл өрісінде  опциясын түртіңіз.

## S Voice

Бұл қолданбаны хабарды жіберу, жазбаны жазу, дабылды орнату және т.б. үшін құрылғыны дауыспен басқару үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **S Voice** опциясын түртіңіз. Немесе  екі рет түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Мұнда ауызша пәрмендердің бірнеше мысалы берілген:

- Музыканы ашу
- Калькуляторды іске қосу
- Кестені тексеру

Жақсырақ дауысты тану туралы кеңестер

- Анық сөйлеңіз.
- Тыныш орындарда сөйлеңіз.
- Дәрекі немесе сленг сөздерді пайдаланбаңыз.
- Диалект акцентпен сөйлемеңіз.

Құрылғы айналаға немесе сөйлегеніңізге байланысты пәрмендерді танымауы немесе қажет емес пәрмендерді орындауы мүмкін.



## Google


Бұл қолданбаны интернетте ғана емес, құрылғыдағы қолданбаларда және олардың мазмұндарында іздеу үшін де пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Google** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Құрылғыда іздеу

Іздеу өрісін түртіңіз де, кілт сөзді енгізіңіз. Я болмаса,  опциясын түртіңіз де, кілт сөзді сөйлеңіз.

## Іздеу ауқымы

Іздейтін қолданбаларды таңдау үшін,  → **Settings** → **Phone search** тармағын түртіңіз де, іздейтін элементтерге құсбелгілер қойыңыз.

## Google Now

Google іздеуін іске қосып, қажет кезде ағымдағы ауа райын, қоғамдық көлік ақпаратын, келесі кездесуді және т.б. көрсететін Google Now карталарын көріңіз.

Google Now қызметіне Google іздеуін бірінші рет ашқанда қосылыңыз. Google Now параметрлерін өзгерту үшін,  → **Settings** → **Google Now** тармағын түртіңіз.

## Voice Search

Бұл қолданбаны веб-беттерді сөйлеу арқылы іздеу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Voice Search** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Экранда **Speak now** хабары көрсетілгенде, кілт сөзді немесе фразаны айтыңыз.

## Менің файлдарым

Бұл қолданбаны құрылғыда сақталған барлық файл түрлеріне, соның ішінде, суреттерге, бейнелерге, әндерге және дыбыстық клиптерге қол жеткізу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Менің файлдарым** опциясын түртіңіз.

Ашу үшін қалтаны таңдаңыз. Тектік қалтаға оралу үшін, **Жоғары** опциясын түртіңіз. Түбірлік каталогқа оралу үшін, **Үй парағы** опциясын түртіңіз.

Қалтада  опциясын түртіңіз де, келесі опциялардың біреуін пайдаланыңыз:

- **Барлығын таңдау:** бір опцияны бәріне бірден қолдану үшін барлық файлдарды немесе қалталарды бөлектеңіз.
- **Қалтаны құру:** қалта жасау.
- **Іздеу:** файлдарды немесе қалталарды іздеу.
- **Түр:** көру режимін өзгерту.
- **Бойынша сұрыптау:** файлдарды немесе қалталарды сұрыптау.
- **Қондырғы-р:** файлдарды реттегіш параметрлерін өзгерту.

## Жазылған

Бұл қолданбаны қолданбалар арқылы қандай файлдар жүктелгенін көру үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Жазылған** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Тиісті қолданбамен ашу үшін файлды таңдаңыз.

Файлдарды өлшемі бойынша сұрыптау үшін, **Өлшемі бойынша сұрыптау** опциясын түртіңіз.

Файлдарды күні бойынша сұрыптау үшін, **Күні бойынша сұрыптау** опциясын түртіңіз.

## TripAdvisor

Бұл қолданбаны мақсатты орын немесе қонақ үй сияқты саяхат туралы ақпаратты алу үшін пайдаланыңыз. Сондай-ақ, бөлмеге тапсырыс беруге және пікірлерді басқалармен бөлісуге болады.

Қолданбалар экранында **TripAdvisor** опциясын түртіңіз.

# Саяхат және жергілікті

## Maps




Бұл қолданбаны құрылғының орнын көрсету, орындарды іздеу және бағыттарды алу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Maps** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

## Орындарды іздеу



 опциясын түртіңіз, мекенжайды енгізіңіз, содан кейін  опциясын түртіңіз. Орын туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді көру үшін орынды таңдаңыз. Маңайдағы орындарды іздеу үшін  опциясын түртіңіз.

Орын табылғаннан кейін  опциясын түртіп, келесі функциялардың біреуін пайдаланыңыз:

- **Clear Map:** картаны тазалау.
- **Make available offline:** көрсетілген аумақтың картасын дербес күйде көру үшін сақтау.
- **Layers:** жерсерік суреттерін, трафик туралы ақпаратты және т.б. қамтитын бірнеше қабатты қабаттастырыңыз.
- **Settings:** карта параметрлерін өзгерту.
- **Help:** картаны пайдалану туралы ақпаратты көру.

Ағымдағы орынды көру үшін  опциясын түртіңіз.

## Мақсатты орын үшін бағыттарды алу

- 1  опциясын түртіңіз.
- 2  опциясын түртіңіз де, басталу және аяқталу орындарын енгізу әдісін таңдаңыз:
  - **My current location:** басталу орны ретінде ағымдағы орынды пайдалану.
  - **Contacts:** контактілер тізімінен таңдау.
  - **Point on map:** карта түрту арқылы көрсету.
  - **My Places:** дербес күйдегі карталар тізімінен, жұлдызша қойылған орындарды, соңғы орындарды және т.б. таңдау.
- 3 Саяхаттың әдісін, мысалы, көлікпен, қоғамдық көлікпен немесе жаяу, таңдаңыз да, **GET DIRECTIONS** опциясын түртіңіз.
- 4 Көрсетілген бағдарлардың біреуін таңдаңыз да, мәліметтерді көру үшін **MAP VIEW** опциясын түртіңіз.

## Local

Бұл қолданбаны маңайдағы мейрамханаларды, банктерді, аялдамаларды және т.б. іздеу үшін пайдаланыңыз.


Қолданбалар экранында **Local** опциясын түртіңіз.



Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Орын санатын таңдаңыз да, іздеу нәтижелері тізімінен орынды таңдаңыз.

- **Map:** орынды картада көрсету.
- **Directions:** орынның бағдарын іздеу.

Орын санатын қосу үшін, санаттар тізімінде  → **Add a search** тармағын түртіп, мәтіндік өріске іздейтін кілт сөзді енгізіңіз.

## Navigation

Бұл қолданбаны мақсатты орынның бағдарын іздеу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Navigation** опциясын түртіңіз.



- Навигациялық карталар, ағымдағы орныңыз және басқа навигациялық деректер ағымдағы орын ақпаратынан ерекшеленуі мүмкін. Жол жағдайларына, жол қозғалысына және көлік жүргізуіңізге ықпал етуі мүмкін басқа факторларға әрдайым назар аудару керек. Көлік жүргізіп келе жатқанда барлық қауіпсіздік ескертулері мен ережелерін сақтау керек.
- Бұл қолданба аймағыңызға немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді болмауы мүмкін.

Мақсатты мекенжайды сөйлеу немесе енгізу сияқты әр түрлі әдістерді пайдалана отырып мақсатты орынды көрсетіңіз. Бағдар табылғаннан кейін мақсатты орынға шарлау үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз.

# Параметрлер

## Параметрлер туралы


Бұл қолданбаны құрылғыны теңшеу, қолданба параметрлерін орнату және есептік жазбаларды қосу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Қондырғ-р** опциясын түртіңіз.

## Қосылымдар

### Wi-Fi

Wi-Fi желісіне қосылу және интернетке немесе басқа желілік құрылғыларға қол жеткізу үшін Wi-Fi мүмкіндігін іске қосыңыз.

Опцияларды пайдалану үшін  опциясын түртіңіз.

- **Қосымша:** Wi-Fi параметрлерін теңшеу.
- **WPS баспалы түймесі:** WPS баспалы түймесінің көмегімен қорғалған Wi-Fi желісіне қосылыңыз.
- **WPS PIN енгізу:** WPS PIN енгізу көмегімен қорғалған Wi-Fi желісіне қосылыңыз.

### Wi-Fi ұйқы саясатын орнату


Параметрлер экранында **Қосылымдар** → **Wi-Fi** →  → **Қосымша** → **Ұйқы режимінде Wi-Fi қосулы ұстаңыз** тармағын түртіңіз.



Экран өшірілгенде құрылғы Wi-Fi байланыстарын автоматты түрде өшіреді. Бұл орын алғанда құрылғы пайдалануға орнатылған болса, деректер желілеріне автоматты түрде қол жеткізеді. Бұған деректерді тасымалдау ақылары алынуы мүмкін. Деректерді пайдалану шоттарын алмау үшін бұл опцияны **Әрқашан** деп орнатыңыз.

## Желілік мәлімдемені орнату

Құрылғы ашық Wi-Fi желілерін анықтап, қол жетімді болғанда хабардар ету үшін күй жолағында белгішені көрсете алады.

Бұл мүмкіндікті іске қосу үшін, Параметрлер экранында **Қосылымдар** → **Wi-Fi** →  → **Қосымша** тармағын түртіп, **Желілік мәлімдеме** белгілеңіз.


## Wi-Fi Direct

Wi-Fi Direct екі құрылғыны тікелей Wi-Fi желісі арқылы, кіру нүктесінің қажеттілігінсіз қосады.

Параметрлер экранында **Қосылымдар** → **Wi-Fi** → **Wi-Fi Direct** тармағын түртіңіз.

## Bluetooth

Қысқа қашықтықтарда ақпарат алмасу үшін Bluetooth мүмкіндігін іске қосыңыз.


Қосымша опцияларды пайдалану үшін  опциясын түртіңіз.

- **Көріну уақыты бітті:** құрылғы көрінетін ұзақтықты орнату.
- **Алынған файлдар:** алынған файлдарды Bluetooth мүмкіндігі арқылы көру.

## Деректер пайдалану

Деректерді пайдалануды бақылаңыз және шектеу параметрлерін реттеңіз.

- **Ұялы деректер:** құрылғыны деректер қосылымдарын кез келген ұялы желіде пайдалану үшін реттеу.
- **Ұялы деректер шегін белгілеу:** ұялы деректерді пайдаланудың шегін орнатыңыз.
- **Деректер пайдалану циклы:** деректерді пайдалануды бақылау үшін ай сайынғы алып тастау күнін енгізіңіз.

Қосымша опцияларды пайдалану үшін  опциясын түртіңіз.

- **Деректер роумингі:** құрылғыны роуминг кезінде деректер қосылымдарын пайдалану үшін реттеу.
- **Фондық деректерді шектеу:** құрылғыны ұялы желіні пайдаланып жатқанда фонда синхрондауды өшіру үшін реттеу.
- **Деректерді автоматты түрде синхрондау:** қолданбаларды автоматты синхрондауды іске қосу немесе өшіру. **Қондырғы-р** → **Тіркелгі** тармағында әр тіркелгі үшін қандай ақпарат синхрондалатынын таңдауға болады.



- **Wi-Fi пайдалануды көрсету:** құрылғыны Wi-Fi арқылы деректерді пайдалануды көрсету үшін реттеу.
- **Ұялы жедел нүктелер:** фонда орындалып жатқан қолданбалардың пайдалануын болдырмау үшін Wi-Fi хотспоттарын таңдаңыз.

## Қосымша желілер

Желілерді басқару параметрлерін реттеңіз.

### Ұшу режимі

Бұл құрылғыдағы барлық сымсыз функцияларды өшіреді. Сіз желілік емес қызметтерді ғана пайдалана аласыз.

### Смарт желі

Бұл мүмкіндік экран өшірілгенде құрылғыдағы барлық деректер желісі функцияларын өшіреді және SNS қолданбалары немесе **Эл. пошта** секілді қолданбаларды ажыратады. Экран өшірулі кезде қабылданбаған хабарландырулардың барлығы экран қосылған уақытта қабылданады.



Осы мүмкіндікті қосу арқылы батарея қуатын үнемдеуге болады.

### Ұялы желілер

- **Ұялы деректер:** желілік қызметтер үшін пакеттік коммутация деректер желілеріне рұқсат ету үшін пайдаланыңыз.
- **Деректер роумингі:** құрылғыны роуминг күйінде болғаныңызда немесе өз желіңіз жоқ болған кезде басқа желіге қосылу үшін пайдаланыңыз.
- **Қатынас нүктелерінің атаулары:** қатынас нүктелерінің атауларын (APN) орнатыңыз.
- **Желі режимі:** желі түрін таңдаңыз.
- **Желі операторлары:** қол жетімді желілерді іздеңіз және роуминг үшін желі таңдаңыз.

### Тірк. және жылж. "ыстық" нүкте

- **Портативті Wi-Fi "жедел" нүктесі:** портативті Wi-Fi «жедел» нүктесін құрылғының ұялы желі байланысын компьютерлермен немесе басқа құрылғылармен Wi-Fi желісі арқылы бөлісу үшін пайдаланыңыз.
- **USB тіркеу:** құрылғының ұялы желі байланысын компьютермен USB арқылы бөлісу үшін USB тіркеу мүмкіндігін пайдаланыңыз. Компьютерге жалғанғанда, құрылғы компьютерге сымсыз модем ретінде пайдаланылады.

- **Bluetooth байланыстыру:** құрылғының ұялы желі байланысын компьютермен немесе басқа құрылғылармен Bluetooth арқылы бөлісу үшін Bluetooth бекіту мүмкіндігін пайдаланыңыз.
- **Көмек:** USB, Wi-Fi және Bluetooth бекіту туралы қосымша мәліметтер.

## VPN

Виртуалды жеке желілерді (VPN) орнатыңыз және оларға қосылыңыз.

## Жақын құрылғылар

- **Файл бөлісу:** DLNA қолдайтын құрылғыларға құрылғыдағы мультимедиалық файлдарға қол жеткізуге рұқсат ету үшін мультимедианы бөлісуді іске қосыңыз.
- **Ортақ мазмұндар:** құрылғыны мазмұнды басқа құрылғылармен бөлісу үшін реттеу.
- **Рұқсат етілген құрылғылар тізімі:** құрылғыға қол жеткізе алатын құрылғылар тізімін қараңыз.
- **Рұқсат етілмеген құрылғылар тізімі:** құрылғыға қол жеткізуге тыйым салынған құрылғылар тізімін қараңыз.
- **Жүктеу:** мультимедиалық файлдарды сақтайтын жад орнын таңдаңыз.
- **Басқа құрылғылардан жүктеу:** құрылғыны басқа құрылғылардан кері жүктеулерді қабылдау үшін реттеу.

## Screen Mirroring

Экран көшірмесі мүмкіндігін іске қосып, дисплейді басқалармен бөлісіңіз.

## Wi-Fi арқылы Kies

Құрылғыңызды Samsung Kies қолданбасына Wi-Fi желісі арқылы қосыңыз.

## Құрылғым

### Экранды құлыптау

Құлыпталған экран параметрлерін өзгерту.

## Дисплей

Дисплей параметрлерін өзгертіңіз.

- **Түсқағаз:**
  - **Бастапқы экран:** бастапқы экран үшін фондық суретті таңдаңыз.
  - **Экранды құлыптау:** құлыпталған экран үшін фондық суретті таңдаңыз.
  - **Бастапқы және құлып экрандары:** бастапқы экран және құлыпталған экран үшін фондық суретті таңдаңыз.
- **Хабарландыру тақтасы:** хабарландыру тақтасында көрсетілетін элементтерді теңшеңіз.
- **Экран режимі:**
  - **Дисплейді бейімдеу:** бұл режимді дисплейді дисплей параметрлеріне сай оңтайландыру үшін пайдаланыңыз.
  - **Динамикалық:** бұл режимді дисплей реңкін жарқынырақ ету үшін пайдаланыңыз.
  - **Стандартты:** бұл режимді қалыпты қоршаған орта үшін пайдаланыңыз.
  - **Фильм:** бұл режимді қараңғы бөлме сияқты қараңғы қоршаған орта үшін пайдаланыңыз.
- **Ашықтығы:** дисплей ашықтығын орнатыңыз.
- **Экранды автоматты бұру:** мазмұнды құрылғыны бұрғанда автоматты түрде бұрылуға орнатыңыз.
- **Экранның уақыты бітті:** құрылғы дисплейдің артқы жарығы өшпей тұрып күтетін уақыт ұзақтығын орнатыңыз.
- **Экран сақтағыш:** құрылғыны жұмыс үстелі док-станциясына қосылғанда немесе зарядталып жатқанда экран сақтағышты іске қосуға реттеу.
- **Шрифт стилі:** дисплей мәтіні үшін қаріп түрін өзгертіңіз.
- **Қаріп өлшемі:** қаріп өлшемін өзгерту.
- **Батар. пайыз. көрс-н көрсету:** құрылғыны қалған батарея зарядын көрсетуге реттеу.
- **Экран түсірген соң өзгерту:** құрылғыны түсіргеннен кейін скриншотты өңдеуге реттеу.

## Дыбыс

Құрылғыдағы әр түрлі дыбыстардың параметрлерін өзгертіңіз.

- **Дауыс қат.:** музыка және бейнелер, жүйелік дыбыстар және хабарландырулар үшін дыбыс деңгейін реттеу.
- **Интенсивтік дірілдеу:** дірілдеу хабарландыруының күшін реттеңіз.
- **Әдепкі хабарлау дыбысы:** кіріс хабарлар сияқты оқиғалар үшін рингтонды таңдау.
- **Дыбыстарды түрту:** құрылғыны сенсорлық экранда қолданбаны немесе опцияны таңдағанда дыбыс шығаруға орнатыңыз.
- **Экран құлыптау дыбысы:** құрылғыны сенсорлық экранды құлыптағанда немесе құлпын ашқанда дыбыс шығаруға орнатыңыз.
- **Кері байланыс-дірілдеу:** құрылғыны пернелерді түрткенде дірілдеуге орнатыңыз.

## Бұғаттау режимі

Қай хабарландырулар бұғатталатынын және оларды бұғаттау ұзақтығын таңдаңыз.

## Жүргізу режимі

Құрылғыны мазмұнды дауыстап оқуға орнату және жүргізу режимінде пайдаланылатын қолданбаларды көрсету үшін жүргізу режимін іске қосыңыз.

## Аксессуар

- **Дыбыстың шығуы:** құрылғыны HDMI құрылғыларына қосқанда пайдаланылатын дыбысты шығару пішімін таңдаңыз. Кейбір құрылғылар кеңістіктік дыбыс параметрін қолдамауы мүмкін.

## Қол жетімділік

Қол жетімділік қызметтері белгілі бір физикалық мүмкіндіктері шектелгендерге арналған арнайы мүмкіндіктер. Құрылғының қол жетімділігін жақсарту үшін төмендегі параметрлерге қол жеткізу және ескерту.

- **Экранды автоматты бұру:** интерфейсті құрылғыны бұрғанда автоматты түрде бұрылуға орнатыңыз.
- **Экранның уақыты бітті:** құрылғы дисплейдің артқы жарығы өшпей тұрып күтетін уақыт ұзақтығын орнатыңыз.
- **Құпиясөздер айту:** құрылғыны TalkBack көмегімен веб-сайттарға кіргенде құпия сөздерді дауыстап айтуға орнатыңыз.
- **Белгішені көрсету:** қуат түймесі басып, ұстап тұрған кезде көрсетілетін **Қол жетімділік** Қол жетімділік параметрлеріне тіркесімді қосу.
- **Қол жетімділікті басқару:** басқа құрылғылармен бөлісу үшін қол жетімділік параметрлерін экспорттау немесе импорттау.
- **TalkBack:** дауыстық жауапты қамтамасыз ететін TalkBack бағдарламасын іске қосыңыз.
- **Қаріп өлшемі:** қаріп өлшемін өзгерту.
- **Масштаптау:** құрылғыны саусақ қимылдарының көмегімен үлкейтуге немесе кішірейтуге реттеу.
- **Теріс түстер:** көрінуді жақсарту үшін дисплей түстерін кері етіңіз.
- **Түсті реттеу:** құрылғы сізде түс соқырлығы бар екенін немесе мазмұнды оқуда қиындық бар екенін анықтағанда, экран үшін түстер схемасын реттеу.
- **Арнайы мүмкіндіктер белгішесі:** құрылғыны Қуат түймесін басып тұрып, содан кейін екі саусақпен экранды түртіп, ұстап тұрғанда Talkback қолданбасын белсендіруге реттеу.
- **Мәтіннен сөйлеуге опция:**
  - **Таңдаулы TTS механизмі:** сөзді синтездеу механизмін таңдаңыз. Сөзді синтездеу механизмдерінің параметрлерін өзгерту үшін  опциясын түртіңіз.
  - **Сөйлеу жылдамдығы:** мәтінді сөзге түрлендіру мүмкіндігі үшін жылдамдықты таңдаңыз.
  - **Мысал тыңдау:** мысал үшін сөйленген мәтінді тыңдаңыз.
- **Вебтің арнайы мүмкіндіктерін жақсарту:** бағдарламаларды веб-мазмұнына қол жеткізуді оңайырақ ету үшін веб-сценарийлерді орнататын етіп орнатыңыз.
- **Дыбыс теңдігі:** қос гарнитураны пайдаланғанда дыбыс балансын реттеңіз.
- **Моно дыбыс:** бір құлаққаппен аудионы тыңдаған кезде моно дыбысты қосу.
- **Барлық дыбыстарды өшіру:** барлық құрылғы дыбыстарының үнін өшіріңіз.

- **Көмекші мәзір:** құрылғыны сыртқы түймелер немесе хабарландыру тақтасындағы мүмкіндіктер қолдау көрсететін функцияларға қатынасуға көмектесетін көмекші тіркесім белгішесін көрсетуге реттеу. Сондай-ақ, тіркесімдегі мәзірді өңдеуге болады.
- **Кідірісті түртіп, ұстап тұрыңыз:** экранды түртіп, ұстап тұру үшін тану уақытын орнатыңыз.
- **Өзара әрекетті басқару:** сенсорлық енгізулерге қосылмайтын экран аумағын орнату.

## Тіл және енгізу

Мәтінді енгізу параметрлерін өзгертіңіз. Таңдалған тілге байланысты кейбір опциялар қол жетімді болмауы мүмкін.

### Тіл

Барлық мәзірлер мен қолданбалар үшін дисплей тілін таңдаңыз.

### Өздігінен

Мәтінді енгізу үшін әдепкі пернетақта түрін таңдаңыз.

## Google voice typing

Дауыспен енгізу параметрлерін өзгерту үшін  опциясын түртіңіз.

- **Choose input languages:** мәтінді енгізу үшін енгізу тілдерін таңдаңыз.
- **Block offensive words:** құрылғыны дауыспен енгізулерде дөрекі сөздерді танымайтын ету үшін реттеу.
- **Download offline speech recognition:** дербес күйде дауыспен енгізу үшін тіл деректерін жүктеу және орнату.

## Samsung пернетақтасы

Samsung пернетақтасының параметрлерін өзгерту үшін  опциясын түртіңіз.



Аймаққа немесе қызмет көрсетушіге байланысты қол жетімді опциялар өзгеріп отыруы мүмкін.

- **Әліпбилер:** пернетақта орналасуын өзгертіңіз.
- **Сандар мен таңбалар:** пернетақта орналасуын өзгерту.
- **Тілдер енгізу:** мәтінді енгізу үшін тілдерді таңдаңыз.

- **Болжайтын мәтін:** енгізуге байланысты сөздерді болжау және сөз ұсыныстарын көрсету үшін болжалды мәтін режимін іске қосыңыз. Сондай-ақ, сөздерді болжау параметрлерін теңшеуге болады.
- **Созылмалы енгізу:** құрылғыны мәтінді Qwerty пернетақтасын жанап өту арқылы енгізу үшін реттеу.
- **Жүгіргіні басқару:** жүгіргіні пернетақтаны жылжыту арқылы жылжыту үшін смарт пернетақтаны шарлау мүмкіндігін қосыңыз немесе өшіріңіз.
- **Пернені түрту дірілі:** құрылғыны пернені түрткенде дірілдеуге орнатыңыз.
- **Пернені түрту дыбысы:** құрылғыны пернені түрткенде дыбыс шығаратын етіп орнатыңыз.
- **Қолмен жазу:** тану уақыты, қаламсап қалыңдығы немесе қаламсап түсі сияқты қолмен жазу режимінің параметрлерін теңшеңіз.
- **Қосымша:**
  - **Бас әріптерді автоматты қолдану:** құрылғыны нүкте, сұрақ белгісі немесе леп белгісі сияқты соңғы тыныс белгісінен кейін бірінші таңбаны автоматты түрде бас әріп етуге орнатыңыз.
  - **Бос орынды автоматты түрде қосу:** құрылғыны сөздердің арасында бос орынды автоматты түрде кірістіруге реттеу.
  - **Тыныс белгілерін автоматты қою:** құрылғыны бос орын пернесін екі рет түрткенде нүктені кірістіретін етіп орнатыңыз.
  - **Таңбаларды қарап шығу:** құрылғыны түртілген әр таңбаның үлкен суретін көрсетуге орнатыңыз.
- **Оқулық:** Samsung пернетақтасының көмегімен мәтінді енгізу туралы мәліметтер алыңыз.
- **Параметрлер қалп. келтіру:** Samsung пернетақтасының параметрлерін алып тастау.

## Дауыс тану құралы

Дауыс тану механизмін таңдаңыз.



Бұл мүмкіндік дауысты тану қолданбасын пайдаланғанда көрсетіледі.

## Дауыспен іздеу

Samsung дауыспен тану механизмі үшін келесі опцияларды пайдаланыңыз:

- **Language:** дауысты тану үшін тілді таңдаңыз.
- **Open via the home key:** құрылғыны бастапқы түймесін екі рет түрту арқылы **S Voice** қолданбасын іске қосу үшін орнатыңыз.
- **Use location data:** құрылғыны дауыспен іздеу нәтижелері үшін орын туралы ақпаратты пайдалану үшін орнатыңыз.


- **Hide offensive words:** дауыспен іздеу нәтижелерінен дөрекі сөздерді жасыру.
- **Help: S Voice** анықтама ақпаратына қол жеткізу.
- **About:** нұсқа туралы ақпаратты көру.
- **Voice control:** қолданбаларды дауыстық пәрмендер арқылы басқару.
- **Show body of message:** құрылғыны жүргізу режимінде болғанда жаңа хабардың мәтінін көру үшін орнатыңыз.
- **Wake up command:** құрылғыны **S Voice** қолданбасын пайдаланып жатқанда ояту пәрменін айту арқылы дауысты тануды бастау үшін орнатыңыз.
- **Wake up in lock screen:** құрылғы экран құлыптаулы кезде ояту пәрменін тануы үшін орнатыңыз.
- **Set wake-up command: S Voice** қолданбасын іске қосу немесе көрсетілген функцияны орындау үшін ояту пәрменін орнатыңыз.
- **Check missed events:** құрылғыны **S Voice** қолданбасы құлақаспап түймешігін басу арқылы іске қосылғанда, жіберілген оқиғаларды тексеру үшін орнатыңыз.
- **Home address:** дауыстық пәрмендер мүмкіндігімен бірге орын туралы ақпаратты пайдалану үшін үй мекенжайын енгізіңіз.
- **Log in to Facebook:** Facebook қызметін **S Voice** қолданбасының көмегімен пайдалану үшін Facebook тіркелгісінің ақпаратын енгізіңіз.
- **Log in to Twitter:** Twitter қызметін **S Voice** қолданбасының көмегімен пайдалану үшін Twitter тіркелгісінің ақпаратын енгізіңіз.

Google дауысты тану жүйесінде келесі опцияларды пайдаланыңыз:

- **Language:** дауысты тану үшін тілді таңдаңыз.
- **Speech output:** құрылғыны ағымдағы әрекет туралы ескертетін дауыстық жауапты беруге орнатыңыз.
- **Block offensive words:** дауыспен іздеу нәтижелерінен дөрекі сөздерді жасыру.
- **Download offline speech recognition:** дербес күйде дауыспен енгізу үшін тіл деректерін жүктеу және орнату.
- **Bluetooth headset:** құрылғыны құрылғыға қосылған болса Bluetooth құлақаспабының көмегімен дауыстық іздеуге рұқсат етуге реттеу.



## Мәтіннен сөйлеуге опция

- **Таңдаулы TTS механизмі:** сөзді синтездеу механизмін таңдаңыз. Сөзді синтездеу механизмдерінің параметрлерін өзгерту үшін  опциясын түртіңіз.
- **Сөйлеу жылдамдығы:** мәтінді сөзге түрлендіру мүмкіндігі үшін жылдамдықты таңдаңыз.
- **Мысал тыңдау:** мысал үшін сөйленген мәтінді тыңдаңыз.

## Меңзер жылдамдығы

Құрылғыға қосылған тінтуірдің немесе трекпадтың меңзер жылдамдығын реттеу.

## Қозғалыстар мен қимылдар

Қозғалысты тану мүмкіндігін белсендіріңіз және құрылғыда қозғалысты тануды басқаратын параметрлерді өзгертіңіз.

- **Қозғалыс:**
  - **Масштаб:** құрылғыны **Галерея** ішіндегі суреттерді көру кезінде екі нүктені саусақтармен түртіп, ұстап тұрып, содан кейін құрылғыны артқа және алға еңкейткенде үлкейтуге немесе кішірейтуге реттеу.
  - **Белгішені жылжыту:** құрылғыны элементті түртіп, ұстап тұрып, құрылғыны солға немесе оңға қозғалтқанда, элементті басқа бетке жылжитатын етіп реттеу.
  - **Суретті шолу:** құрылғыны сурет үлкейтілген кезде құрылғыны кез келген бағытта жылжыту арқылы суретте жылжуға реттеу.
- **Алақан қимылы:**
  - **Экранды суретке түсіру:** құрылғыны қолмен экран үстінде солға немесе оңға жанап өткенде экран суретін түсіру үшін реттеу.
  - **Дыбыс. өшіру/үзіліс:** құрылғыны алақанмен түрту экранды алақанмен түрткенде мультимедианы ойнатуды кідіртуге реттеу.
- **Гироскопты калибрлеу:** гироскопты құрылғы бұрылуды дұрыс тани алатындай калибрлеңіз.



- Калибрлеу кезінде құрылғыны қимылдамайтын жерге қойыңыз. Құрылғы калибрлеу кезінде дірілдесе немесе қозғалса, калибрлеу процесі сәтсіз болуы мүмкін.
- Еңкейткенде не қозғалыстарды немесе қозғалыс қосылған ойындарды панорамалағанда кездейсоқ не мақсатталмаған қозғалыстар туындаса гироскопты калибрлеңіз.

## Дауыспен басқару

Опцияларды дауыстық пәрмендермен басқару параметрлерін өзгертіңіз.

## Тіркелгі

### Тіркелгі қосу

Электрондық пошта немесе SNS есептік жазбаларын қосыңыз.

### Cloud

Samsung есептік жазбасымен немесе Dropbox бұлт қоймасымен деректерді немесе файлдарды синхрондау параметрлерін өзгертіңіз.

### Сақтық көшірме және қалпына келтіру

Параметрлерді және деректерді басқару параметрлерін өзгертіңіз.

- **Дер-імнің сақ. көш. жасау:** құрылғыны Google серверіне параметрлердің және қолданба деректерінің сақтық көшірмесін жасау үшін реттеу.
- **Есептік жазбаның сақтық көшірмесін жасау:** Google сақтық көшірме есептік жазбасын орнату немесе өңдеу.
- **Автоматты қалпына келтіру:** құрылғыны құрылғыда қолданбаларды қайта орнатқанда параметрлерді және қолданба деректерін қалпына келтіру үшін реттеу.
- **Зауыттық деректер қалпына келтірілген:** параметрлердің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіру және барлық деректерді жою.

## Қосымша

Орын қызметтерінің, қауіпсіздік параметрлерін және басқа опцияларды реттеңіз.

## Орын қызметтері

Орын туралы ақпарат рұқсаттарының параметрлерін өзгертіңіз.

- **Орынға өту:** құрылғыны қолданбаларға ағымдағы орныңыз туралы ақпаратты пайдалануға рұқсат етуге реттеу.
- **GPS жерсеріктерін пайдалану:** құрылғыны ағымдағы орынды табу үшін GPS жерсерігін пайдалану үшін реттеу.
- **Сымсыз желілерді пайдалану:** құрылғыны орын туралы деректерді жинауға немесе Wi-Fi немесе мобильді желі арқылы жоғалған немесе ұрланған құрылғының орнын анықтауға рұқсат етуге реттеу.
- **Менің орындарым:** GPS, Wi-Fi немесе Bluetooth мүмкіндіктерін ағымдағы орынды табу үшін пайдаланғанда белгілі бір орындар үшін пайдаланылатын профильдерді орнату.

## Қауіпсіздік

Құрылғыны және SIM немесе USIM картасын қорғау үшін параметрлерді өзгертіңіз.

- **Құрылғыны шифрлау:** құрылғыда сақталған деректерді шифрлау үшін құпия сөзді орнатыңыз. Құрылғыны қосқан сайын құпия сөзді енгізу керек.



Бұл параметрді қосу алдында батареяны зарядтаңыз, өйткені деректерді шифрлау бір сағаттан көбірек уақыт алуы мүмкін.

- **Сыртқы SD картасын шифрлаңыз:** құрылғыны жад картасында файлдарды шифрлау үшін реттеу.



Осы параметр қосулы кезде құрылғының зауыттық параметрлерін қалпына келтірсеңіз, құрылғыны шифрланған файлдарды оқи алмайды. Құрылғының параметрлерін қалпына келтіру алыднда бұл параметрді өшіріңіз.

- **Қашықтағы басқару элемен.:** құрылғыны интернет арқылы жоғалған немесе ұрланған құрылғыны қашықтан басқаруға рұқсат ету үшін реттеу. Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін Samsung есептік жазбасына кіру керек.
  - **Есептік жазбаны тіркеу:** Samsung есептік жазбасын қосу немесе көру.
  - **Сымсыз желілерді пайдалану:** құрылғыны орын туралы деректерді жинауға немесе Wi-Fi немесе мобильді желі арқылы жоғалған немесе ұрланған құрылғының орнын анықтауға рұқсат етуге реттеу.
- **SIM өзгерту сигналы:** жоғалған немесе ұрланған кезде құрылғыны табуға көмектесетін «Мобильді телефонымды табу» мүмкіндігін қосыңыз немесе өшіріңіз.

- **"Ұялы телефонымды табу" веб-бетіне өту:** «Ұялы телефонымды табу» веб-сайтына ([findmymobile.samsung.com](http://findmymobile.samsung.com)) қол жеткізу. «Ұялы телефонымды табу» веб-сайтында жоғалған немесе ұрланған құрылғыны бақылауға және басқаруға болады.
- **SIM картасының құлпын реттеу:**
  - **SIM картасын кілттеу:** құрылғыны пайдалану алдында PIN кодын талап ету үшін PIN құлып мүмкіндігін іске қосу немесе өшіру.
  - **SIM картасының PIN кодын өзгерту:** SIM немесе USIM деректеріне қол жеткізу үшін пайдаланылатын PIN кодын өзгерту.
- **Құпиясөздерді көрінетін ету:** құрылғыны енгізген кезде құпия сөздерді көрсетуге орнатыңыз.
- **Құрылғы әкімшілері:** құрылғыда орнатылған құрылғы әкімшілерін көру. Құрылғы әкімшілеріне құрылғыға жаңа саясаттарды қолдануға рұқсат етуге болады.
- **Белгісіз көздер:** қолданбаларды кез келген көзден орнату үшін таңдаңыз. Таңдалмаған болса, қолданбалар тек **Play Store** сайтынан жүктеледі.
- **Бағдарламаларды тексеру:** бұл опцияны Google қызметіне орнатпай тұрып қолданбада зиянды әрекеттер бар-жоғын тексеруге рұқсат ету үшін орнатыңыз.
- **Сенімді ес. жазба мәліметтері:** әр түрлі қолданбаларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін куәліктер мен есептік жазба мәліметтерін пайдалану.
- **Құрылғы жадынан орнату:** USB жадында сақталған шифрланған куәліктерді орнату.
- **Есеп. жазба мәліметтерін өшіру:** құрылғыдан есептік жазба мәліметтері мазмұнын өшіру және құпия сөзді алып тастау.

## Қосымша реттегіші

Құрылғыдағы бағдарламаларды қараңыз және басқарыңыз.

## Батарея

Құрылғы тұтынған батарея қуатының мөлшерін көріңіз.

## Қуат

Қуатты үнемдеу режимін іске қосыңыз және қуатты үнемдеу режимінің параметрлерін өзгертіңіз.

- **Автоматты өшіру:** құрылғы өшпей тұрып күтетін уақыт ұзақтығын орнату.



- Егер экранды ұстамасаңыз немесе түймелер алдын ала орнатылған уақыт аралығында басылмаса, құрылғы автоматты түрде өшеді. Әрі қарай пайдалану үшін ұзағырақ уақыт кезеңін таңдаңыз.
- Бұл мүмкіндік бейнелер ойнату немесе музыка тыңдау кезінде ажыратылады.
- Осы мүмкіндікті қосу арқылы батарея қуатын үнемдеуге болады.

- **Қуат үнемдеу режимі:**

- **CPU қуат үнемдеу:** құрылғыны кейбір жүйелік ресурстарды пайдалануды шектеуге орнатыңыз.
  - **Экран қуатын үнемдеу:** құрылғыны дисплей ашықтығын азайтуға орнатыңыз.
  - **Жанасу пікірін өшіріңіз:** құрылғыны пернелерді түрткенде дірілді өшіруге орнатыңыз.
  - **Қуат үнемдеу режимі туралы оқып біліңіз:** батарея қуатын тұтынуды азайту жолын біліңіз.
- **Жылдам қосу:** бұны белсендіру құрылғының келесі 24 сағатта жылдам іске қосылуына әкеледі.

## Сақтау орны

Құрылғының жад және жад картасы туралы ақпаратын көріңіз немесе жад картасын пішімдеңіз.



Жад картасын пішімдеу ондағы деректердің барлығын біржолата жояды.



Ішкі жадтың нақты қол жетімді сыйымдылығы көрсетілгеннен аз, себебі амалдық жүйе мен әдепкі қолданбалар жад орнының бір бөлігін алады. Қол жетімді бос орын құрылғыны жаңартқанда өзгеруі мүмкін.

## Күні және уақыты

Құрылғының уақыт пен күнді көрсету жолын басқару үшін келесі параметрлерге қол жеткізіп, өзгертіңіз.



Батарея толығымен таусылған немесе құрылғыдан алып тасталған күйде қалса, уақыт пен күн алып тасталады.

- **Автоматты күн мен уақыт:** уақыт белдеулері арқылы өткенде, уақыт пен күнді автоматты түрде орнату.
- **Күнді орнату:** ағымдағы күнді қолмен орнату.
- **Уақытты орнату:** ағымдағы уақытты қолмен орнату.
- **Автоматты уақыт белдеуі:** құрылғыны уақыт белдеулері арқылы өткенде желіден уақыт белдеуі туралы ақпаратты алу үшін реттеу.
- **Уақыт белдеуін таңдау:** жергілікті уақыт белдеуін орнату.
- **24 сағаттық пішімді пайдалану:** уақытты 24 сағаттық пішімде көрсету.
- **Күн пішімін таңдау:** күн пішімін таңдау.

## Құрылғы туралы

Құрылғы ақпаратына кіру және құрылғының бағдарламалық құралын жаңарту.

## Google Settings

Бұл қолданбаны Google қамтамасыз еткен кейбір мүмкіндіктердің параметрлерін реттеу үшін пайдаланыңыз.

Қолданбалар экранында **Google Settings** опциясын түртіңіз.

# Қосымша қолданбалар

Мына қолданбаларды пайдалану алдында оларды жүктеп алу керек.

- Paper Artist
- Samsung Link
- Sphere
- Story Album
- Бейне өңд.

Бастапқы экранда немесе Қолданбалар экранында қолданба белгішесін түртіңіз және оны жүктеп алу үшін экрандық нұсқауларды орындаңыз.



Аймаққа немесе қызмет көрсетушіге байланысты кейбір көрсетілген қолданбалар алдын ала жүктелген болуы мүмкін.


# Ақаулықтарды жою

Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласпас бұрын мына шешімдерді пайдаланып көріңіз. Кейбір жағдайлар құрылғыға қолданылмауы мүмкін.



## Нысанның көздері қызыл болып көрінеді

Нысанның көздері фотокамера жарқылының жарығын шағылыстырғанда қызыл көздер пайда болады.

- Жарқыл опциясын **Авто + қызыл көз** немесе **Қызыл көзді + белг.** мәніне орнатыңыз.
- Егер фотосурет түсірілген болса, **Галерея** ішіндегі  → **Өзгер.** → **Портрет** → **Қыз. көз түз** тармағын түртіңіз.



## Фотосуреттерде тозаң дақтары бар

Егер ауада тозаң бөлшектері бар болса, жарқыл пайдаланған кезде олар суретке түсіп қалуы мүмкін.

- Жарқылды өшіріңіз немесе тозаңды орында суретке түсірмеуге тырысыңыз.
- ISO сезімталдығын реттеңіз. (80-б.)



## Фотосуреттер бұлыңғыр

Егер жарығы төмен ортада сурет түсірсеңіз немесе құрылғыны дұрыс ұстамасаңыз, фотосуреттер бұлыңғыр болады.

- Нысанның фокусталғанын тексеру үшін Ысырма түймешігін жартылай басыңыз.
- Суретті тұрақтандыру опциясын орнатыңыз.
- Құрылғының дірілдеуіне жол бермеу үшін штативті пайдаланыңыз.





## Түнде түсірген кезде фотосуреттер бұлыңғыр болады

Құрылғы көбірек жарықты кіргізбек болғандықтан ысырма жылдамдығы төмендейді. Сол себепті таза сурет түсіру үшін құрылғыны ұзақ уақыт тұрақты ұстап тұру қиынға соғып, құрылғының дірілдеуі мүмкін.

- **Түн** параметрін интеллектуалды режимге қойыңыз.
- Жарқылды қосыңыз.
- ISO сезімталдығын реттеңіз. (80-б.)
- Құрылғының дірілдеуіне жол бермеу үшін штативті пайдаланыңыз.



## Артқы жарықтың себебінен нысандар қараңғы болып шығады

Жарық көзі нысанның артында тұрған кезде немесе жарық және қараңғы аймақтар арасындағы айырмашылық үлкен болса, нысан тым қараңғы болып шығуы мүмкін.

- Күнге қаратып сурет түсіруден сақтаныңыз.
- Жарқыл опциясын **Толтыру** параметріне орнатыңыз.
- Экспозиция мәнін реттеңіз.
- Егер нысан кадрдың ортасында болса, өлшеу опциясын **Нүкте** параметріне орнатыңыз.

## Құрылғыны қоса алмаған кезде

- Батарея орнында екенін тексеріңіз. (15-б.)
- Батареяны ауыстырыңыз.

## Фотосуреттерді немесе бейнелерді түсіру мүмкін болмағанда

- Жад толған болуы мүмкін. Қажетсіз файлдарды өшіріңіз немесе жаңа жад картасын енгізіңіз.
- Жад картасын пішімдеңіз.
- Жад картасы бұзылған болуы мүмкін. Жаңа карта сатып алыңыз.
- Құрылғы қосулы екенін тексеріңіз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Батарея орнында екенін тексеріңіз. (15-б.)

## Жарқыл жұмыс істемегенде

- Жарқылды шығару үшін жарқыл шығару түймешігін басыңыз.
- Жарқыл опциясы **Өшірілген** күйінде болуы мүмкін. (86-б.)
- Кейбір режимдерде жарқыл өшірулі болады.

## Жарқыл күтпеген кезде жарқ етсе

Жарқыл статикалық электр тогына байланысты кенеттен жарқ етуі мүмкін. Құрылғы жұмысы зақымдалмаған.

## Фотосуреттегі түстер негізгі көрініске сәйкес келмесе

Жарық көзіне сәйкес келетін ақ түс балансы опциясын таңдаңыз. (81-б.)

## Фотосурет тым жарық болса

- Жарқылды өшіріңіз. (86-б.)
- ISO сезімталдығын реттеңіз. (80-б.)
- Экспозиция мәнін реттеңіз. (79-б.)

## Фотосурет тым қараңғы болса

- Жарқылды қосыңыз. (86-б.)
- ISO сезімталдығын реттеңіз. (80-б.)
- Экспозиция мәнін реттеңіз. (79-б.)

## **Құрылғыны қосқанда немесе құрылғыны пайдаланып жатқанда, ол келесі кодтардың біреуін енгізуді сұрайды:**

- Құпия сөз: құрылғыны құлыптау мүмкіндігі іске қосылған кезде, сіз құрылғы үшін орнатылған құпия сөзді енгізуіңіз керек.
- PIN коды: құрылғыңызды алғаш қолданар алдында немесе PIN кодының талабы іске қосылған кезде сіз SIM немесе USIM картасымен бірге берілген PIN кодын енгізуіңіз керек. Бұл мүмкіндікті SIM картасын кілттеу мәзірін пайдалана отырып өшіруге болады.
- PUK: сіздің SIM немесе USIM картаңыз бұғатталса, әдетте бұл PIN кодыңызды бірнеше мәрте дұрыс енгізбегендіктен болады. Сіз қызмет провайдеріңіз берген PUK кодын енгізуіңіз керек.
- PIN2: PIN2 кодын қажет ететін мәзірге қол жеткізгенде, SIM немесе USIM картасымен бірге берілген PIN2 кодын енгізу керек. Мәліметтерді алу үшін қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.

## **Құрылғыны желілік немесе қызмет қатесі туралы хабарларды көрсетеді**

- Сигналдар әлсіз немесе қабылдау нашар аумақтарда болғанда қабылдау жоғалуы мүмкін. Басқа аумаққа жылжып, әрекетті қайталаңыз. Жылжытқан кезде қате хабарлары қайта-қайта пайда болуы мүмкін.
- Жазылымсыз кейбір опцияларға қол жеткізу мүмкін емес. Мәліметтерді алу үшін қызмет көрсетушіге байланысыңыз.

## **Құрылғы қосылмайды**

- Батарея заряды толығымен таусылған кезде құрылғы қосылмайды. Құрылғыны қоспас бұрын батареяны толық зарядтаңыз.
- Батарея дұрыс салынбаған болуы мүмкін. Батареяны қайта салыңыз.
- Сары түсті контактілерді сүртіңіз және батареяны қайта салыңыз.

## Сенсорлық экран баяу немесе дұрыс емес жауап береді

- Егер сенсорлық экранға қорғағыш қаптаманы немесе қосымша қосалқы құралдарды тіркесеңіз, сенсорлық экран дұрыс істемеуі мүмкін.
- Егер қолғап кисеңіз, сенсорлық экранды ұстаған кезде қолыңыз таза болмаса немесе егер экранды үшкір затпен немесе тырнағыңыздың ұшымен түртсеңіз, сенсорлық экран дұрыс істемеуі мүмкін.
- Сенсорлық экран ылғалды жерлерде немесе су тигенде дұрыс істемей қалуы мүмкін.
- Барлық уақытша бағдарлама қетелерін жою үшін құрылғыны қайта іске қосыңыз.
- Құрылғының бағдарламалық жасақтамасы соңғы нұсқаға дейін жаңартылғанына көз жеткізіңіз.
- Сенсорлық экран сызылса немесе зақымданса, Samsung қызмет көрсету орталығына алып барыңыз.

## Құрылғы тұрып қалады немесе жөнделмейтін қателер орын алады

Егер құрылғы тұрып қалса, қайтадан жұмыс істеуі үшін бағдарламаларды жабу немесе батареяны қайта салып, құрылғыны қосу қажет болуы мүмкін. Құрылғы тұрып қалса және жауап бермей жатса, қайта жүктеу үшін Қуат түймесін 6-8 секунд бойы басып тұрыңыз.

Егер бұл мәселені шешпесе, зауыттық деректерді қалпына келтіруді орындаңыз. Қолданбалар экранында **Қондырғы-р** → **Тіркелгі** → **Сақтық көшірме және қалпына келтіру** → **Зауыттық деректер қалпына келтірілген** → **Құрылғыны қалпына келтіру** → **Бәрін жою** тармағын түртіңіз. Зауыттық деректер ысыруын орындамас бұрын құрылғыда сақталған барлық маңызды деректердің сақтық көшірмелерін жасауды ұмытпаңыз.

Егер ақаулық бәрібір шешілмесе, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Батарея белгішесі бос

Батарея заряды аз. Батареяны зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз.

## **Батарея дұрыс зарядталмайды (Samsung рұқсат еткен зарядтағыш үшін)**

- Зарядтағыш дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Егер батарея түйіспелері лас болса, батарея дұрыс зарядталмауы мүмкін немесе құрылғы өшуі мүмкін. Сары түсті контактілерді сүртіңіз және батареяны қайта зарядтаңыз.
- Кейбір құрылғылардағы батареяларды пайдаланушы ауыстыра алмайды. Батареяны ауыстырту үшін Samsung қызмет көрсету орталығына алып барыңыз.

## **Батарея қуаты сатып алған кезден жылдамырақ бітеді**

- Батареяға өте суық немесе өте ыстық температуралар әсер еткен кезде пайдалы заряды азаюы мүмкін.
- Батареяны тұтыну хабар алмасу мүмкіндіктерін немесе ойындар немесе Интернет сияқты кейбір бағдарламаларды пайдаланған кезде ұлғаяды.
- Батарея шығындалады және пайдалы заряды уақыт өте келе қысқарады.

## **Құрылғыны түрткен кезде, ол ыстық**

Көбірек қуатты қажет ететін қолданбаларды пайдаланғанда немесе құрылғыдағы қолданбаны ұзақ уақыт бойы пайдаланғанда, құрылғыны түрткенде, ол ыстық болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және құрылғының қызмет мерзіміне немесе өнімділігіне әсер етпеуі тиіс.

## **Камераны іске қосқанда қате туралы хабарлар көрсетіледі**

Камера қолданбасын пайдалану үшін құрылғыда жеткілікті қол жетімді жад және батарея қуаты болуы керек. Егер камераны іске қосқанда қате туралы хабарларды алсаңыз, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Батареяны зарядтаңыз немесе толығымен зарядталған батареямен ауыстырыңыз.
- Файлдарды компьютерге көшіру немесе құрылғыдан жою арқылы орын босатыңыз.
- Құрылғыны қайта іске қосыңыз. Егер осы кеңестерді қолданып көргеннен кейін камера қолданбасында әлі мәселе бар болса, Samsung сервис орталығына хабарласыңыз.

## Фотосурет сапасы алдын ала қараудан нашарлау

- Фотосуреттердің сапасы қоршаған ортаға және пайдаланылатын фотосурет түсіру әдістеріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.
- Егер фотосуретті қараңғы жерде, түнде немесе сыртта түсірсеңіз, кескін бұрмалануы орын алуы мүмкін немесе кескіндер фокустан тыс болуы мүмкін.

## Мультимедиалық файлдарды ашқанда қате туралы хабарлар пайда болады

Егер құрылғыдағы мультимедиалық файлдарды ашқанда қате туралы хабарларды алсаңыз немесе файлдар ойнатылмаса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Файлдарды компьютерге көшіру немесе құрылғыдан жою арқылы орын босатыңыз.
- Музыка файлы DRM арқылы қорғалмағанынан көз жеткізіңіз. Егер файл DRM арқылы қорғалған болса, файлды ойнату үшін тиісті лицензия немесе кілт бар екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының файл түрін қолдайтынына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы құрылғымен түсірілген фотосуреттерге және бейнелерге қолдау көрсетеді. Басқа құрылғылар арқылы түсірілген фотосуреттер және бейнелер дұрыс істемеуі мүмкін.
- Құрылғы желілік қызмет көрсетуші немесе қосымша қызметтер көрсетушілері рұқсат еткен мультимедиалық файлдарға қолдау көрсетеді. Рингтон, бейне немесе тұсқағаз сияқты Интернетте таралатын кейбір мазмұн дұрыс істемеуі мүмкін.

## Екінші Bluetooth құрылғысы анықталмады

- Құрылғыда Bluetooth сымсыз мүмкіндігі іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Қосылғыңыз келетін құрылғыда Bluetooth сымсыз мүмкіндігі іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы мен екінші Bluetooth құрылғысы ең үлкен Bluetooth ауқымының (10 м) ішінде екеніне көз жеткізіңіз.

Егер жоғарыдағы кеңестер мәселені шешпесе, Samsung сервис орталығына хабарласыңыз.

## **Құрылғыны компьютерге қосқан кезде байланыс орнатылмайды**

- Қолданып жатқан USB кабелінің құрылғыңызбен сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.
- Компьютердегі тиісті драйвердің орнатылғанына және жаңартылғанына көз жеткізіңіз.
- Егер Windows XP пайдаланушысы болсаңыз, компьютерде Windows XP 3 жаңарту бумасы немесе одан жоғары нұсқа орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Компьютерде Samsung Kies 2.0 я болмаса Windows Media Player 10 немесе одан жоғары нұсқасы орнатылғанын тексеріңіз.

## **Құрылғы ағымдағы орынды таба алмайды**

GPS сигналдарына сырттағы кейбір орындарда кедергі келтірілуі мүмкін. Осы жағдайларда ағымдағы орынды табу үшін құрылғыны Wi-Fi немесе ұялы желіні пайдалануға теңшеңіз.

## **Құрылғыда сақталған деректер жоғалған**

Құрылғыда сақталған барлық маңызды деректердің сақтық көшірмелерін жасаңыз. Әйтпесе, егер деректер бүлінсе немесе жоғалса, оларды қалпына келтіру мүмкін емес. Samsung компаниясы құрылғыда сақталған деректер жоғалуы үшін жауапты болмайды.


## **Құрылғы корпусының сыртының айналасында шағын саңылау пайда болады**

- Бұл саңылау — өндіру мүмкіндігі үшін қажет және біраз аздаған шайқалау немесе бөліктердің дірілдеуі орын алуы мүмкін.
- Уақыт өте келе, бөліктер арасындағы сүйкелу саңылауды біраз кеңейтуі мүмкін.

# Құрылғыны тазалау

## Камера объективі және дисплей

Шаңды кетіру үшін пневматикалық щетканы пайдаланыңыз, сонан соң объективті жұмсақ матамен сүртіңіз. Егер шаң қалып кетсе, объектив тазалайтын қағазға объектив тазалауға арналған сұйықтықты құйып, ақырын сүртіңіз.



## Кескін сенсоры

Түрлі түсіру жағдайларына қарай фотосуреттерде көрінуі мүмкін, себебі кескін сенсорына сыртқы орта әсер етеді. Бұл қалыпты нәрсе және шаң әсері камеранының күнделікті пайдалануы кезінде орын алады. Сенсордың тазалау функциясы арқылы шаңды сенсордан сүртуге болады. (99-б.) Егер сенсорды тазалағаннан кейін шаң кетпесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Үргішті объективтің бекіту саңылауына салмаңыз.

## Камера корпусы

Жұмсақ, құрғақ шүберекпен ақырын сүртіңіз.



Құрылғыны тазалау үшін ешқашан бензинді, сұйылтқыштарды немесе алкогольді пайдаланбаңыз. Бұл ерітінділер құрылғыны зақымдауы немесе оның дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.




# Фотосурет түсіру ұғымдары

## Түсіру қалыптары

Камераны тұрақтандыру үшін дұрыс қалып жақсы фотосурет түсіру үшін қажет. Тіпті камераны дұрыс ұстасаңыз да, дұрыс емес қалып камераның дірілдеуіне әкелуі мүмкін. Камера үшін тұрақты негізді қамтамасыз ету үшін тік тұрыңыз және қозғалмаңыз. Ысырманың баяу жылдамдығында түсірген кезде дене қозғалысын барынша азайту үшін деміңізді ұстаңыз.

## Камераны ұстау

Камераны оң қолыңызбен ұстаңыз және оң жақ сұқ саусағыңызды Ысырма түймесіне орналастырыңыз. Сол қолыңызды тіреу үшін объектив астына орналастырыңыз.




## Тұрып фотосурет түсіру

Түсірілімді жиектеңіз, аяқ пен иығыңызды бөлек ұстап тік тұрыңыз және шынтағыңызды төмен қаратыңыз.




## Тізерлеп фотосурет түсіру

Түсірілімді жиектеңіз, бір тізеңізді бүгіп, жерге тигізіңіз және тік қалыпты сақтаңыз.



## Апертура

Камераға енетін жарық мөлшерін реттейтін ойық болып табылатын апертура экспозицияны белгілейтін үш факторлардың біреуі. Апертура тұрқысы апертура арқылы және камераға жарық өткізу үшін ашылатын және жабылатын жіңішке және метал тіліктерден құралады. Апертура өлшемі фотосурет жарықтығымен тығыз байланысты: апертура неғұрлым үлкен, фотосурет соғұрлым жарық; апертура неғұрлым кішкентай, фотосурет соғұрлым күңгірт.




Күңгірттеу фотосурет  
(апертура сәл ашылған)



Ашықтау фотосурет  
(апертура кең ашылған)

Апертура өлшемі F саны ретінде белгілі мән арқылы көрсетіледі. f саны объектив диаметріне бөлінген фокустық қашықтықты білдіреді. Мысалы, егер фокустық қашықтығы 50 мм объективтің f саны F2 болса, апертураның диаметрі 25 мм болады. ( $50 \text{ мм} / 25 \text{ мм} = F2$ ) f саны неғұрлым кішкентай болса, апертура өлшемі соғұрлым үлкен болады.

Апертурадағы саңылау экспозиция мәні (ЭМ) ретінде сипатталады. Экспозиция мәнін ұлғайту (+1 ЭМ) жарық мөлшерінің екі есеге көбеюін білдіреді. Экспозиция мәнін азайту (-1 ЭМ) жарық мөлшерінің жартылай бөлінетінін білдіреді. Экспозиция мәндерін 1/2, 1/3 ЭМ және т.б. бөліп, жарық мөлшерін дәл реттеу үшін экспозиция түзетілімі мүмкіндігін пайдалануға болады.



Экспозиция мәнінің қадамдары

## Апертура мәні және анық түсірілетін кеңістік тереңдігі

Апертураны реттеп, фотосуреттің артқы фонын бұлдыратуға немесе анық етуге болады. Ол кішкентай немесе үлкен деп анықталатын анық түсірілетін кеңістік тереңдігімен (DOF) тығыз байланысты.




Үлкен DOF бар фотосурет




Кішкентай DOF бар фотосурет

Апертура тұрқысында бірнеше қалақ бар. Бұл қалақтар бірге жылжиды және апертураның ортасы арқылы өтетін жарық мөлшерін реттейді. Қалақтар саны түнгі көріністерді түсіру кезінде жарық пішініне әсер етеді. Егер апертураның қалақтар саны жұп болса, жарық бөліктердің тең санына бөлінеді. Егер қалақтар саны тақ болса, бөліктер саны қалақтар санының екі есесі болады.

Мысалы, 8 қалағы бар апертура жарықты 8 бөлікке бөледі және 7 қалағы бар апертура 14 бөлікке.



7 қалақ




8 қалақ

## Ысырма жылдамдығы

Ысырма жылдамдығы ысырманы ашу және жабу үшін жұмсалатын уақыт мөлшерін білдіреді және фотосурет жарықтығында маңызды фактор болып табылады, себебі ол кескін сенсорына жетпес бұрын апертура арқылы өтетін жарық мөлшерін реттейді.

Әдетте, ысырма жылдамдығы қолмен реттеледі. Ысырма жылдамдығының өлшемі 1 с, 1/2 с, 1/4 с, 1/8 с, 1/15 с, 1/1000 с, 1/2000 с және т.б. аралықтарында белгіленетін экспозиция мәні (ЭМ) болып табылады.



Сондықтан, ысырма жылдамдығы неғұрлым жылдам болса, соғұрлым аз жарық енеді. Осылайша, ысырма жылдамдығы неғұрлым баяу болса, соғұрлым көп жарық енеді.

Төмендегі фотосуреттерде көрсетілгендей, ысырманың баяу жылдамдығы жарықтың енуіне көбірек уақыт жұмсайды, сондықтан фотосурет ашықтау көрінеді. Екінші жағынан, ысырманың жылдам жылдамдығы жарықтың енуіне аздау уақыт жұмсайды және фотосурет күңгірттеу көрінеді және қозғалыстағы нысандарды оңай қатырады.



0,8 с




0,004 с



## ISO сезімталдығы

Сурет экспозициясы камераның сезімталдығымен анықталады. Бұл сезімталдық ISO стандарттары ретінде белгілі халықаралық үлдір стандарттарына негізделген. Сандық камераларда бұл сезімталдық деңгейі сурет түсіретін сандық тетік сезімталдығын білдіру үшін пайдаланылады.

ISO сезімталдық сан екі есеге көбейгенде екі есе өседі. Мысалы, ISO 200 баптауы ISO 100 баптауының екі есе жылдамдығында фотосурет түсіре алады. Дегенмен, жоғарылау ISO баптаулары бұрмалануға әкелуі мүмкін. Жалпы, қараңғы ортада немесе түнде түсірмесеңіз, фотосуреттерде бұрмалануды болдырмау үшін төмен ISO баптауын пайдаланған жөн.



ISO сезімталдыққа қарай сапа мен жарықтық өзгерістері

Төмен ISO сезімталдығы камераның жарыққа аз сезгіш болатынын білдіргесін, оңтайлы экспозиция үшін көбірек жарық қажет. Төмен ISO сезімталдығын пайдаланған кезде камераға көбірек жарықтың енуі үшін апертураны көбірек ашыңыз немесе ысырма жылдамдығын азайтыңыз. Мысалы, жарық мол болатын шуақ күнде төмен ISO сезімталдығы ысырманың баяу жылдамдығын талап етпейді. Дегенмен, қараңғы жерде немесе түнде төмен ISO сезімталдығы және ысырманың баяу жылдамдығы фотосуретті бұлдыратады.



Штативпен және жоғары ISO сезімталдықпен түсірілген фотосурет



ISO сезімталдығы төмен бұлдыр фотосурет


# Апертура баптауы, ысырма жылдамдығы және ISO сезімталдықты басқару

## ЭКСПОЗИЦИЯСЫ

Апертура баптауы, ысырма жылдамдығы және ISO сезімталдық фотосурет түсіруде тығыз өзара байланысты. Апертура баптауы камераға енетін жарықты реттейтін саңылауды басқарады, ал ысырма жылдамдығы жарыққа еруге болатын уақыт ұзақтығын белгілейді. ISO сезімталдық үлдір жарыққа әрекет ететін жылдамдықты белгілейді. Бірге осы үш арақатынас экспозиция үшбұрышы ретінде сипатталады.

Ысырма жылдамдығы, апертура мәні немесе ISO сезімталдық өзгерісін жарық мөлшерін сақтау үшін басқа баптауларды реттеп түзетуге болады. Дегенмен, нәтижелері баптауларға қарай өзгереді. Мысалы, ысырма жылдамдығы қозғалысты білдіру үшін пайдалы, апертура анық түсірілетін кеңістік тереңдігін басқарады және ISO сезімталдық фотосурет түйіршіктілігін басқарады.

### Апертура мәні

Баптау	Нәтиже
<p>Кең апертура = көбірек жарық</p> <p>Тар апертура = аздау жарық</p>	 <p>Кең = кішкентай анық түсірілетін кеңістік тереңдігі</p> <p>Тар = үлкен анық түсірілетін кеңістік тереңдігі</p>

### Ысырма жылдамдығы

Баптау	Нәтиже
<p>Жылдам жылдамдық = аздау жарық</p> <p>Баяу жылдамдық = көбірек жарық</p>	 <p>Жылдам = қозғалыссыз Баяу = бұлдыр</p>

### ISO сезімталдығы


Баптау	Нәтиже
<p>Жоғары сезімталдық = жарыққа көбірек сезгіш</p> <p>Төмен сезімталдық = жарыққа аздау сезгіш</p>	 <p>Жоғары = көбірек түйіршікті Төмен = аздау түйіршікті</p>




## Фокустық қашықтық, бұрыш және перспектива арасындағы арақатынас

Миллиметрмен өлшенетін фокустық қашықтық объектив ортасы және фокустық нүктесі арасындағы қашықтық болып табылады. Ол түсірілген фотосуреттердің бұрышына және перспективасына әсер етеді. Қысқа фокустық қашықтық кең түсірілімдер жасау мүмкіндігін беретін кең бұрышқа аударылады. Ұзын фокустық қашықтық телефото түсірілімдерін жасау мүмкіндігін беретін тар бұрышқа аударылады.

### Қысқа фокустық қашықтық



### Ұзын фокустық қашықтық



Төмендегі фотосуреттерді қараңыз және өзгерістерді салыстырыңыз.



20 мм бұрыш



50 мм бұрыш



200 мм бұрыш



Негізінде кең бұрышты объектив пейзаждарды түсіру үшін жарамды және тар бұрышты объектив спорт шараларын немесе портреттерді түсіру үшін ұсынылады.

## Анық түсірілетін кеңістік тереңдігі

Адамдар тарапынан танымал портреттер немесе натюрморт фотосуреттері нысан айрықша көрсетілетін артқы фон фокустан тыс суреттер болып табылады. Фокусталған аумақтарға қарай фотосурет бұлдыр немесе анық болуы мүмкін. Бұл "төменгі DOF" немесе "жоғары DOF" деп аталады.

Анық түсірілетін кеңістік тереңдігі нысан айналасындағы фокусталған аумақ болып табылады. Сондықтан, кішкентай DOF фокусталған аумақтың тар екенін және үлкен DOF фокусталған аумақтың кең екенін білдіреді.

Нысанды айрықша және қалғанын бұлдыр көрсететін кішкентай DOF мүмкіндігі бар фотосуретке телескопиялық объектив арқылы немесе төмен апертура мәнін таңдап қол жеткізуге болады. Керісінше, фотосуреттегі барлық элементтерді анық фокусталған күйінде көрсететін үлкен DOF мүмкіндігі бар фотосуретке кең бұрышты объектив арқылы немесе жоғары апертура мәнін таңдап қол жеткізуге болады.



Кішкентай анық түсірілетін кеңістік тереңдігі



Үлкен анық түсірілетін кеңістік тереңдігі

## Фокустан тыс әсерлерді не реттейді?

### DOF апертура мәніне байланысты

Апертура неғұрлым кең болса (атап айтқанда апертура мәні төмен болса), DOF соғұрлым төмен болады. Ысырма жылдамдығы және ISO сезімталдық сияқты басқа мәндер тең болу шартымен төмен апертура мәні төмен DOF мүмкіндігі бар фотосуретке әкеледі.



50 мм F5.7



50 мм F22

## DOF фокустық қашықтыққа байланысты

Фокустық қашықтық неғұрлым ұзын болса, DOF соғұрлым төмен болады. Фокустық қашықтығы қысқа кең бұрышты объективке қарағанда фокустық қашықтығы ұзындау телескопиялық объектив төмен DOF мүмкіндігі бар фотосуретті түсіру үшін ыңғайлылау.



20 мм кең бұрышты объективпен түсірілген фотосурет



100 мм телескопиялық объективпен түсірілген фотосурет

## DOF нысан және камера арасындағы қашықтыққа байланысты

Нысан және камера арасындағы қашықтық неғұрлым қысқа болса, DOF соғұрлым төмен болады. Сондықтан, нысанға жақын фотосурет түсіру төмен DOF мүмкіндігі бар фотосуретке әкелуі мүмкін.



100 мм телескопиялық объективпен түсірілген фотосурет



Нысанға жақын түсірілген фотосурет

## Жиектеме


Камерамен дүниежүзінің әсемдігін фотосуретке түсіру керемет. Дегенмен, дүниежүзі қаншалықты әсем болғанымен, нашар жиектеме оның әсемдігін қамти алмайды.

Жиектемеге келсек, нысандар басымдығын белгілеу өте маңызды.

Фотосурет түсірудегі жиектеме фотосуреттегі нысандарды реттеуді білдіреді. Әдетте, үштік ережесін ұстану жақсы жиектемені береді.

## Үштік ережесі


Үштік ережесін пайдалану үшін суретті тең тіктөртбұрыштардың 3x3 үлгісіне бөліңіз.



Нысанды нақты көрсететін фотосуреттерді жиектеу үшін нысанның орталық тіктөртбұрыштың бір бұрышында орналасқанын тексеріңіз.




Үштік ережесін пайдалану жиектемелері тұрақты және сәйкес фотосуреттерді жасайды. Төменде бірнеше мысал берілген.



## Екі нысан фотосуреттері

Егер нысан фотосурет бұрышында болса, ол балансталмаған жиектемені жасайды. Фотосурет салмағын баланстау үшін қарсы бұрыштағы екінші нысанды түсіріп, фотосуретті тұрақтандыруға болады.




Тұрақсыз

Тұрақты

Пейзаж фотосуреттерін түсірген кезде көкжиекті ортасы бойынша туралау балансталмаған әсерді жасайды. Көкжиекті жоғары немесе төмен жылжытып, фотосуретке көбірек салмақ беріңіз.



Тұрақсыз



Тұрақты

## Жарық

Жарық фотосурет түсіруде ең маңызды құрамдастардың біреуі болып табылады. Дегенмен, кез келген уақытта және кез келген жерде жеткілікті жарық мөлшеріне қол жеткізу оңай емес. Жарқылды пайдалану жарық баптауларын оңтайландыру және әр түрлі әсерлерді жасау мүмкіндігін береді.

Строб немесе жылдам жарық ретінде белгілі жарқыл жарығы төмен шарттарда тиісті экспозицияны жасауға көмектеседі. Ол әрі жарығы мол жағдайларда пайдалы. Мысалы, жарқылды нысан көлеңкесінің экспозициясын түзетуде немесе артқы жағы жанып тұрған шарттарда нысанды және артқы фонды анық түсіруде пайдалануға болады.



Түзетуден бұрын



Түзеткеннен кейін

## Жарқылдың жетекші саны

Жарқылдың үлгі саны жарқыл қуатын білдіреді және жасалатын максималды жарық мөлшері жетекші саны ретінде белгілі мәнмен көрсетіледі. Жетекші саны неғұрлым үлкен болса, жарқылдан соғұрлым көп жарық беріледі. Жетекші саны ISO сезімталдық 100 мәніне орнатылған кезде жарқылдан нысанға дейінгі қашықтықты апертура мәніне көбейту арқылы алынады.

**Жетекші саны = жарқыл және нысан арасындағы қашықтық X апертура мәні**

**Апертура мәні = жетекші саны / жарқыл және нысан арасындағы қашықтық**

**Жарқыл және нысан арасындағы қашықтық = жетекші саны / апертура мәні**

Сондықтан, егер жарқылдың жетекші санын білсеңіз, жарқылды қолмен орнатқан кезде жарқыл және нысан арасындағы оңтайлы қашықтықты есептеуге болады. Мысалы, егер жарқылдың жетекші саны GN 20 болса және нысаннан 4 метр қашықтықта болса, оңтайлы апертура мәні F5.0 болады.

## Қатарынан фотосурет түсіру

Қатарынан фотосурет түсіру жарықтың нысан үстіне бірқалыпты таралуы үшін жарықты төбеден немесе қабырғадан ыршып түсіру әдісін білдіреді. Негізінде жарқылмен түсірілген фотосуреттер табиғи емес көрінуі мүмкін және көлеңкелер көрсетуі мүмкін. Қатарынан фотосурет түсірумен түсірілген нысандар ешбір көлеңке көрсетпейді және бірқалыпты таралған жарыққа байланысты тегіс көрінеді.





Ұялы камера

Samsung EK-GN120

Желі ішінде көшпелі радиотелефонды байланыс стандарттары жұмысына арналған

HSPA+ және HSUPA 850/900/1900/2100

LTE 800/850/900/1800/2100/2600

1 Аккумулятор\*:

Стандартты. Li-Ion, 4360 mAh

Тауардың қызмет көрсету мерзімі: 3 жылға дейін.

**Басты пайдаланушылық сипаттама:**

Жұмыс диапазондары HSPA+, HSUPA(850/900/1900/2100) , LTE

4,8" диагоналды, сенсорлық HD Super Clear LCD - дисплейі, 16 млн. түстер (720x1280 пикселей)

20 Мпикс камерасы, бейне ролик жазу функциясымен

Android 4.2 операциялық жүйесі, Play Store қосымшалар тізбесі

MP3-плеер, Exynos 1.6ГГц төрт ядросы бар процессор

Ішкі жады 16 Гб. Жад картасына арналған слот microSD 64 Гб дейін

WiFi 802.11 a/b/g/n, Bluetooth 4.0, USB 2.0,A-GPS+GLONASS

MMS/E-mail/IM

\*Аккумулятордың жұмыс уақыты ұялы желі конфигурациясына,

станциялық базаға дейінгі қашықтықтан, SIM-карта түрінен, жердің рельефінен және т.б байланысты.

**Қазақстан Республикасының аймағында пайдаланушылардың арыздарын қабылдайтын мекеме**

ЖШС "Самсунг Электроникс КЗ энд Централ Эйжа"

**Қазақстан Республикасының аймағында пайдаланушылардың арыздарын қабылдайтын мекемесінің мекен-жайы:**

Қазақстан Республикасы, Алматы,050059, Аль-Фараби к-сі, 36,

Алматы Қаржы Орталығы, Би ғимараты, 3 қабат

Қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл

Кепіл кепілдік талон шарты бойынша беріледі

Тауар Сертификатталған

Өндіруші

**Самсунг Электроникс Ко.Лтд.**

Өндірушінің мекен-жайы

Корея, Кёнги провинциясы, Сувон, 443-742

416, Маetan-ЗДонг, Ёнгтонг-Гу

Зауыттардың мекен-жайы

1. "Самсунг Электроникс Ко., Лтд", 94-1, Имсо-Донг, Гуми-Сити, Кунг-Бак, Корея, 730-350

2. "Тяньжин Самсунг Телеком Технолоджи Ко., Лтд", Вейву Рoad, Микроэлектроникс Индастриал Парк ТЕДА, Ксикивин Дистрикт Тяньжин 300385,Қытай

3. "Самсунг Электроникс Хуижоу Ко., Лтд.", Ченгианг таун, Хуижоу, Гуангдонг провинциясы,Қытай

4."Самсунг Электроникс Вьетнам Ко., Лтд.", Йенпхонг Ай, Йентранг КомьюнӨнеркәсіптік паркі,

Йенпхонг округі, Бэкнинх провинциясы, Вьетнам

Мобильная камера

Samsung EK-GN120

предназначена для работы в сетях подвижной радиотелефонной связи стандартов

HSPA+ и HSUPA 850/900/1900/2100

LTE 800/850/900/1800/2100/2600

1 Аккумулятор\*:

Стандартный, Li-Ion, 4360 mAh

Срок службы товара: 3 года

**Краткие характеристики:**

Рабочие диапазоны HSPA+, HSUPA (850/900/1900/2100), LTE(800/850/900/1800/2100/2600)

Сенсорный HD Super Clear LCD Display-дисплей 4,8", 16 млн. цветов (720x1280пикселей)

20 Мпикс камера со вспышкой, запись видеороликов

ОС Android 4.2, каталог приложений Play Store

MP3-плеер, четырёхъядерный процессор Exynos 1.6ГГц

Память 16 Гб. Слот для карт памяти microSD (до 64Gb)

WiFi 802.11 a/b/g/n, Bluetooth 4.0, USB 2.0, A-GPS+GLONASS

MMS/E-mail/IM

\*время работы аккумулятора зависит от конфигурации сотовой сети, расстояния до базовой станции, типа SIM-карты, рельефа местности и т.п.

**Организация, принимающая претензии на территории Республики Казахстан:**

ТОО "Самсунг Электроникс КЗ энд Централ Эйжа"

**Адрес организации, принимающей претензии на территории Республики Казахстан:**

Республика Казахстан, Алматы, 050059, пр. Аль-Фараби,36,

Алматинский Финансовый Центр, здание Би, 3 этаж

Срок службы: 3 года

Гарантия предоставляется в соответствии с условиями гарантийного талона

Товар Сертифицирован

Изготовитель:

**Самсунг Электроникс Ко.Лтд.**

Адрес изготовителя:

Корея, провинция Кёнги, Сувон, 443-742

416, Маetan-3Донг, Ёнгтонг-Гу

**Адреса заводов**

1. "Самсунг Электроникс Ко., Лтд", 94-1, Имсо-Донг, Гуми-Сити, Кунг-Бак, Корея, 730-350

2. "Тяньжин Самсунг Телеком Технолоджи Ко., Лтд", Вейву Род, Микроэлектроникс Индастриал Парк ТЕДА, Ксиквин Дистрикт Тяньжин 300385, Китай

3. "Самсунг Электроникс Хуижоу Ко., Лтд.", Ченжианг таун, Хуижоу, провинция Гуангдонг, Китай

4. "Самсунг Электроникс Вьетнам Ко., Лтд.", Промышленный парк Йенпхонг Ай, Йентранг

Комьон, округ Йенпхонг, провинция Бэкинх, Вьетнам

Аймаққа, қызмет көрсетушіге немесе бағдарламаға байланысты құрылғыдағы кейбір мазмұн басқаша болуы мүмкін, әрі алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

